

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XVII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 8

ПАВЛОДАР
2017

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.К., Эрнзаров Т.Я., Свидерский А.К., Каюмова М.С., Хан А.А., Шаймерден А.А.

Жауапты хатшылар:

Ажаев Г.С., Айгужина Д.З., Акильжанов Р.Р., Альмишева Т.У., Андреева О.А., Антикеева С.К., Байдрахманова М.Г., Бектуров К.Б., Бергузинов А.Н., Богомоллов А.В., Дубинец Н.А., Еликпаев С.Т., Ельмуратов Г.Ж., Ельмуратова Б.Ж., Жаксыбаев Д.О., Жаябаева Р.Г., Камшибаев Ж.Ж., Карипжанова Г.Т., Леньков Ю.А., Молдакимова А.С., Мусабекова Н.М., Мусаханова С.Т., Рахметова А.М., Самекин А.С., Сарсембаева Г.А., Титков А.А., Ткачук А.А., Төлеужанова А.Т., Туганова Б.С., Туртубаева М.О.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017.

ISBN 978-601-238-707-0
Т. 8 «Студенттер». – 2017. – 437 б.
ISBN 978-601-238-699-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-707-0 (Т. 8)
ISBN 978-601-238-699-8 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, с.ғ.д. А. Орсариевтің алғы сөзі

Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жыл сайын игі дәстүрден жаңылмай, «XVII Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы аясында жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының басын қосып келеді.

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мұраты: қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, аманат ету.

Қ.И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он жетінші мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың із басарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашаңырағы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға асық.

Уважаемые участники конференции!

Поздравляю вас с открытием международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения»!

Примечательно, что традиционно конференция проходит в стенах нашего вуза в канун дня науки.

Имя Каныша Имантаевича Сатпаева, великого казахского ученого, из года в год дает особый импульс для становления и развития наших молодых ученых, студентов, школьников. Это очень важно для нашего университета, ведь именно здесь сосредоточена региональная научная и творческая мысль нашего региона.

Ученый всегда ставил на главенствующее место, помимо, несомненно, науки, – нравственность, образование, культуру. Это те столпы, на которых основывается сейчас стратегия деятельности нашего государства. И наш университет самым фактом проведения подобных научных конференций показывает, что дело Сатпаева живет: все мы – организаторы, участники – вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в научной деятельности нашего земляка.

Самым упорным и целеустремленным из вас завтра предстоит стать продолжателями великого дела великого академика Каныша Сатпаева – дела, направленного на благо всего человечества.

Для многих этот день запомнится первой победой, а для кого-то – станет первой попыткой, «пробой пера», в будущей череде научных побед и открытий. Но одно то, что вы находитесь сейчас в этом торжественном зале, уже говорит о вас как о победителях!

Я твердо убежден в том, что в будущем вы пойдете по пути науки и просвещения.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

**С. Торайғыров атындағы ПМУ
ректоры, с.ғ.д. А. Өрсариев**

**1 Секция. Адам потенциалының жағдайы мен дамуы
1 Секция. Состояние и развитие человеческого потенциала**

**1.1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1.1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие**

**1.1.1 Қазіргі кезеңдегі білім беру үрдісінің барысы
1.1.1 Современный образовательный процесс**

**АГРЕССИЯСЫНЫҢ СИПАТЫ МЕН КӨРІНУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

АБУЛГОЖИНОВА Н. К.

студент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

ЕДІГЕНОВА А. Ж.

п.ғ.к., Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Агрессивтілік мәселесі бүгінгі психологияның маңызды мәселелерінің бірі. Адамның тұлға болып қалыптасуы қай уақытта болмасын көкейкесті мәселе. Оның үйлесімді дамуының қажетті шарты адамгершілік сана-сезімі және мінез-құлқының жиынтығын көрінетін рухани-адамгершілік тәрбиесі болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты - өзіндік ерекшеліктері бар, гуманистік құндылықтарды игерген, ізгілікті, ақыл-ойы дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық өзгерістер, белсенді тұлғаны қалыптастыру мақсаты, іс-әрекет пен мінез-құлықтың нақты субъектісіне қатысты агрессия мәселесі маңызды әлеуметтік қажеттілік ретінде күн тәртібінен алынбайды. Агрессивті мінез-құлық адам өмірінде көп орын алады, жас ерекшеліктеріне қарамастан барлық адам баласында көп кездесетін құбылыстардың бірі.

Агрессивті мінез-құлық – адам әрекетінің ерекше формасы, мұндай мінез-құлық субъектінің нұқсан келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысумен сипатталады. Агрессивті мінез-құлық қарқындылығы мен пайда болуы дәрежесі бойынша: жеккөрушілік, жактырмаушылықтан – тіл тигізуге (вербальдық агрессия) және дөрекі түрде күш қолдануға (физикалық агрессия) дейін түрленеді. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан келгенде:

жекелеген адамдардың агрессивті мінез-құлықтары жиынтығының, бұқаралық сипаттағы құбылыс ұғымының шеңберіндегі тұлғааралық агрессияның – топтық агрессияға айналуының мәні бар. Шетелдік психологияда агрессивтілік мінез-құлықтың пайда болуының, себеп-салдарларының сан алуан түсіндірмелері кездеседі. Агрессивті мінез-құлықтың нақты көріністерін түсіну үшін жеке тұлғалық және ұжымдық әрекеттің жалпы құрылымындағы оның орнын айқындап алған жөн. Мысалы, агрессивтік акт субъектінің қорғаныстық жауабына ұқсамауына, аффектің салдары еместігіне немесе агрессивті мінез-құлық өзіндік мақсат-мүдде мен мәнге ие болып, ерекше жеке тұлғалық және ұжымдық іс-әрекетке (ауытқыған, теріс мінез-құлық) көшуіне, т.б. баса назар аудару қажеттігі.

Агрессия – физикалық немесе психологиялық зиян немесе нұқсан келтіруге, басқа адамды немесе адамдар тобын жоюға бағытталған мінез-құлық, әрекет. Агрессия көп жағдайда субъектінің фрустрацияға (нақты немесе ойдан шығарылған кедергі) жауап әрекеті ретінде көрініп, ашу-ыза, өшпенділік, жек көру және т.б. эмоциялық ахуал сипатына көшеді. Бұл тәрізді реактивті агрессияның әр ыңғайдағы көрінісінен (экспрессивті агрессия, импульсивті агрессия, аффективті агрессия) біреуге мақсатты-саналы түрде зиян келтірілуімен сипатталатын өшпенділік агрессиясын және әрекет ету мақсаты бейтараптылықты, ал агрессия оған қол жеткізу құралы ретінде пайдаланатын инструментальды агрессияны айыра білу қажет. Субъектінің агрессивті мінез-құлқы – жеке тұлға агрессивтілігінің салыстырмалы түрдегі табанды ерекшелігі ретінде қарастырылады. Агрессивтілік деңгейі әлеуметтендіру процесіндегі оқып-үйретумен қатар, әлеуметтік жауапкершілік нормалары және агрессия актілері үшін жаза қолдану тәрізді аса маңызды мәдени-әлеуметтік нормаларға бағдар тұту ретінде де айқындалады. Бұл жерде жағдаяттық өзгермелілілік (айналадағылардың, ниет-пиғылдарын өзіндік қабылдау, қайтарма байланыс алу мүмкіндігі, қару-жарактың арандатушылық ықпалы, т.б.) маңызды рөл атқарады.

Агрессивті әрекет аутоагрессия сипатында (мыс., өзіне-өзі қол жұмсау, т.б.) субъектінің өзіне қарсы бағытталуы мүмкін. Агрессияның кейбір көрінісі қозғыш психопатия, паранойя, эпилепсия және т.б. тәрізді жеке тұлғаның даму үстіндегі патопсихологиялық белгілері ретінде көрінуі де ықтимал. Агрессивтіліктің өзін-өзі бақылауын қалыптастыруда және агрессивті актілерді кідірте тұруда басқа адамды бірегей құндылықтардың иесі деп танып, оны түсінуге тырысу, жаны ашу тәрізді субъект қабілетінің түп негізінде

жататын эмпатия, сәйкестендіру және орталықсыздандырудың психологиялық процестерінің маңызы зор [1; 2].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде және ұлттық энциклопедиясында да бұл ұғымға сипат бареді: агрессия – екінші бір мемлекеттің жерін басып алу үшін жасалатын басқыншылық шабуыл; агрессиялық – агрессияға тән, агрессияшыл; агрессияшыл – агрессияны жақтаушы, басқыншылық әрекетті қолдаушы; агрессор – агрессиялық әрекетті іске асырушы, басқыншы.

Агрессия ұғымын көптеген зерттеушілер тұлғаның қасиеті және мінез-құлықтың ерекше формасы деп сипаттайды. Агрессивті мінез-құлық – қоғамдағы қалыптасқан нормалар мен ережелерге қарсы, басқаға кедергі келтіру мақсатына бағытталған деструктивті мінез-құлық. Агрессия – бұл адамның физикалық және вербальды (сөздік) формадағы арнайы әрекеті. Агрессивтілік психологиялық сөздікте – адамның тұрақты қасиеті ретінде агрессивті мінез-құлыққа дайындығы деп қарастырылады. Мұндай мінез-құлық субъектінің зиян келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысумен сипатталады. Агрессивтік мінез-құлық қарқындылығы мен пайда болу дәрежесі бойынша психологиялық әдебиеттерде бірнеше түрлерге жіктеліп сипатталады, мәселен: жақтырмау, жеккөру, тіл тигізу немесе дөрекі түрде күш қолдану, сес көрсету т.б.

Адам және оның іс-әрекеттеріне қатысты болғандықтан агрессия мен агрессивтілік деп айтамыз, яғни олардың арасында белгілі бір айырмашылық бар. Қазіргі деректерде агрессияны - белгілі бір адамға немесе затқа жүйелі, ниетті түрде бағытталған зақым келтіретін іс-әрекеттер десе, агрессивтілік – бұл адамның агрессиялық әрекетке дайындығын білдіреді деп сипаттайды. Агрессивтілік әр адамда көрінетін қасиет, сондықтан белгілі күші бар. Әр адамда агрессивтілік қасиеті әр түрлі, бұл олардың алған тәрбиесіне және өскен ортасына байланысты. Агрессиясы ашық көрінетін адамдар, дау-жанжалдарға жиі ұрынады. Сондықтан адамның өз агрессивтілігі мен эмоциясын бақылаудың маңызы өте зор. Бірқатар авторлардың еңбектерінде агрессияның келесі түрлері жіктелген:

– физикалық және вербальді: физикалық агрессия – белгілі бір адамға немесе объектіге физикалық күш қолдану; вербальді – негативті сезімдерін дауыс арқылы (айқайлау), вербальді реакциялар (ұрысу, қарғау) арқылы жеткізу;

– тікелей және жанама: тікелей агрессия – белгілі адамға бағытталса; жанама агрессия – белгілі адамға жанама түрде қалжың, келенсіз сөздер және т.б. арқылы бағытталған іс-әрекеттер;

– сыртқы және ішкі агрессия: сыртқы агрессия – қоршаған адамдарға бағытталған; ішкі агрессия – өзін-өзі кінәләу, өзін сөгу, өзіне физикалық зақымдар жасау, өзіне қол салу т.б. түрінде көрінеді;

– қорғаныш агрессиясы және арандатқыш агрессия: қорғаныш агрессиясы – басқа адамның агрессивті мінез-құлқында пайда болатын агрессия; арандатқыш агрессия – агрессияны бірінші босатады немесе агрессия көзі болады;

– жауласу агрессиясы және инструменттік агрессия: жауласу агрессиясының негізі жындану болып табылады, оның басты мақсаты – зақым келтіру. Егер зақым келтіру негізгі мақсат болмай, белгілі бір нәтижеге жету жолы болса, онда бұл инструменттік агрессия болады.

– негізделген және деструктивті агрессия, мұнда агрессия шекараларын анықтау қиындық әкеледі. Егер агрессия дұрыс көрініп, жақсы нәтижеге келтірсе, онда бұл дұрыс агрессия; ал деструктивті агрессия болса, бұл оған қарама-қарсы сипатта болады.

Сол себепті бүгінгі таңда агрессия терең қарастыруды қажет етеді. Себебі агрессияның зияны мен қатар пайдасы да бар, олардың ара жігін ажырату қажет. Соңғы уақытта қоғамда көп байқалатын өшпенділік, қатыгездік, сес көрсету тәрізді мінез-құлықтың кейбір жағымсыз жақтары жиі байқалуда, сондықтан да бұл мәселе тереңірек зерттеуді талап етеді. Осындай ауытқушылық мінез-құлықтың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу психология ғылымының негізгі мәселесінің бірі болып табылады.

Бүгінде агрессиялық мінез-құлықтың табиғаты біршама зерттелді. Агрессияны зерттеудің практикадағы және әдебиеттердегі алуан түрлілігі бұл құбылысты және оның пайда болуына ықпал ететін факторларды, сонымен қатар адамның агрессивті мінез-құлқының құрылымы мен сипатын әр түрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Агрессияның табиғатын зерттеудің қазіргі заманғы теорияларында агрессивті мінез-құлық детерминанты ретінде қатысатын адамның тұлғалық ерекшеліктерінде баса назар аударылады. Бұл агрессиялық мінез-құлық құбылысын зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады және ол туралы білімді кеңейтеді, мұнда тұлғаның жеке дара және психологиялық қасиеттеріне ерекше назар аударылады, бұл жеке мәселе болып табылады.

Қазіргі кезде агрессивті мінез-құлықты зерттеуде әлеуметтік ғылыми зерттеу теориясы кең қолданылуда. Зерттеу барысында агрессияны тудырушы мен оның әлеуметтік ортасы туралы

мәліметтер жинап, бақылау жүргізіледі. Жоғарыда айтылғандар бойынша агрессияның табиғатына түсінік беретін келесі ойларды ұсынуға болады:

– агрессияның пайда болуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты болып келеді;

– агрессивтілік тіршілік үшін күрес барысында да пайда болуы мүмкін;

– агрессивті іс-әрекет қоғамдық орта жағдайларына және жеке тұлғаға байланысты күшейуі немесе бәсеңдеуі мүмкін [2; 4; 5].

Агрессияның маңыздылығын түсіну үшін жасалатын бірінші қадам ол агрессия ұғымына анық және нақты түсінік беруіміз керек. Кейде агрессия түсінігі кең мағынада қолданылады, бірақ олардың көпшілігі өзінің табиғаты жағынан нақты агрессия болып табылмайды. Агрессия екінші адамға себепсіз шабуыл жасау, күш көрсету ғана емес, сонымен қатар өзінің ойын қорғау және тәуелсіздікке ұмтылу болып табылуы да мүмкін.

Агрессия ұғымына әр жағынан анықтама берілген, кейбір психологтар агрессия дегеніміз адамның мінез-құлқының әлеуметтік нормадан ауытқып кетуі деп тұжырым жасайды. Адамдардың көпшілігі адамдардың мінез-құлқы әлеуметтік ортаға қайшы келетін болса, сол адамды агрессивті адам деп атайды.

Осы айтылғандарға қарасақ, бір жағынан, агрессия сыртқы факторлар арқылы анықталса, екінші жағынан, ол әлеуметтану үрдісінде қалыптасады және тұлғаның ішкі қасиеттерімен негізделеді. Балалық шақта, жеткіншектік пен жасөспірімдік шақта адамның тұлғасы мен мінез-құлқының сипаттамасы ретінде ержүректік пен нәзіктіктің қалыптасу процесі қарқынды түрде жүріп жатады. Ал бұл қалыптасу көп жағынан өзінің құрдастарымен және қарама-қарсы жыныстағылармен қарым-қатынасқа түсуіне, олардан балалардың алатын тәжірибесіне тәуелді.

Енді бір зерттеушілер келесі факторларға бөліп қарастырылады:

– биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық, психофизиологиялық жағымсыз ерекшеліктер;

– психологиялық факторлар – бұған психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы және т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, невротенияда көрінеді;

– әлеуметтік-педагогикалық факторлар – мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты туындайтын жағдайлар;

– моральдық-этикалық факторлар – қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтарының бұзылуы.

Демек агрессивті мінез-құлықты түзету күрделі әрі қиын, әрі ұзақ үдеріс, онда шыдамдылық пен белсенділік, белгілі қағидалар басшылыққа алынуы керек [3].

Мінез-құлықтың агрессивті әртүрлі формалары жарамды болсын, мейлі әлеуметтік жарамсыз болсын индивидтермен өзара әрекетте қалыптасады. Көптеген балалардың әр қилы жағдайға кезігуінің басты себебі коммуникация мен қарым-қатынастағы базалық әлеуметтік ептіліктердің жеткіліксіздігімен байланысты. Өзінің әлеуметтік үйрЕвразийский национальный университет теориясында А. Бандура агрессивті мінез-құлықты талдаудың үш кезеңін бөліп көрсеткен болатын:

- әрекеттерді меңгеру тәсілдері;
- олардың көрінуіне себеп болатын факторлар;
- олар бекітілетін жағдаяттар.

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі – жанұядағы қарым-қатынас. Көптеген шетелдік зерттеулер көрсеткендей, агрессивті балалардың ата-аналары қол жұмсау тәрізді жазаларды қолдануға бейім болған және бір-бірімен келісушілік болмаған, балаларға жағымсыз қатынас және эмоциялық салқындықпен қараған. Балалардағы агрессивтілікті зерттей келе үш нұсқасын сипаттайды:

- ата-анасының біреуі агрессивті болғандықтан агрессивті жағдайды тудыратын күрделі конфликтілерден бала агрессивті болады;
- ата-анасының ешқайсысы агрессивті емес, алайда ата-аналары балаларын қатал жазалайды;
- отбасында баланың агрессивті мінез-құлқына шектен тыс қамқоршылық көрсетіледі.

Тек осының салдарынан бала нақты сол агрессивті мінез-құлықтың жағымсыз жақтарының басымдылығын өзінде орнықтыруға үйренеді. Сонымен қатар, ата-ана жағынан агрессивті мінез-құлықтың шектен тыс болуы да зиян болады. Бала міндетті түрде өзінің ашу ызасын ішінде жинауға мәжбүр болған жағдайда оның агрессивті сезімдері соғұрлым күшейе түседі. Қатал жазалау

жаңа фрустрацияларға әкеледі, яғни сол жағдайлардан шығар жол таппаған кезде жаңа агрессивті сезімдерге әкеледі.

Жеткіншектердегі агрессия мәселесіндегі тағы бір маңызды сұрақ агрессивті реакцияларды жасөспірімнің өзіндік бақылау және бағалау мәселесі. Өзіндік бағалау жоғары болған сайын жалпы агрессия көрсеткіштері де соғұрлым жоғарылай береді.

Атақты психолог Э. Фром агрессияның екі түрі бар дейді: «зиянды» және «зиянсыз». Зиянсыз агрессия: қауіп төнген кезде ғана пайда болып (қорғану мақсатына қарай), артынан басылады. Зиянды агрессия: қатыгездік пен қауіпке толы болады. Ал, З. Фрейд пен К. Лоренц адам баласы агрессияны бағындыра алмайды, сондықтан оны керек бағытқа бұру керек деген. Тағы бір зерттеуші балалық шақтағы агрессияның екі себебін көрсетеді: біріншіден, бұл бір нәрсе бола ма деген үрей жағдайы, екіншіден, бастан өткізген реніш, жан күйзелісі болып табылады.

Тәжірибеде мамандар агрессивті балалардың мінез-құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс істеу қажет дейді:

- ашу-ызаны қолдануға болатын жағдайларға үйрету;
 - балаларды әр түрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай алуға, өзін-өзі басқару әдістеріне үйрету;
 - шиеленіскен жағдайларда сөйлесу дағдыларын қалыптастыру;
 - адамдарға сЕвразийский национальный университет, жаны ашу сияқты қасиеттерді қалыптастыру.
- Сонымен қатар агрессивті балалармен түзету жұмыстарын мақсатты түрде төрт бағытта жүргізуді де ұсынады:
- агрессивті балаларды ашу-ызасын қолайлы формада көрсету әдісіне үйрету;
 - әр түрлі жағдайларда балаларды өзін менгере білу әдістеріне үйрету;
 - мүмкін болған конфликтілі жағдайларда қарым-қатынас жағдайын жақсатуға талпыну;
 - эмпатия, адамдарға деген сезім тәрізді жағымды адами қасиеттерді қалыптастыру.

Агрессия әрине, кенеттен пайда боламайды. Ол жеке адамдар арасындағы әр-түрлі қарым-қатынастар, қорқытып-үркіту т.б, тәрізді жайттардан пайда болады [4; 5].

Жалпы агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына көптеген факторлар қатысады. Бұл мәселені зерттеген ғалымдар агрессивті мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндірді. Жоғарыда айтылғандай ішкі және сыртқы факторлар т.б. деп бөлсе, келесілері

оларды бөлмей, отбасындағы келеңсіз жайттар, отбасында тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауы, психологиялық сауатсыздық, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау, өздігінен өмір сүруге даяр болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбылармен қарым-қатынасқа түсе алмауы, қиын сәттерде өз бетінше шешім қабылдай алмау, сыни ойлаудың төмен болуы, бір-біріне қарама-қарсы ақпараттардың көп болуы, т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. 4000-ға жуық термин. – Алматы: Мектеп 2002.

2 Бэрон Р., Ричардсон Д., Агрессия // Перевод с английского С. Меленевская, Д. Викторова, С. Шпак – СПб.: Издательство «Питер», 1999. – 352 с.

3 Манауова Е. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқына ықпал ететін психологиялық факторлар / «Мектептегі психология - Психология в школе», № 11 (89), қараша, 2015, 23-26 беттер.

4 Бегалиева Э. Жасөспірімдерде агрессияның пайда болуы және оны түзету жолдары // Жантану мәселелері – Вопросы психологии, № 5, 2016, 11-14 беттер.

5 Пазылова К. А., Аубакиров Б. Адамдарда болатын агрессияның себептері мен алдын алу жолдары // Молодой ученый, № 7.1., 2016, 18-20 беттер.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

АВРАЙХАН Е.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СОВЕТХАНОВА Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ШАЙМЕРДЕНОВА А. К.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*«Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі
қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу»*

А. С. Макаренко

Негізінен бастауыш мектепте оқыту барысындағы мәселелердің бірі-оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру. Әр баланың көркемдік ойлау қабілітін дамыта отырып, шығармашылық, қиал сезімін дамыту. Ал, осы мәселелер мектеп қабырғасында әлі де болса өз мәнінде шешілмей келеді. Соның салдарынан оқушылардың сабаққа ынтасының төмендеуі, енжарлық етек алуда.

Мектеп мұғалімдері бастауыш сыныптарда эстетикалық тәрбиені кітап оқу, ән тыңдау, бейнелеу өнері мен театр, кино т.б. өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Мұғалім эстетикалық тәрбиені балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады.

Оқушы өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалай білуге талпынуы бүкіл жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді. Дегенмен, баланың көркем өнерге деген қабілетінің дамуы, оның шығармашылықпен ұштасуы, бала кезінен тәрбиенің сол түрлерімен айналыстыруға және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиені белгілі мақсатқа бағыттап жүргізуге байланысты.

Оқушылардың көркем білімге талпынуын арттырып, қиялын шарықтатып, бойын сергітіп, әдемілік әлеміне ынтасын арттыруда бастауыш мектепте оқытылатын бейнелеу өнері пәні зор роль атқарады. Ол дүниені түсініп, көрген-білгендерін, алған ұғымын көркем образ арқылы бейнелеуге үйретеді. Төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің табысты болуы

мұғалімдердің көркем талғам мен білімді игерту әдіс-тәсілдеріне байланысты. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте мұғалімдер эстетикалық тәрбиені халқымыздың озық, дәстүрлерін ескере отырып жүргізгендері жөн.

Өскеден ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде бастауыш мектептегі бейнелеу өнері сабағының алатын орны зор екендігі белгілі. Себебі бастауыш мектеп кезеңінде баланың эстетикалық мәдениетінің негіздері қолданылады [1].

Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Ол үшін біздің зерттеу жұмысымызда төмендегідей міндеттер қарастырылады:

- бейнелеу өнер пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- бейнелеу өнері пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;
- бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- оқушылардың көркем өнерге деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу;
- бейнелеу өнері пәні бойынша бастауыш мектеп оқытушылары эстетикалық тәрбиелеу жолдарын анықтау.

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабілетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер («Түстерді ажырат», «Кім алғыр», «Үйлестіре біл», т.б. ойындар) тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі.

Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады.

Эстетикалық тәрбие біздің байқауымызда дүние жүзілік және ұлттық мәдениет салалары негізінде көркемділікке, әсемділікке, сезімталдыққа баулу жүйелерін қамтиды. Әрине бұл өте ауқымды процесс. Ол жан-жақты зерттеуді, оны жүйелі түрде меңгеруді талап етеді. Сондықтан біз өз тәжірибемізде бейнелеу өнері сабақтарында эстетикалық тәрбие беру мәселелерін қарастырып отырмыз.

Эстетикалық тәрбие мәселелері көптеген ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қамтылған. Оның жасөспірімдерді тәрбиелеудегі маңызы, эстетикалық тәрбие беру мәселелері В. В. Алексеева, А. В. Бакушинский, Г. В. Лабунская, Н. П. Сакулина, Б. П. Юсов, еңбектерінде қарастырылған халқымыздың ұлттық мәдени мұралары, қол өнері, сәндік өнертүрлерінің маңызы туралы Республика ғалымдары Б. Қазыханов, А. Қасымова, Ә. Тәжімұратов ғылыми еңбектерінде нақты көрсетілген.

Эстетикалық имандылық, адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрлерін пайдалану Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Ж. Наурызбаев, С. Қасиманов еңбектерінде көрсетілген.

Кейінгі кездері бейнелеу өнері пәні құралдары арқылы эстетикалық тәрбиеге тәрбиелеу С. Аманжолов, Ш. Әлібеков, Б. Әлмұханбетов, Б. Байжігітов, Ж. Балкенов М. Жанаев еңбектерінде орын алып жүр. Көптеген еңбектерде эстетикалық тәрбиенің мәні мен мазмұны қамтылып, оның тәрбиелеу жолдары әдіс-тәсілдері нақты көрсетілмейді. Сондықтан біз эстетикалық тәрбие беру мәселелерін жан-жақты қарастыруымыз қажет.

Сонымен бастауыш мектепте оқыту барысында кезек күттірмейтін мәселенің бірі; көркем эстетикалық тәрбие, яғни оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру; екіншіден, әр баланың ойлау қабілетін дамыта отырып, қиял – сезімін шарықтату болып табылады.

Балалардың эстетикалық тәрбиесінің маңызды бөлігі көркемдікке тәрбиелеу ісінде көптеген аса күрделі мәселелер туады. Бала өнер арқылы өзінің көңіл сезімін тереңірек түсіне білуі айқын ойлап, терең сезіне білуі тиіс.

Оқушы эстетикалық жағынан дамып, жетілуі үшін тәрбиені өте ерте, баланың жас кезінен бастау керек. Өйткені, балалық сезім – саналы өмірдің негізі. Бұдан саналы өмір негіздерін қалауда қандай да берік сенімді тірек қажет болатыны түсінікті.

Қалай болмасын әрбір адам өнердің игілікті күшін бала кезден бастап сезінеді. Ол біздің рухани жағынан жетілмеуімізге ықпал етеді, жеке бастау және қоғамдық өмірде кездесетін мәселелердің шешімін табуға, тіпті кей жағдайда өмірден өз орнында табуға көмектеседі. Бастауыш мектеп балаларының талғампаз болуы жазушы, ақын, суретші, композиторлардың еңбектерін, ондағы сұлулықтарды түсінуі олардың рухани азығын молықтырады,

адам баласы жасаған мәдени мұралармен таныстырып, соны терең түсінуге тәрбиелейді.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – бұл-әсемдік, сұлулық, пәктік қасиеттер музыка, сурет, кескіндеме, мүсін және колөнері өнерлері арқылы оқушылардың көркемдік танымын, сезімін тәрбиелеу.

Бейнелеу өнерінің барлық түрлері графика, живопись, мүсін, сәндік – колданбалы өнері, сулет өнері, барлығы эстетикалық тәрбие негізі. Көркем өнер туындыларын түсініп сезіну, оның образдық мазмұнын қабылдау, өнер тілін меңгеру барлығы оқушылар эстетикалық талғамын дамытады [2].

Қоршаған ортамен таныстыру арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бейнелеу өнері сабақтары түрлерінде іске асырылады.

Әсемдіктің таптырмас бұлағының бірі – табиғат. Ол эстетикалық сезімнің, байқампаздықтың, қиялдың дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Табиғат үйлесімділігінің, әсемдіктің, мәңгілік жаңарудың, әлемдік заңдылықтары әртүрлі болу, түстер, жарық сәулелер, көмегі арқылы балаларды әсемдік талғампаздық, әсерлЕвразийский национальный университетшілік сезімге тәрбиелейді.

Табиғатқа топ серуен жасаған кезде балалардың оның сұлулығын эстетикалық тұрғыда қабылдауы күшейеді, ерекше рухани серпеліс, сүйсіну сезімі туады, ойы мен қиялы дамиды. Жаратылыстың сұлу заттары бала жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген түрлі түсті гүл, көк – жасыл орман – тоғай, сылдыраған су, шексіз – түпсіз көк теңіз, түрлі шөптермен, толқынданған дала, бұлтпен бел алысқан асқар тау, сұлу ай, жұлдызды түн, міне, осылар секілді жаратылыстың сұлу көріністері, жанды билеп өкететін ән, күй, сиқырлы сөз, сұлу суреттер әсері баланың жанында бір сұлулық толқынын оятып тұрғызбай қоймайды.

Егер оқушылар табиғатты қорғауға атсалысатын болса, табиғаттың эстетикалық ықпалы да айтарлықтай арта түседі.

Міне, сондықтан да балардың табиғатты қорғау әрекеттеріне (күнделік жүргізуде, табиғат бұрышында, мектептің оқу-тәжірбие алаңында, табиғатта, үйде, жануарларды қорғауда, мектеп ауласын көгалдандыруда) эстетикалық бағыт беру керек.

Табиғатқа, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты тәрбиелеу үшін дүнижүзілік және ұлттық көркем туындылар (жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің т.б.) мысалдарын, үлгілерін көрнекі қолдану қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларын табиғатқа серуендеуге шығарғанда, оларға әр қилы тапсырмалар орындатуға болады: заттың өзіне қарап суреттер салып, ұнаған жерлерді суретке түсіру.

Табиғат – біздің өміріміздің сәні. Ол бізді мол шаттыққа кенелтеді. Кең байтақ далаға, айнадай жарқыраған су айдынына, ұлы тауларға қарап, сүйсіне ләззат аламыз. Табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сондықтан да оқушылардың эстетикалық танымын қалыптастыруда қоршаған ортаның әсері мол.

Оқушылардың эстетикалық талғамын жетілдіре, бекіте түсу үшін сабақ барысында табиғат көріністерінің сұлулығы жырланған шығармалардан (жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің) көбірек пайдаланған тиімді. Мысалы, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы, Абайдың табиғатты суреттеуі, Ілияс Жансүгіровтың «Жетісуды суреттеуі» т.б.

Негізінде эстетикалық тәрбие экологиялық тәрбиемен тығыз байланысты, өйткені экологиялық тәрбиенің де басты бағыты жас ұрпаққа табиғатпен қатынаста жоғары мәдениеттілікті, қоршаған ортаға деген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру [3].

Төменгі сынып оқушыларын эстетикалық тәрбиеге баулу туған табиғатты бейнелейтін көркем сипаттама мен көріністерді жақсы түсінуге негіз салады, оқушыларды суретке, қиып жапсыруға баулу, түстердің, сызықтардың тамаша келісті үйлесімділігін таңдай білу қабілетін дамытуға жәрдемдеседі.

Өмірді, оның қоғамдық тәрбиелік мәнін жан – жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы түсіну шарт. Өнер біздің қоғамда адамдардың, әсіресе оқушыларды рухани, эстетикалық тәрбиелеуде сенімді күшті құрал болып табылады. Оқушыларды көркемөнерді сүюге, адамға тән ізгі қасиеттерді қастерлей білуге үйретеді.

Қазақ халқы ерте заманнан – ақ сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талдай да білген. Өз тұрмысы мен мәдениетінде шеберліктің небір сан – саласын, асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап, меңгеріп, біздің дәуірімізге ұштастырған. Өнер қашанда қамқорлықты, оған асқан жауапкершілікпен, жанашырлықпен қарауды қажет етеді. Әсіресе, бастауыш мектепте бейнелеу өнері жүйелі оқыту жайы, оған жастай баулап тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттер қояды. Сурет салуды сүю -өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүю. Ол мектеп оқушысының ақылын, ойын, парасатын, өсіреді, танымын кенейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді.

Өмірдегі келеңсіз құбылыстармен ымырасыз күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Халық шеберлері ою-өрнек салу тәсілін белгілі – бір ізбен қалыптастыруда өз өнерін үздіксіз жетілдіру жолымен кейбір ою-өрнектердің композициясына, әшекейлейтін заттардың түріне қарай табиғи байланысты бейімдеп түрлендіріп отырады. Демек ою-өрнектермен әшекейлеп бейнелеушілік қандай уақытта болмасын халықтың дәстүр негізінде орындалады. Осы халық колөнерінен туған бұйымдарды көрмелер мен мұражайларға сақтап қана қоймай, оны күнделікті сабақ барысында кеңінен қолдануы қажет.

Бейнелеу өнері – ерте заманда пайда болып, барлық дәуірде өмір сүрген. Ол бірнеше түрге бөлінеді: кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері және сәндік қолданбалы өнер. Сурет салуды үйрету әдістемесінде натюрморт кез-келген ыдыс-аяқтан немесе басқа да заттардан құралады [4].

Бір жағынан натюрморт қозғалмайды. Сол себептен натюрмортты асықпай отырып қолдың икемділігін жаттықтыруға, түсініп, сызуға және де сурет техникасын жете меңгеруге таптырмайтын құрылым болып табылады. Ал, жануарларды салу, енді сурет салып, үйреніп келе жатқан оқушыға қиынға соғады. Өйткені олар натюрморт сияқты «өлі зат» емес, үнемі қозғалыста болады.

Бейнелеу өнері сабағында тапсырманы түсіндірген кезде бейнеленіп отырған объектінің эстетикалық мазмұнының нақты ашылуының маңызы зор. Оның үстіне құбылыстағы, заттағы нақты әсемдікті педагог асқан сезіммен, әсерлі түрде әңгімелеп беруі тиіс. Егер мұғалім сурет салу үшін қойылым, ретінде ашық түстерге боялған заттарды қойып, оларға әдеттегі, біркелкі дауыспен талдау жасаса және қойылымның ашық жарқындығын, әсемдігін, бірегейлікпен білдіретін сөздерді таба алмаса, онда балалардың сезіміне қозғау салмайды, олар бейнеленіп отырған затқа және өз жұмысына аса ынта қоймайды.

Қорыта келгенде бейнелеу өнері сабағында оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде халық дәстүрлерін, ұлттық өнердің түрлерін көбірек пайдалану қажет. Себебі бастауыш мектеп жасындағы балаларды халқымыздың өнері, ұлттық ойындар және халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі қызықтырады. Бейнелену өнері пәні сабағында эстетикалық талғамды қалыптастырып, негізі мынадай іс – әрекеттерге тоқталу қажет. Жаңа сабақты түсіндіру барысында көрнекіліктерді түрлендіре отырып, сұрақ – жауап,

әнімелесу әдістерін қолдану. Сабақты ұлттық әдет – ғұрыптар мысалдарымен түрлендіріп жүргізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аманжолов С. Эстетикалық тәрбие және халықтық бейнелеу өнері. – Қазақстан мектебі. 1990 ж. № 12.
- 2 Әлібеков Ш. Жалпы білім беретін орта мектеп, эстетика пәні бағдарламасы. – Қазақстан мектебі. 1992 ж. № 7, 8.
- 3 Байжігітов Б., Ибраева М. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері. – Қазақстан мектебі. 1993 ж. № 6.
- 4 Балкенов Ж. Сурет салуға үйрету. – Алматы, мектеп, 1987.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

АКСЁНОВА А. И.
студент, ПГПИ, г. Павлодар
СУХАНИНСКАЯ У. И.
магистр русского языка и литературы, учитель,
Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

Сложно представить себе человека, который бы не хотел получить награду за свои старания. Получение отметки в школе всегда воспринималось как поощрение, однако, находясь в школьном возрасте ребенку сложно отличить поощрение от цели, к которой он стремится – получить знания, научиться использовать их на практике. Таким образом, мы можем отметить, что порой оценка становилась самоцелью. Другой «слабой» стороной традиционного оценивания в школе являлась нечеткая грань между оценками.

Казахстанские школы, учитывая опыт Назарбаев Интеллектуальных школ, внедряют критериальное оценивание, преимущество которого заключается в возможности отслеживать продвижение ученика в процессе обучения, прогнозировать итоговый результат его обучения, иметь возможность дифференцировать учебные достижения учащихся. Критериальное оценивание складывается из двух видов оценки: формативного (на этапе обучения) и суммативного (оценивания результатов обучения). Формативное оценивание обучения, то есть на первом этапе предполагается оценивать не учебные достижения ученика как конечный продукт, а оценивать его продвижение к намеченной цели обучения. Формативное

оценивание позволяет раздробить ожидаемый итоговый результат на определенные цели (шаги). Каждый проделанный шаг учащегося к достижению данной общей цели, прописанной в стандарте образования, будет оценен по определенным критериям.

В данной статье мы рассмотрим особенности формативного оценивания на уроках русского языка в Назарбаев Интеллектуальных школах. Назарбаев Интеллектуальные школы ориентируются на передовой опыт развитых стран и сочетают в себе лучшие традиции казахстанского образования, внедряя коммуникативный подход в изучении русского языка. Интегрированная образовательная программа предполагает развитие четырех навыков по средствам дисциплины «Русский язык»: слушание, говорение, чтение и письмо. Рассмотрим приемы формативного оценивания по каждому из навыков.

Для развития каждого из навыков программа предписывает обращение к целям обучения. Рассмотрим, как расширяется учебная цель в процессе обучения.

Таблица 1 – «Спиральное изменение одной цели в разных параллелях 8 и 9»

8 класс	9 класс	Как изменилась цель.
Чтение 2. Выявлять структурные части и их элементы (ключевые слова, словосочетания и предложения, абзацы), раскрывающие основную мысль.	Чтение 2. Выявлять композиционные особенности, раскрывающие основную мысль текстов разных типов и стилей.	Данная цель направлена на развитие навыка чтения. В 8 классе ребенок должен научиться самостоятельно находить структурные элементы в тексте (ключевые слова, словосочетания и предложения, абзацы), которые помогут ему определить тему и идею. В 9 классе данная цель усложняется, и навыки, которые были приобретены ребенком в 8 классе, помогут ему находить различия в текстах различных типов и стилей, а так же видеть особенности того или иного типа или стиля.

Учебная деятельность складывается из темы урока, цели обучения (которая развивается спирально от класса к классу, давая возможность углубиться в предмет, опираясь на предыдущие знания).

Как показал опрос учителей русского языка Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления г. Павлодара, учителя сталкиваются с единственной проблемой в

процессе формативного оценивания: – письменная обратная связь по каждому критерию для каждого ученика отнимает много времени.

Письменная обратная связь представляет собой комментарии учителя в письменной форме. Данный вид оценивания используется при проверке письменных работ учеников, таких как домашнее задание, самостоятельные работы. В случае, когда ученику ставят только отметку и не пишут комментарий, ребенок не может увидеть, что он сделал не правильно и не всегда может исправить свои ошибки.

При проверке работы ученика с использованием формативного оценивания учитель выделяет, что ребенок сделал правильно, соответствует ли его работа критериям и где были допущены ошибки. Следует писать ученику не только, указывая на ошибки, но и хвалить «Молодец! Выполнил все правильно» и др.

В случае, когда ученик допустил ошибку, учитель пишет рекомендации по их исправлению.

При написании комментариев важно помнить:

1 Не делайте много комментариев к одной работе.
2 Комментарии должны обеспечить учащегося информацией о том, как он работал по отношению к обучающей цели и подтолкнуть его к совершенствованию своей работы.

3 Комментарии должны быть сделаны в соответствии с критериями оценивания.

Вместе с тем, опрос показал, что формативное оценивание на уроках русского языка решает несколько проблем:

- ученик сам может определить дальнейшую траекторию развития, опираясь на обратную связь учителя;
- учитель не сталкивается с необходимостью каждый раз доказывать непредвзятость своих суждений по отношению к работе ученика, так как ученик до выполнения задания четко понимает, за что и как будет оценена его работа.

Рассмотрим несколько примеров формативного оценивания на уроках русского языка в 8 и 9 классах. Возьмем одну цель на разных параллелях, чтоб увидеть, как усложняется цель, критерии и соответственно задание.

Пример 1. Урок русского языка в 8 классе.

Цель: Ч 2. Выявлять структурные части и их элементы (ключевые слова, словосочетания и предложения, абзацы), раскрывающие основную мысль [1, с. 67].

Критерии успеха:

- выделяет в тексте ключевые слова;
 - определять микротему по ключевым словам;
 - определяет основную тему и идею прочитанного текста;
- Задание: Прочтите текст и заполните таблицу.

Таблица 1

Абзацы	Ключевые слова	Микротема	О чем идет речь в тексте?	Что хотел сказать автор?
1 абзац				
2 абзац				

Учащиеся могут работать в парах или группах в зависимости от количества абзацев. Каждый ребенок будет работать со своим абзацем, выделяя в нем ключевые слова, которые помогут определить ему микротему своего абзаца. Затем объединив микротемы одного текста, учащиеся ответят на вопросы «О чем идет речь в тексте?» и «Что хотел сказать автор?». Ответив на эти вопросы, они сформулируют тему и идею текста.

Пример 2 Урок русского языка в 9 классе.

Цель: Ч2 Выявлять композиционные особенности, раскрывающие основную мысль текстов разных типов и стилей [2, с. 57].

Критерии успеха:

- выделяет в тексте элементы композиции;
- определяет тип речи, доказывая его через особенности композиции;
- определяет стиль, используя в качестве аргументов не менее двух лексических, синтаксических особенностей текста.

Задание: Проанализировать композицию текстов, сделать вывод о том, к какому типу он относится. Выделить лексические особенности текста, стилистические фигуры, сделать вывод о том, к какому стилю принадлежит текст.

Таблица 2

Элементы композиции	Цитаты	Тип речи	Языковые особенности	Стиль
Завязка Развитие действий Развязка		Повествование		Художественный

Это задание учащиеся выполняют в группах. На группу дается одно письменное задание, они смогут совещаться, чтобы сделать

выводы. Обсуждение во время работы с текстом способствует взаимообучению, учит ребят находить совместное решение, удовлетворяющее всех. Проверку задания можно провести следующим образом: группы обменяются таблицами и сравнят результаты своей работы.

Таким образом, Интегрированная образовательная программа и критериальная система оценивания, направлены на развитие навыков учащихся. В школах не дают готовых знаний, но учат работать с информацией, добывать и перерабатывать сведения, выдавать готовый продукт в виде письменного текста определенного жанра и стиля или диалога/монолога на определенную тему. На уроках русского языка учащиеся работают с текстами, в которых имеется информация, отсылающая учеников к другим предметам: географии, истории, биологии, химии и физике. Таким образом, учащиеся формируют целостную картину мира, знания о мире представляются ему не в разрозненных фрагментах отдельных дисциплин, а путем интеграции представлены в единстве и взаимосвязи друг с другом.

Стоит отметить, что переход на новые стандарты в обучении требуют немалых усилий от учителей и преподавателей высших учебных заведений, готовящих педагогов, однако, не стоит бояться таких перемен, ведь мы не можем готовить учеников к самостоятельной жизни, опираясь на знания, которые были актуальны несколько десятков лет назад.

ЛИТЕРАТУРА

1 Учебный план по предмету «Русский язык» (как первый язык -Я1) 8 класс. Для обучения в 2016-17 учебном году.

2 Учебный план по предмету «Русский язык» (как первый язык - Я1) 9 класс. Для обучения в 2016-17 учебном году

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – САПАЛЫ БІЛІМ ЖӘНЕ МАМАН КЕПІЛІ

АЛТЫНГАЗИНОВА А. С., ДОСЫМЖАНОВА С. Р.
студенттер, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.
ҚАНАТҰЛЫ М.
оқытушы, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.

*«Біз дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін,
жоғары білімді ұлт болып қалыптасуымыз қажет»*

Н. Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан-2050» Стратегиясында: – Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгілі. Осы негізде қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр».

Жұмыстың зерттеу мақсаты: Қазақстан Республикасында дуалды оқыту жүйесін енгізуді дамытуды зерделеу. Қазақстан Республикасында дуалды оқыту жүйесін дамытудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін қарастыру.

Оқытудың дуалдау жүйесі дегеніміз не соған анықтама берсек: Дуалдау оқыту жүйесінде кәсіптік білім беру- өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады.

Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі уақытта ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Техникалық және кәсіптік-білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан

серпін берері сөзсіз. Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітілген жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында жастардың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін отандық кәсіптік білім алуына жағдай жасау, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру мәселелері жіті қарастырылған [1, 12-13 б.]

Кейінгі 2-3 жылдың көлемінде дуалды техникалық және кәсіптік білімнің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру қажет. Бұл жүйенің даму барысында ең алдымен жас адамдардың міндетті техникалық білім алуындағы мемлекет кепілдігі туралы қарастырылуы тиіс.

Шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, бұл жүйе көбінде Германия, Австрия және Швейцария сияқты елдерде көбінде жүзеге асып отыр.

Германия тәжірибесі

Мысалы, Германияның тәжірибесіне тоқталсақ. Бұл елдегі шағын және орта бизнес түгелдей дуалдық жүйеге арқа сүйейді десек болады. Немістің дуалдық жүйесі бойынша, оқу орындары тәуелсіз жұмыс істейді және студенттерін тәжірибеден өткізетін кәсіпорындармен тығыз ынтымақтастық орнатады.

Бұл елде мемлекет мойындаған 350 мамандық бар. Студентті кәсіпорындардан өткізу үшін кететін шығынның 1/3 пайызын өртүрлі органдар арқылы мемлекет өтеп береді. Кәсіптік-техникалық оқу орындарында жастар 2 жылдан бастап 3,5 жылға дейін білім алады. Осындай мекемелердегі оқу орындарының 80 пайызын шағын және орта фирмалар «жабады», яғни, былайша айтқанда, өздеріне қажетті мамандықтарды айтып, сондай маман иелерін оқыту туралы келісімге келеді.

Студент аптасына бір-екі рет қана теорияға уақыт бөлсе, аптаның қалған үш-төрт күнінде практикада жүреді. Сонымен қатар, студенттердің еңбегі ай сайын жәрдемақы ретінде төленіп тұрады. Жалпы, неміс жастары арасында дуалдық жүйеге өте жоғары баға берілген. Олар үшін бірнеше жыл ішінде теориямен қатар, тәжірибені игеріп шығу «жоғары оқу орнын тәмамдады» деген атақтан әлдеқайда артық.

Германиядағы жастардың 70 пайызы кәсіптік-техникалық оқу орындарын тандаса, қалған 30 пайызы бойынша университеттерге оқуға түседі дейді. Қазіргі таңда Германиядағы 3,6 миллионнан астам кәсіпорынның бес жүз мыңы осы дуалдық жүйеге қатысады екен.

Германияда 20 мамандық бойынша ғана көбінде дуалды оқыту жүйесі бойынша келісім шартқа қол қойылған [1, 10 б.].

Ал, бізде, Қазақстанда...

Бізде, Қазақстанда, Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 900-ге жуық кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары бар. Оның ішінде 513 мемлекеттік мекеме болса, қалғаны жекеменшік. Бұл оқу орындары 177 мамандық пен 416 біліктілік бойынша дәріс береді.

Қазақстанда мамандарды дуалды оқыту жүйесі бойынша дайындауды енгізу бірнеше кезеңді қамтиды.

Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың басты мақсаты – «Қоғам және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының сұранысына сай, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыра отырып, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңғырту» болып бекітілді. Кәсіптік-техникалық білім беру орындарының жұмысын жетілдіру саласындағы мемлекеттік саясат 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасынан да айқын көрініс табуда. «Білім беру» туралы Қазақстан Республикасының Заңына да «корпоративтік білім беру» деген түсінік енгізілді.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша мысал ретінде «Алматы Энергосервис» ЖШС-мен тиімді ынтымақтастықты келтіруге болады. Бұл өндіріс орнының өкілдері экспериментті оқу жоспарларын құрастыруға қатысады, өндіріс орнында тәжірибелік оқытуды жүргізеді, барлық шығындарды өз мойындарына алады. Оқушыларды колледжге қабылдауға дейін әрқайсысымен және олардың ата-аналарымен оқу орнын тәмамдағанға дейін және жұмысқа орналастырылуы бойынша келісім шартқа отырады [2, 9-10 б.].

Ішкі корпоративтік дайындау бойынша өндіріс орындарының ішінде алдыңғы қатардағы «Қазақтелеком» АҚ мысал ретінде айтуға болады. 2013 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да барлығы 13509 қызметкерлері біліктіліктерін жоғарылатқан (жалпы қызметкерлер санының 46,1 % құрайды).

Қазақстанда дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша нақты шаралар қолданылуда. Нормативтік құқықтық базаның қызмет етуі: «Білім туралы» ҚР Заңы, бұл заңға сәйкес, «Кооперативті оқыту – бұл мемлекеттің, жұмыс берушілердің және оқу орындарының корпоративті жауапкершілігіне негізделген, мамандарды кәсіптік дайындаудың ұйымы болып табылады»

2011-2020 жж. арналған ҚР білім жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Өндіріс орындарының нақты сұранысына сәйкес кооперативті оқыту жүйесі кең қолданысқа енгізіледі. Жастар үшін техникалық және кәсіптік білім беретін

оқу орындарында бұл жүйені енгізу тиімдірек болар анық». «Қазақстанның әлеуметтік модернизациясы: жалпыға бірдей еңбек қоғамына дейін 20 қадам» атты Елбасының Жолдауынан.

Дуалды оқыту жүйесін дамыту мақсатында 2013 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ негізінде 2013-2016 жылдарға арналған 3-жылдық пилоттық жобасы іске қосылған. Жобаның басты мақсаты – Қазақстанда дуалды оқыту жүйесінің моделін құрастыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Білім басқармаларының мәліметтеріне сүйенсек, ҚР-да дуалды оқыту жүйесінің элементтері 60 мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің 96 оқу орнында енгізілген [3, 11 б.].

Білім мекемесі «Авиценна» медициналық колледжі

Білім мекемесі «Авиценна» медициналық колледжі бюджеттік, коммерциялық емес, жеке меншік мекеме болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Білім мекемесі «Авиценна» медициналық колледжінің Жарғысына сәйкес, 2009 жылғы Шығыс Қазақстан облысының Білім Басқармасы берген Мемлекеттік лицензия негізінде кәсіби орта білім беру саласында жұмыс істейді.

Колледж келесі мамандықтар бойынша білім береді:

0301000 «Емдеу ісі» /фельдшер, акушер/, 0302000 «Медбикелік ісі», 0303000 «Гигиена және эпидемиология», 0304000 «Стоматология», 0306000 «Фармация», 0307000 «Ортопедиялық стоматология»

Білім мекемесі «Авиценна» медициналық колледжінде дуалды оқыту жүйесінің элементтері 2012 жылдан қолданысқа енгізілген.

Дуалды оқыту жүйесі өзінің қатысушыларының, яғни емдеу-профилактикалық орталықтарының, болашақ мамандардың және мемлекеттің өзара жауапкершіліктерін және байланысын нығайтады. Бұл емдеу-профилактикалық мекемелері үшін сапалы мамандарды жұмысқа қабылдау барысында үлкен мүмкіндіктер береді: мамандарды қайта оқытудың қажеттігінің, сапалы мамандарды іздеу, таңдаудың шектелуі және т.б.

Білім мекемесінде дуалды оқытудың артықшылықтары өте көп:

Жұмыс берушілердің талаптарына толыққанды сәйкестігі негізінде түлектердің жұмыспен қамтылуының жоғарғы деңгейі. Оқыту жүйесі клиника сұранысын толық қанағаттандырады.

Білім алудағы кәсіби жоғарғы құзыреттіліктердің қамтылуы. Болашақ маманның жаңа психологиясы қалыптасады. Оқушылар

әлдеетті кәсіби дәрігер мамандары ретінде ең алдымен клиникалық базаларға тіркеле отырып, саналы және жоғарғы қызығушылықпен білім алады. Білім мекемесінде алған теориялық білімдеріне қарағанда, клиникалық базалардағы тәжірибелік сабақтарға деген қызығушылықтары әлдеқайда жоғары болып келеді, өйткені әрбір науқас үшін жауапкершіліктері нығая түседі. Сонымен қатар оқушылар ұжымда өндірістік қарым-қатынастарға тез қалыптасады.

«Тәжірибеден теорияға дейін» қағидасы жүзеге асады. Оқушылар дәріс мәліметтерімен ғана шектелмейді, көбінде клиникалық жағдаяттармен жұмыс жүргізеді. Теориялық тұрғыда меңгеруге қиынға түсетін ақпараттар және нақты кәсіби жағдаяттардың шешімдерін тәжірибе арқылы шешуге оңайға соғады.

Мамандарды дайындау сапалылығын бағалауды жұмыс берушілердің өздері жүргізеді. Оқушылар клиникалық базаларда уақытының көп бөлігін науқастың жанында өткізе отырып, өзінің құзыреттіліктері мен мүмкіндіктерін көрсетіп отырады. Жұмыс берушілер клиникалық базалардың негізінде болашақ мамандардың сапалылық деңгейін бағалау мүмкіндігіне ие болады.

Оқытушылардың теориялық білімдері деңгейінің жоғары болып қана қоймай, сонымен қатар олар патологиялық емдеудің озық жаңа инновациялық әдістерін меңгерулері тиіс.

Дуалды оқыту жүйесінің элементтерін енгізгеннен кейін колледж оқушылары санындағы динамика

Кесте 1

№ р/с	Мамандық	Оқушылар саны			
		2012-2013 оқу жылы	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы	2015-2016 оқу жылы
1	0301000 «Емдеу ісі» / фельдшер, акушер/	782	1079	1180	1187
2	0302000 «Медбикелік іс»	271	336	408	416
3	0303000 «Гигиена және эпидемиология»	28	42	42	45
4	0304000 «Стоматология»	37	57	61	62
5	0306000 «Фармация»	128	133	215	217
6	0307000 «Ортопедиялық стоматология»	30	46	53	57
	Барлығы:	1276	1693	1959	1984

Білім мекемесі «Авиценна» медициналық колледжінің тәжірибелік оқытудың базалары болып Семей қаласының 33 емдеу-профилактикалық мекемелері табылады.

Емдеу-профилактикалық мекемелерінде білім беру нәтижесі:

– түлектердің жұмыспен қамтылуына және өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыруда мамандарды даярлау үрдісіне жұмыс берушілердің қатыса отырып, белсенділік танытуы;

– тәжірибелік сабақтарды өткізуге арналған оқушыларға барлық жағдайлардың жасалуы; -кәсіптік модульдер мен кәсіптік пәндерді оқытуға БММК «Авиценна» білікті мамандарының тартылуы, жоғарғы деңгейде белсенділік танытуы және т.б.

Білім мекемесінде түлектердің жұмыспен қамтылуына баса назар аударылады Колледжде кәсіптік бағдар беру және түлектерді жұмыспен қамту орталығы қызмет атқарады. Бұл орталықта түлектерді бағыттауға арналған комиссия қызмет етеді, құрамын: әлеуметтік әріптестер, жұмыс берушілер, өзін-өзі басқару өкілдері, денсаулық сақтау департаменті мүшелері, бас дәрігерлер, бөлім меңгерушілері құрайды.

Дуалды оқыту жүйесінің элементтерін енгізгеннен кейін колледж түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі: 2012-2013 оқу жылы – 63 %, 2013-2014 оқу жылы – 68 %, 2014-2015 оқу жылы – 78 %, 2015-2016 оқу жылы – 81 %

Дуалдық оқыту жүйесі элементтерін енгізудің мақсаттары:

1 Дүние жүзілік білім кеңестігіне теңестірілетін техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесін жасақтау;

2 Жұмыс беруші талабына сай оқу жоспарларын және оқу бағдарламаларын жасау;

3 Еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау;

4 Оқу орнының оқу-материалдық базасын заман талабына сай жаңа техникалық, технологиялық лабораториялық жабдықтармен қамту;

5 Оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін өндіріске енгізіліп жатқан жаңа технологиялармен және жабдықтармен таныстырып отыру мақсатында өндірісте тағылымдамадан өткізу;

6 Әлеуметтік серіктестермен байланыста оқушыларды өндірісте тәжірибеден өткізу және бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне ие болу.

Келтірілген мысалдарға сүйене отырып, дуалды оқыту жүйесін енгізудің оң жақтарын ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар жалпы ұлт көлемінде бұл оқыту жүйесін енгізу барысында туындайтын негізгі мәселелерге де тоқталып кеткеніміз жөн:

– сәйкес нормативті-құқықтық база мен сәйкес заңнамалардың әлсіздігі;

– қатаң жүйедегі нұсқаулар мен білім беру стандарттары (оқу жоспарлары мен бағдарламалары, жіктемелер);

– оқытудың дуалды технологиясын енгізу экспериментінің нормативті-құқықтық қамтамасыз етілумен жабдықталмағандығы;

– бастысы, дуалды оқыту жүйесін дамытуға кері әсерін тигізіп отырған бұл – инвестициялар.

Отандық кәсіпкерлердің көпшілігі мамандарды даярлауға инвестиция тартуларына дайын емес, ал бұл сәйкесінше ұзақ мерзімді болжамдар жасауға мүмкіндік бермейді.

Қорыта келгенде, егер дуалдық жүйемен оқыту әдістемесі жетілдіріліп, заңды түрде күшіне енгізілсе, жақсы нәтиже береді деп есептеймін:

1 Дуалдық жүйе – оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін, яғни теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;

2 Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері бітіруші түлектерін кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру үшін жұмыстанады;

3 Жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;

4 Әлеуметтік серіктестіктер өндіріс талабына сай, білім алушыға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуалдық оқыту жүйесі бойынша өзгеретін модульдық бағдарламаны, оқу бағдарламасын дайындауға және оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге қатысады;

5 Әлеуметтік серіктестіктер мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырманы қалыптастыруға қатысады;

6 Оқушының кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті тағайындау үшін құзырлы мамандар мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшесі ретінде қатысады;

7 Білім алушы дуалдық жүйемен оқыту нәтижесінде белгілі күзіндеттерді меңгерген кәсіби дағдыға ие болады;

8 Оқу орнын бітіруші жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Дуалды жүйенің негізі – болашақ жас маманның оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату. Дуалды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен

тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік-техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуалды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2 Г. Г. Азгальдов, А. В. Костин. – Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия // Экономические стратегии, 2008 ж.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2011 ж.

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

АМАНГЕЛЬДЫ А. М.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

КОРОВАЙКО И. В.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Актуальность заключается в том, что с каждым годом прослеживается тенденция к увеличению числа детей с отклонениями в поведении. Девиантное поведение – это такое устойчивое поведение личности, отклоняющееся от социальных норм, причиняющее ущерб обществу или самой личности, а также сопровождающееся ее социальной дезадаптацией.

Девиантное поведение, понимаемое как нарушение социальных норм, приобрело в последние годы массовый характер и поставило данную проблему в центр внимания социологов, социальных педагогов, социальных работников, социальных психологов, медиков, работников правоохранительных органов [1, с. 416].

Гидденс Э. отмечал, что всякая норма относительна. «Что считать отклонением, зависит от времени и места; поведение «нормальное» при одном наборе культурных установок, будет

расценено как «отклоняющееся» при другом». (Гидденс Э.), так же по мнению Я. И. Гилинского «Преступность – не сама болезнь, а показатель более глубоких социальных недугов». С. А. Инкина подчеркивала: «девиация постепенно превращается в сущность человеческого поведения...».

В своих работах поднимали вопросы девиации в поведении подростков ученые: А. Бандура, Э. Эриксон, Л. С. Выготский, Ю. А. Клейберг, В. В. Давыдов и др. Девиантное поведение в подростковом возрасте остается на сегодняшний день недостаточно изученным [2, с. 56].

По статистике, в Казахстане у детей первое знакомство с алкоголем происходит в возрасте уже до 10 лет либо случайно, либо родители сами дают его «для аппетита», либо лечат детей теплым вином/пивом, или же ребенок сам из любопытства пробует спиртное. Согласно официальным данным Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан, количество детей, состоящих на наркологическом учете по алкогольной зависимости, увеличивается значительными темпами. Так, по данным ведомства, в Алматы с 2011 по 2016 годы общее количество таких детей увеличилось с 196 до 2195. В Астане за аналогичный период – с 30 до 98 несовершеннолетних. В целом по республике этот показатель составил: 578 детей и подростков в 2011 году и 4167 – в 2016 г.

Не менее остро стоит проблема подростковой наркомании. В Казахстане в 2016 г. было зарегистрировано 3147 наркозависимых детей в возрасте до 14 лет. Согласно данным, полученным в ходе исследования распространённости потребления ПАВ и вовлечения в нехимические аддикции среди детей и молодёжи, проведённого Республиканским научно-практическим центром медико-социальных проблем наркомании в 2014 г. 15,8 % учащихся в возрасте 16 лет, употребляли в течение жизни какие-либо наркотические вещества. По состоянию на 1 июля 2016 г. в Кызылардинской области Казахстана на официальном учете состоят 924 подростка-наркомана, Восточно-Казахстанской – 500, Актыбинской – 395, ЮКО – 214, Северо-Казахстанской – 265, Павлодарской – 245 и Атырауской – 211.

С алкоголизмом связаны 62,1 % самоубийств и 72,2 % убийств, совершаемых подростками. В Казахстане уровень детских самоубийств также беспрецедентно высок. Уровень смертности от самоубийств среди детей 10-14 лет составляет 23 % от общей смертности по этой причине, а уровень суицидальной смертности в возрасте 15-19 лет уже 92 % общего уровня. Так, По данным

Комитета по правовой статистике Казахстана, в 2015 года 1126 юных казахстанцев покончили жизнь самоубийством. В 2014 году было зафиксировано 189 случаев суицида среди детей и подростков, в 2013 году – 250 случаев. В отчете ЮНИСЕФ за 2013-2014 год говорится, что Казахстан в течение нескольких лет входит в группу стран, в которых суицид является одной из основных причин смертности среди подростков и молодежи. При этом среди детей и подростков, добровольно ушедших из жизни, 25 % относятся к группе по асоциальному поведению, 5 % – в группе риска по суицидальному поведению [3, с. 2].

Социально-педагогическая поддержка детей с девиантным поведением включает в себя различные направления. В первую очередь это профилактическая работа, которая осуществляется в разнообразных формах.

Система профилактики девиантного поведения учащихся в образовательном учреждении включает в себя в качестве первоочередных следующие меры:

- создание комплексных групп специалистов, обеспечивающих социальную защиту детей (социальные педагоги, психологи, медики и др.);
- создание воспитывающей среды, позволяющей гармонизировать отношение детей и подростков со своим ближайшим окружением в семье, по месту жительства, работы, учебы;
- создание групп поддержки из специалистов различного профиля, обучающих родителей решению проблем, связанных с детьми и подростками;
- организацию подготовки специалистов, способных оказывать профессиональную социальную, психологическую, педагогическую, медицинскую помощь и занимающихся воспитательно-профилактической работой, прежде всего, с детьми и подростками группы риска и их семьями;
- создание общественных образовательных программ для усиления осознания и привлечения внимания к проблемам молодежи с отклоняющимся от нормы поведением (телевизионные программы, обучающие программы и т.д.);
- организацию детского досуга.

Как показывают исследования, дети и подростки с девиантной направленностью имеют много свободного времени, причем ничем не заполненного. Поэтому организация досуга детей и подростков является важным направлением воспитательно-профилактической

работы. В понятие «досуг» входит широкое пространство и время жизнедеятельности ребенка за пределами учебной деятельности. Досуговая сфера жизнедеятельности детей и подростков может выполнять следующие функции: восстановление физических и духовных сил детей и подростков, развитие их способностей и интересов и свободное общение со значимыми для ребенка людьми.

Большую роль в организации досуга детей и подростков на сегодняшний день могут сыграть учреждения дополнительного образования. Профилактика девиаций через включение ребенка в деятельность УДО подкрепляется возможностью создания ситуаций самореализации, самовыражения и самоутверждения для каждого конкретного ребенка.

Таким образом, формы и методы социальной поддержки детей с девиантным поведением направлены на то, чтобы поставить девиантное поведение под социальный контроль, включающий в себя: во-первых, замещение, вытеснение наиболее опасных форм девиантного поведения общественно-полезными или нейтральными; во-вторых, направление социальной активности ребенка в общественно одобряемое либо нейтральное русло; в-третьих, отказ преследования подростков, занимающихся бродяжничеством, наркоманией, и др.; в-четвертых, создание специальных служб социальной помощи. На сегодняшний день весьма актуальной является проблема поиска эффективных способов коррекции девиантного поведения [4, с. 90]

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Л.Б. Шнейдер. «Девиантное поведение детей и подростков». - М., - 2005. - 336 с [1, с. 416].
- 2 Иванов А.В. «Социально-педагогическая поддержка ребенка в образовании»: Учебное пособие. - М., - 2013. - 180 с [2, с. 56].
- 3 Комитет по правовой статистике Казахстана [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.stat.gov.kz [3, с 2].
- 4 Попов В. А. «Социально педагогическая профилактика девиантного поведения подростков в системе средних [4, с. 90].

МЕКТЕПТЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ АМАЛДАРЫ

БАЙШУКИРОВА Н. А.
студент, Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
МАРАЛБАЕВ А. Қ.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖЕРГАСИНОВА Г. Е.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, ЖОМ, Павлодар қ.

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» дейді ата-бабаларымыздан қалған асыл сөз. Небір адамдардың мектепке тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққаны ешкімге де жасырын емес, бәрі де бәсеңден белгілі. ХХІ ғасырдың жаһандану үдерісі әлемнің білім беру үдерісіне өз талабын қоюда.

Әр адам еңбегінің нәтижесін көргісі келетіні белгілі. Оқушылар да өз еңбегінің нәтижесін білгісі, көргісі келеді. Мұғалім сабақ соңында сол нәтижені баға қою арқылы көрсетеді, алайда ол бағаның объективтілігіне кейбірінің таласы бары – ол да шындық. Әр өткізілген сабақтан соң оқушы өз бағасын көріп, алдыдағы білімі мен алған білімін салыстыра отырады. Сондықтан сабақты жоспарлағанда да, оқушы өзін бағалай алатындай, яғни осал, мықты жақтарын көріп, сараптай алатындай жоспарлау қажет. Қазір сабақ барысында оқушыны бағалау тек білімді менгеру деңгейін ғана көрсетеді. Бірақ, білім алушының белсенділігі, қалыптастырған құндылықтары жүйесін көрсете алмайды.

Сол себепті де әкімшілік алдында, мұғалімдер алдында бағалауды алға қойған мақсатпен ұштастыру жұмысы тұр. Бұның шешімі ретінде оқыту үшін бағалауды қарастырып көруге болады. Яғни оқуды бағалауды оқыту үшін бағалауға ауыстыруға болады. «Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі» – деп анықтама берген екен бағалауды реформалау тобы» [1, 9 б.]. Оқыту үшін бағалауда оқушылар бағалау түрлерін сабақта жүргізілгенін көреді. Топта жұмыс істей алады. Бір-бірін әділ бағалай алады. Бағалау критерийлерін өздігінен құра алады. Бағалауды жүргізген кезде, өзінің, сыныптасының болашағына әсер ететіндігін біледі. Сөйтіп, оқушылар бойында оң уәж пайда болады. Мақсат қойып, өзіне-өзі сын көзбен қарайды. Сөйтіп оқушының білім

алуға деген ынтасы мен дағдыларын бойында қалыптастырса, онда күтілетін нәтижелердің сапасын көтерер едік.

Осыған орай, мектепте бағалау әдісін өзгерту арқылы білім сапасын көтеруде мектепке өзгерістер енгізу керек деген түйін шықты.

Зерттеу сұрағы: «Бағалау әдісін өзгерту арқылы білім сапасын қалай өзгертуге болады?».

Міндеті: тәжірибе өту уақытында өзін-өзі бағалау арқылы білім алушылардың өз әлеуетін сезінуге, өз қажеттіліктерін білуге мүмкіндік беру, мүмкіндік туғызу. Әріптестерге өз сабақ беру әдісінің нәтижелілігі туралы ойландыру.

Күтілетін нәтиже: Мектеп:

Сапалы білім беру арқылы білім сапасы көтеріледі.

Әдістемелік жұмыс «бойына қан кіреді».

Мектеп пен оқушы және ата-аналар арасында ынтымақтастық үдерісі күшейеді.

Мектептің даму жоспарын жасауда қажеттіліктер ескеріліп, оқу үдерісіне қатысушылар тартылады.

Мұғалімдер:

Бағаны оқушының білім алғаны және қалай меңгергендігі үшін қояды.

Бағалаудың түрлерін енгізу арқылы оқушының сабақтағы қатысу, тапсырманы орындау деңгейіне баға береді.

Жекелеген пәндерді оқыту кезінде «Оқыту мен оқудағы жаңа әдістерін» енгізе отырып, білім сапасын көтереді.

Жеке оқушы деңгейінде жиынтық бағалауды кейінгі деңгейлерді анықтау үшін қолданады.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспар құруды үйренеді.

Өзінің сабақ беру әдістемесін сын көзбен бағалайды, олқылықтарын жойып, түзетулер енгізеді.

Оқушы:

Бағалау түрлерін сабақта жүргізілгенін көреді.

Топта жұмыс істей алады. Бір-бірін әділ бағалай алады.

Бағалау критерийлерін өздігінен құра алады.

Бағалауды жүргізген кезде, өзінің, сыныптасының болашағына әсер ететіндігін біледі.

Өзін-өзі бағалау түрлерімен танысады.

Мектепте жүргізілген сауалнама арқылы біз мұғалімдердің сабақта әр түрлі оқыту әдістерін қолданатынын көрді. Яғни олар миға шабуыл, Венн диаграммасын, кубизм секілді стратегияларды қолданатыны анықталды. Барлығы өз мамандығы бойынша жұмыс

істеуде. Әдістемелік бірлестіктер арқылы оқытудың жаңа әдістерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, озат іс-тәжірибені зерттеп, оны таратуға көңіл бөлінуде.

Алайда, бес саусақтың бірдей еместігі белгілі. Әріптестердің көбі дәстүрлі сабаққа иек артқан. Сабақ беру барысында тізгінді өз қолына алып, оқушыларға шылбырдың ұшын да ұстатпайтындары жеткілікті. Сабақ уақытын өздері ғана алып, оқушыларға мүмкіндік берілмейді. Яғни оқушылар дайын, құрғақ ақпаратты алады да, оны қорытуға қатысуы аз. Топтық жұмысты қолданатындар да некен-саяқ. Үй жұмыстары, сабақ барысында жасалатын жаттығу жұмыстары мұғалімнің шаблону бойынша іске асырылады, уақытпен санаспайды. Оқушылар бағалауға қатыстырылмай шет қалады, мұғалім өзі бағалап, қорытындылайды. Осындай өткізілген сабақтар нәтижесінде оқушылар жалығып, белсенділігі азайып, қызығушылығы жоғалады. Мұндайда, оқушы өздігінен білім алып, өздігінен жасағанда, нәтижесі болатындығы аяқ – асты қалып қояды.

2, 3-деңгейден өткен мұғалімдер сабақтарына жаңаша леп әкеліп, өзгерістер енгізіп жатыр. Сабақтарында 7 модульді кірістіріп, талабына сәйкес, сынып оқушыларының бәріне де бірдей білім алуына жағдай жасап, шығармашылық деңгейлерін көтеруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға тырысады. Бұл сабақтардың аяғында кері байланыс жасалынып, оқушылардың ынталары артқанына көз жетеді.

Мінекей, жаңа форматтағы курстан өткен мұғалім мен өтпеген мұғалім сабақтарын салыстырғанда айырмашылық көзге бірден ұрып тұрады. Демек, Кембридж бағдарламасының берері мол екендігіне дау тумайды. Бұл бағдарлама дені сындарлы оқыту теориясын ұсынады. Әдеттегі оқыту барысында берілген білімді оқушылар жаттанды (зубрилка) түрде естерінде сақтайды да, мағынасы жағынан аса мән берілмей, баға алу үшін жатталғандықтан, белгілі бір уақыт өткен соң, қажетке жаратылмай, ұмытылып қалады. Яғни бұл алынған білімнен болашақта пайда болмайды. Өйткені түсінбей, автоматты түрде алынған білімнің берері аз болады.

Ал сындарлы оқыту жөнінде мұғалімдерге арналған нұсқаулықта былай делінеді. «...оны дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдерімен салыстыра қарап, дайын білім беруге негізделген оқыту тәсілдерінің білімді меңгеру былай тұрсын, олар бойынша терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудыра бермейтінін тілге тиек етеді.

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету» [1, 11 б.].

Енді жалпы алып қарасақ, ұстаздар оқу үдерісінің міндеттерін, мән - мақсаттарын, оқушыларды ынталандыру, оның жолдарын, оқушылардың жағдайын, сыныптан тыс жұмысбастылығын түсінеді. Себебі, мектептегі оқушы саны көп ауыл мектептеріндегідей жағдайда, яғни аз. Әрқайсысының мінез-құлқы, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығын біледі. Оқушылардың әр түрлі сайыстарға, жарыстарға қатыстыру арқылы пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осының нәтижелі болуы үшін оқушылармен кері байланыс арқылы, олардың хал-ахуалын, әлеуетін, қажеттілігін, мүмкіндігін анықтау қажет. Оның бір тәсілі ретінде ата-анамен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы да мәліметтер алуға болады. Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша, мектеп пен ата-ана арасында байланыстың әлсіздігі көрсетілді. Оқушылардың ынтасы, оқу үлгерімі жөнінде тек тоқсан аяқталғанда болатын ата-аналар жиналысы барысында ғана білетіндіктерін айтты.

Мектеп мұғалімдерінің өздері аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Сондай-ақ, семинар, конференцияларға үзбей қатысады. Олар мектепте, аудан мұғалімдері алдында өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ойларын ортаға салады. Бір қарағанда, міне, кәсіби желілік қоғамдастық түрі, алайда, нәтижесін бермейтін бұл жұмысты толыққанды қоғамдастық деп айтуға ауыз бармайды. «Біздерде мынадай бар, мынадай бар», – деп С. Торайғыров өлеңінде айтылмақшы, мұндай семинар, конференцияларда, әркім өзінің жетістіктерін айтумен шектеледі де, оған қандай термен, қандай еңбекпен жеткен амал-тәсілдері, жолы айтылмайды. Сондықтан да, мұндай семинарлардың нәтижесі, берері аз. Әрі, шығармашылық топтардың жұмысында жүйелілік жоқ, бірі топқа келіп жатады, бірі кетіп жатады. Өткізілетін шығармашылық күндер мен өткізілетін ашық сабақтар да нәтижеге бағытталған деп айту қиын. Өйткені аттестациядан өтетін мұғалімдер сол жылы жан ұшыра дайындалып, білегін сыбана жұмысқа кіріскенсиді, алайда, санатын алған соң, баяғы таз қалпына қайта келеді. Сондай-ақ, бұрынғы екі жұмалық біліктілікті көтеру курстарында да тек мұғалімнің теориялық білімін көтеру жағы басым болды. Ал қазіргі Кембридж бағдарламасы негізінде құрылған курста теория мен тәжірибе қоян қолтық жүреді. Сондықтан да нәтиже болары сөзсіз.

Білім беру технологияларын қолдануда мұғалімдер мамандардың біліктілігін арттыру курстарында алған білімдерін пайдаланды. Ал «оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі» [1, 2 б.].

Сабақты оқытудың әдіс-тәсілдері көп, дегенмен оқушылардың білім – білік дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс – тәсілдерді тандап алу мұғалімнен жоғары шеберлікті қажет етеді. Бағдарламада құзырлы мұғалімнің алдына бірқатар міндеттер қойылған. Мұғалім оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу керек. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушыға тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін қамтамасыз ету болып табылады. Сөйтіп, оқушы білім алуы үшін жауапты болады. Мұндай жауапкершілікті сабақ үстінде сезініп, қабылдайды. Білім беру барысында, білім сапасын көтеруде Шульманның «үш көмекшісі» мұғалімде болған жағдайда оқыту жақсы болып саналады. Сондай-ақ, оқытудың технологиялары жүйелі, әрі дұрыс қолданбаса, әрі оқушының сұранысы ескерілмесе, онда білім сапасы төмендейтіні сөзсіз.

Технологияны пайдалану сөздерінің астарында әр мұғалімнің жеті модульді пайдалана отырып, орта мерзімді жоспар құра білуі жатыр. Сол кезде ғана оқушылардың қызығушылығы өседі. Әрқайсымыз іс-әрекеттегі зерттеу айналымына сай жоспар құрып, соны іске асырып, сабақ кезінде бақылап, рефлексия жасауымыз керек. Мұғалім сабақтың оқыту әдіс-тәсіліне өзгерістер енгізіп, оқушылармен байланыс басқаша өрбу керек. Қазіргі білім жүйесінің өзгеруіне сәйкес мұғалімдер сындарлы оқытудың теориялық негіздері мен оқыту технологиясын үйренудің Евразийский национальный университет керек. Соның салдарынан оқушы бойында сыни ойлау қабілеті дамиды, талдай білуге үйренеді, іс-әрекетті жоспарлап, өзінің іс-әрекетіне сараптама жасайды. Жиынтық және қалыптастырушы бағалау дағдылары қалыптасып, алған білімін өмірде қолдана алады.

Әріптестермен бірге бірлесіп семинарлар, отырыстар, кеңестер өткізген мүмкіндіктер бар, дегенмен оның нәтижесі аз. Жаңағы семинар болсын, пән апталықтары болсын, ашық сабақтар болсын

белгіленген жоспарға сәйкес мектепте өткізіліп жатады. Алайда, көпшілігінің сол ашық сабақтарды өткізер алдында оқушыларды жиып алып, дайындық (репетиция) жүргізетіні де белгілі жағдай. Оқушылар өзара неге әр сабақ осылай жүргізілмейді деп те жатады. Дегенмен, осындай ашық сабақтың өзі де нәтиже бермейді. Өйткені алдын ала дайындалған сұраққа алдын ала дайындалған жауап алынады да, сындарлы ойлау қалыптастырылмайды.

Дәл осы оқушылармен өткізілген басқа мұғалім сабағы. Уақыт зыр етіп, белсенді жұмыспен көзді ашып жұмғанша өте шығады. Сабақ мақсатына жетті. Бәрі разы. Неге? Менің түсінігімше, әр адам өз ісіне берілген кәсіпқой, өз алдына қойылған мақсат-міндеттерді үлкен жауапкершілікпен сезіне білуіне байланысты деп ойлаймын. Өйткені, әкімшілік жағынан жағдайлар жасалған. Мектеп компьютерленген, интер белсенді тақталар бар, интернет желісіне қосылған. Бірақ осы мүмкіншіліктерді пайдалануда селқостық бар. Сондықтан, басқа мектеп мұғалімдерімен, әрі кетсе облыс, республика мұғалімдерімен (акт құралдары арқылы) желілік қоғамдастық құрудың маңыздылығы зор. Мұнда мәселе тәжірибе алмасу, ықпалдасу, ынтымақтастықта шешіледі. Желідегілердің тәжірибені қабылдап, жүзеге асыруы маңызды болады.

Менің ойымша, мектептің даму жоспарын құру үшін мен тренердің, мектеп әкімшілігінің және тәлім алушы әріптестерімнің көмегіне сүйену Евразийский национальный университетім керек. Өйткені, мектеп жоспарын құру үлкен жауапкершілікті талап ететін үдеріс. Мектепке, оқыту сапасына өзгеріс енгізу үшін іс-әрекеттер мен коучингтер жоспарлауым керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Касыбаева М. Мұғалімге арналған нұсқаулық. I деңгей, 2-басылым. 2016 ж. – 35 б.

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫЛЫМҒА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ

БАЛАГАЗИНОВА А. С.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ДӨНЕНҚҰЛОВА Р. Ғ.
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Балалардың ақпаратты игерудегі белсенділігі олардың жеке көзқарастары мен қызығушылықтары негізінде жүзеге асатыны белгілі, бұл белсенділік оқу әрекетін ынталандырудың негізгі құралы болып табылады. Бұл жағдайда оқушылардың жеке даралық қасиеттерін ескеру, сөйлеу әрекеті мен олардың нақты сезімдері мен ойларымен және қызығушылықтарының ара жігін ажыратып алу керек.

Лексикалық бірліктер қорының молаюына қарай көптеген балалар көру тірегін қажет етеді, себебі сөзді тек есту арқылы қабылдау өте қиын. Бұның әсіресе көру есіне қарағанда тындау есі артық дамыған балаларға ерекше қатысы бар. Сондықтан оқылымның маңызы зор.

Оқылым – жазбаша мәтінді қабылдауға және түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі. Оқылым процесінде мәтінде баяндалған ақпаратты түсіну және бағалау жүргізіледі.

Оқылғанды күрделі біріктіріп түсіне білу мәтінде графикалық түрде белгіленген ақпаратты қарапайым қайта кодтау дегенді білдірмейді, ол адамның қиялдау, эмоция, тәжірибе және білімнен тұратын белсенді ойлау қабылетін білдіреді. Оқырманның қайталанбас дара оқырманның белсенді рөлі оқылған мәтіннің мағынасын қайта жаңғыртуға ықпал етеді, мазмұнның тұлғалық талдануын анықтайды. Оқылымды мәтін мен оқырманның өзара әрекеттесу процесі ретінде түсіну оқылымды зерттеудің интербелсенді оқылым (interactive reading) деп аталатын қазіргі заманғы бағытын анықтайды. Оқылымды зерттеп білудің интербелсенді тәсілі оқылымның барлық компоненттері мен деңгейлерінің өзара әрекетінен, рецептивті дағдылары мен икемдерді біріктіруден тұрады, және сол арқылы оқытудың екі «жоғарыдан төмен қарай» және «жоғарыдан төмен қарай» психолінгвистикалық моделдерінің бір-біріне қарама-қайшылығын жояды.

Әдістемеді оқылымның түрлерін анықтау оның психологиялық жағын, педагогикалық және жеке әдістемелік факторларды ескере отырып жүргізіледі. Оқылымда кездесетін психикалық процестерге

байланысты аналитикалық (analytical reading) және синтетикалық оқылым (global reading), дауыстап оқу (reading aloud, oral reading) және ішінен оқу (silent reading) түрлеріне бөлінеді.

Педагогикалық жіктеу оқу процесінің ұйымдастырушылық жағына көңіл бөледі. Жұмыстың орнына қарай сыныпта оқу (class reading) және үйде оқу (home reading); ұйымдастыру нышанына қарай – жеке оқылым (individual reading) топтық немесе хормен оқу (group reading, chorus reading) деген түрлері бар.

Әдістемелік жіктеу мақсат құру және оқу-сөйлеу әрекетін анықтайтын жағдайларға баса назар аудара отырып, жеке әдістемелік факторларды ескереді. Әдістемелік жіктеудің негізін оқу оқылымы және коммуникативтік оқылым құрайды.

Оқылымға үйретудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрбір нақты жағдайда оқушыларда оқылым мақсатын сезінуді қалыптастыруды және осы мақсатқа сай келетін оқылым стратегиясын (reading strategy) тандауды қарастыру қажет [1, 45 б.].

Guided reading

Оқу оқылымы оқыту құралы ретінде қолданылады және оқылым механизмдерін қалыптастыру процесінде, түйсіну және түсіну процестерінен тұратын мынадай операциялар мен әрекеттер кезінде жүзеге асырылады:

- көру арқылы қабылдау (visual perception) және білу (recognition);
- көру образдарын ауызша және тындау образдармен арақатынасын белгілеу (grapheme-morpho-phoneme correspondences);
- антиципация, алдын ала сезу немесе ықтималдық болжау (anticipation / prediction / forward inferencing);
- сөйлеу ағынын дискреттік бірліктерге (segmentation / chunking) саралау, сөйлем ішіндегі сөздерді топтастыру (grouping) және пайда болған топтарды мағыналық маңызды кезең (context cues) ретінде пайдалану;
- мағыналық болжал (guessing / inferring from context).

Графикалық образдарды жазбаша мәтіннің, лексико-грамматикалық бірліктерін тез және қатесіз қабылдау мен тану дегеніміз оқылымның рецептивті және лексико-грамматикалық дағдаларын қалыптастыру.

Оқу оқылымы аясындағы оқу әрекетін жүзеге асыру жағдайларына байланысты оқылымның мынадай жұптық түрлерін айыруға болады:

* мәтінмен жүргізілетін оқу жұмысының әдісі мен сипаты бойынша – интенсивті (intensive reading) және экстенсивті оқылым (extensive reading);

* оқылым процесіндегі өз бетімен жұмыс істеу дәрежесі бойынша – әзірленген және әзірленбеген оқылым; сөздікпен және сөздіксіз оқылым; қиындықтары ішінара және толық жойылған оқылым;

* оқылым процесінде ана тілінің қатысуына байланысты оқылғанды түсінуді тексеруге байланысты аудармасыз және аудармалы оқылым.

Шет тілін оқыту процесінде оқу оқылымының барлық түрлері өзара әрекеттес және бірін-бірі толықтырады. Мысалы, интенсивті және экстенсивті оқылымның рационалды үйлесуі және кезектесіп келуі оқылым негізіне жататын анализ және синтез психикалық процестердің бірлігін нығайтады және әрбір оқу оқылымы түрлерін арттыруға және тұтастай коммуникативтік оқылымды арттыруға ықпал етеді.

Intensive reading және extensive reading терминдері шетелдік әдістеде жалпылай қабылданған. Бұл терминдердің орысша баламаларында дискурсивтік және курсорлық оқылым, сонымен бірге аналитикалық және синтетикалық деген жұптық синонимдер бар. Аталған жұптық терминдер анализ және синтез психологиялық түсініктермен өзара қарым-қатынаста болады және жұп бойынша сипатына мәтінді толықтай немесе бөлшектеп түйсіну сипатына қарай ажыратылады. Егер «аналитикалық-синтетикалық оқылым» жұбында мәтінде айтылған ақпаратты қабылдаудың ішкі психологиялық механизмі ерекшеліктері белгілі болса, ал интенсивті-экстенсивті терминдерінде бірінші кезекте сыртқы жағы – яғни сол бір психологиялық факторларды ескере отырып құрылған мәтінмен оқу-әдістемелік жұмыс жасаудың сипаты қарастырылады. Кей жағдайда отандық әдістеде интенсивті-экстенсивті терминдерін қолдану кезінде оқылымның көлемі, саны басты назарда болады.

Жоғарыда аталғандар терминдердің ішінен оқылымға оқыту кезінде «аналитикалық оқылым» термині кеңірек қолданылады, ал оқу оқылымның осы түрі шет тілдерін оқыту тәжірибесінде дәстүрлі маңызды орын алады. Шет тілдерді педагогикалық жоғары оқу орындарының арнайы факультеттерінде оқыту жағдайында аналитикалық оқылым жеке оқу пәні дәрежесінде оқытылады.

Intensive reading

Интенсивті оқылым – оқу оқылымының түрі, мәтінді толық және дәл түсінуді, екі тілді және түсіндірмелі сөздіктерді пайдалану арқылы аналитикалық әрекеттер мен операциялардың көмегімен қажетті ақпараттар алу кезінде қиындықтарды өз бетінше жеңуді топшылайды. Интенсивті оқылым кезінде тек мәтіннің мазмұны мен мағынасы ғана емес, оның тілдік нышаны да басты назарда болады. Саналы дискурсивті анализ және тілдік нышандарды салыстыру оларды игеру мақсатымен жүргізіледі. Аналитикалық жаттығуларды орындау барысында тілдік материалдарға сүйенген Евразийский национальный университет дағдыларының бағдарлық негізі құрылады. «Аналитикалық жаттығулар оқылым барысында ақпарат алудың тек алғашқы, аналитикалық-түсіндіру сатысынан тұрады; жұмыс оқушылар оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге жаттығатын синтездеу кезеңімен аяқталады».

Extensive reading

Экстенсивтік оқылым – көлемі үлкен мәтіндерді жоғары жылдамдықпен оқу дағдыларын дамытатын, мазмұнды негізінен өз бетінше жалпылай қамтитын оқу оқылымының түрі. Оқушының назары негізінен мазмұнына бағытталады, оқылым процесінде синтез анализден басым түседі, әр түрлі қиындықтарды жеңуге ықпал ететін болжал маңызды рөл атқарады. Экстенсивтік оқылымды мұғалім мәтіннің үлкен бөлігін қамтитын және оның мазмұндық жағын сөз ететін арнайы тапсырмалар арқылы бағыттайды және басқарады. Бұл тапсырмалар бағаны, оқылған мәтінді түсіну және ауызша-сөйлеу қарым-қатынасында (ауызша хабарламаларда, оқу тобының алдында сөйлегенде, пікір таласында, рөлдік ойындарда) және жазбаша сөйлеу шығармаларын құру кезінде алынған ақпараттарды пайдалануға түрткі болады.

Reading aloud / Oral reading

Шет тілді оқыту кезінде дауыстап оқылым оқу техникасын дамытудың, коммуникативті оқылым икемділігін дамытудың құралы, сонымен бірге тыңдау арқылы айту және мәтінді түсінудің ритмикалық-интонациялық дағдылары мен деңгейін қалыптастыруды бақылау құралы болып табылады, яғни прагматикалық тест ретінде қолданылуы мүмкін болады. Дауыстап оқылым нәтижесінде оқушылар тілдің дыбыстық жүйесін меңгереді, көру сигналдарын дыбыстық сигналдарға қайта кодтауды үйренеді, сөйлеу ағынын мағыналық топтарға саралауға үйренеді. Дауыстап оқылым процесінде қалыптасқан икем іштей оқуға ауыстырылады

(silent reading), бұған олардың психофизиологиялық базаларының ортақтығы ықпал етеді.

Дауыстап оқылым мен іштей оқылымның ара қатынасы оқыту кезеңдеріне байланысты өзгереді. Дауыстап оқылымның үлес салмағы әсіресе бастапқы кезеңде, тыңдау арқылы айту және ритмикалық-интонациялық дағдыларын қалыптастыру кезеңінде ерекше маңызды. Оқылымға үйрету кезінде келесі режимдерді пайдалану ұсынылады:

- эталон негізінде дауыстап оқу;
- эталонсыз, бірақ дайындық арқылы дауыстап оқу;
- эталонсыз, және алдын ала дайындықсыз оқу.

Кейбір авторлар мен мұғалім-практиктер оқу оқылымының тиімсіз және әдістемелік жағынан ескірген түрі деп санағандықтан, дауыстап оқуға керісінше көзқараста. Енді біреулері оқылымның осы түрінің маңызды рөлін қолдайды және дауыстап оқудың жаңа, қызықты әдістерін ұсынады.

Дауыстап оқылым сөйлеу әрекетінің «қаратылған», «бағытталған», «мәнерлеп» оқылым сияқты өзіндік жеке түрі ретінде қолданылады.

Communicative reading / Fluent reading

Коммуникативтік немесе толысқан оқылым икемділігін дамыту – шет тілін оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі. Толысқан оқылым дегеніміз жазбаша мәтінмен оқып отырған адам алдағы әрекетінің мақсатын анық сезіну жолы. Толысқан оқылым оқу техникасын автоматтандырумен және рецептивті лексика-грамматикалық дағдыларды дамытудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл оқылатын мәтіннің мазмұнына зейіннің бағытталуын, оқылымның нақты тапсырмаларына сайма-сай әдістерді қосу икемділігімен (reading strategies) сипатталады.

Шетелдік және отандық әдістеде коммуникативтік оқылым аясында ерекше маңыздысы және кең таралғаны нақты коммуникативтік тапсырмаларды ескере отырып әзірленген коммуникативтік оқылым түрлерінің жіктелуі, оқылым процесін сипатын білдіретін ақпаратты алудың дәлділігі мен толықтығы дәрежесін құру. Жіктеудің дәл осы түрі нақты өмірде ақпарат алу үшін (reading for information) және қанағаттану үшін (reading for pleasure) қолданылатын оқылым түрлерін бейнелейді. Оқылымға үйрету процесінде мақсат қою сөйлеу әрекетінің аса маңызды элементі ретінде тапсырмалар түрінде беріледі. Бұл тапсырма

оқылымға арналған мәтіннің сипатына байланысты болады және оның мазмұнына тереңдеу дәрежесін анықтайды.

Британдың әдіскерлер арасында коммуникативтік оқылым түрлерін білдіретін терминдерді: scanning, skimming, reading for detailed comprehension қолдануда үлкен келісімділік байқалады. Соңғы алты жылдағы отандық әдістемелік жарияланымдарда анағұрлым кең тараған толық терминдер: ақпаратты таңдап алу арқылы оқылым, негізгі мазмұнды түсініп оқу және мәтінді толық түсініп оқу. Осы аталған терминдермен қатар С. К. Фоломкина әзірлеген коммуникативтік оқылым түрлерінің жіктелуі де кеңінен таныс, ол оқылымның сол түрлерін бөліп көрсете отырып, оларды іздЕвразийский национальный университетші, қарап шығушы және үйреніп таныстырушы оқылым ретінде анықтайды.

Scanning

Ақпаратты таңдап алу арқылы оқылым – ары қарай белгілі мақсатта пайдалану үшін мәтіннен арнайы ақпарат табуға бағытталған коммуникативтік оқылым түрі. Бұл ақпарат екі түрлі болуы мүмкін:

Мәтіннен тауып алу қажет болатын нақты ақпарат: анықтамалар, даталар, сандық деректер, есімдер мен атаулар немесе суреттеу, аргументтеу, ереже, баға бере отырып талқылау түріндегі анағұрлым толық ақпарат. С. К. Фоломкина нақты ақпаратты іздеуге құрылған оқылымды іздеуші оқылым деп атайды. Оқу процесінде тапсырма, алдын алушы іздеуші оқылым оқушылар мәтінді оқып, тауып алуы тиіс нақты ақпаратты көрсетеді. Изделетін ақпаратты тез тауып алу үшін көмек ретінде дискурс элементтері және мәтіннің сигналдық бірліктері қызмет етеді. Мәтіннің мазмұны туралы жалпы түсінік алу мақсатымен оқылым және бірнеше көзден керегін таңдауды С. К. Фоломкина қарап шығушы оқылым деп атайды. Оқылымның бұл түрі көлемі жағынан әр түрлі жарияланымдарды (мәтін үзінділерден бастап бүтіндей мақалалар мен кітаптарға дейін) қарап шығуды көздейді және көбінесе ғылыми-зерттеу және кәсіби әрекеттерде көп қолданылады [2, 56 б.].

Ақпаратты таңдап алу арқылы оқылымның мәні қажетті ақпаратты тез іздеу және табуда болғандықтан, сөйлеу әрекетінің бұл түріне жаттығу әдетте уақыт жағынан шектеулі болады және оқушылар арасындағы жарыс түрінде өтуі мүмкін. Бұл кезде орындалатын негізгі оқу-сөйлеу әрекеттері іздеу, идентификация, таңдау және салыстыру әрекеттері болып табылады. Skimming / Skim reading / Reading for gist

Негізгі мазмұнын түсіну арқылы оқылым, ақпаратты таңдап алу арқылы оқылым – негізгі мазмұнды жалпылай қамтитын, анағұрлым маңызды, негізгі түсінуге құрылған коммуникативтік оқылым түрі; таныстырушы оқылым. Қосымша, маңызды емес фактілер түсініксіз болуы мүмкін, маңызы жоқ бөліктер алынып тасталуы мүмкін. Таныстырушы оқылым кезінде «егер қалған 30 %-ы мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге арналған маңызды ережелеріне жатпайтын болса, мәтіннің 70 % -ы жеткілікті дәрежеде түсінікті болуы жеткілікті болады». Таныстырушы оқылым процесінде синтез анализден артық борлады, тілдік нышан еркін назар нысанасы болып табылмайды. Басқаларға қарағанда бұл оқылым түрі көп дәрежеде бүтіндей мәтіннің және оның бөліктерінің құрылымымен және коммуникативтік бағытталуымен, яғни абзацтардың әр түрлі функцияларымен таныс болуды талап етеді. Оқушылардың қысқаша түрде берілетін анағұрлым маңызды ақпараттың көбінесе бірінші және соңғы абзацтарда болатынын білуі керек.

Негізгі мазмұнын түсіну арқылы оқылым тақырыпты анықтай білу, негізгі ойды бөліп алу, мәтіндегі қосалқы фактілерді тастап кетіп, негізгі фактілерді таңдау сияқты жиі кездесетін икемдердің қалыптасуын көздейді.

Reading for detailed comprehension

Мәтінді толық түсіну арқылы оқылым, толық ақпаратты алу арқылы оқылым – мәтінде айтылатын барлық негізгі және қосалқы фактілерді толық және дәл түсінуге, олардың мағынасын түсінуге және есте сақтауға құрылған коммуникативтік оқылым; зер салушы оқылым. Зер салушы оқылым кезінде оқушы алынған ақпаратты осыдан кейін қайта жаңғыртуға немесе қандай да бір формада пайдалануға: оқылғанның мазмұнын басқаларға ауызша немесе жазбаша жеткізуге, бағалауға, пікірін айтуға, ақпаратты түсіндіруге, мәтін мазмұнын бірлесіп талдауға тура келетінін болжайды. Шын мәнінде оқылымның бұл түрі көбінесе оқу және кәсіби әрекетпен байланысты.

Мәтінді толық түсіну арқылы оқылым анағұрлым күрделі және қиындық туғызады. Шетел тіліндегі оқылымның бұл түрін меңгеру интенсивті оқылымға сүйенеді, көп еңбектЕвразийский национальный университетді және көп уақытты қажет етеді. Оқылғанды толық, дәл және терең түсіну үшін оқылатын тілдің лингвистикалық ерекшеліктерін жеткілікті білу, көлемі әжептәуір лексикалық-грамматикалық материалды рецептивті меңгеру қажет. Оқылымның барлық түрлеріне ортақ негізгі икемдерден басқа,

арнайы дағдылар да: мәтінді ішін ара талдай білу, мәтінді мәні мен мағынасы деңгейінде анық түсіну талап етіледі. Мәтінді толық түсіну арқылы оқылым сөздікке жиі жүгінумен байланысты.

Critical reading

Сын тұрғысынан бағалау арқылы оқыту, сын тұрғысынан талдау жасау немесе сын тұрғысынан оқу – оқылғанды мәтіннің мазмұнын жеке көзқарасымен, білімдерімен, жеке өмірлік тәжірибелерімен арасын белгілеу арқылы бағалауды (ғылыми, көркем, публицистикалық әдебиет) көздейтін коммуникативтік оқылым түрі [3, 73 б.]. Мәтінді толық және дәл түсінушіз, түпкі ойды және автордың ойын айқындаусыз, әдеби тәсілдер мен автор стилінің ерекшеліктерін білмей тұрып дәйекті бағалау мүмкін емес. Сын тұрғысынан бағалау арқылы оқыту оқылымның әр қилы түрлерін біріктіреді, оқылым икемін дамытудың жоғары деңгейін, мазмұны мен тілдік формасын талдау қабілетін, фактілерді пікірден ажыратуды, оқылғанға күдікпен қарауды топшылайды.

Оқылымның барлық түрлері бір-бірімен өзара байланысты екенін атап айту қажет, олар бір-бірімен қабысып, бірін-бірі толықтырады. Оқылымды үйретудің рационалды әдістемесі оқылымның аталған барлық жіктеулерді ескере отырып жасалуы қажет, ал оқу процесінде оқылымның әр түрін қолдану ортақ мақсатқа – шет тілінде оқылымға үйретуге жету құралы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Рогова Г. В., Рабинович Ф. М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе: М.: Просвещение, 1991.- 45б.

2 Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе: Учеб.-метод. пособие для вузов/ С. К. Фоломкина. – М. : Высшая школа, 1987.-56 б.

3 Клычникова З. И. Психологические особенности обучения чтению на иностранном языке: Пособие для учителя. – М. : Просвещение, 1983.- 73 б.

ТВОРЧЕСКИЙ УРОК ТЕХНОЛОГИИ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

БЕЙСЕМБАЕВА М. Е.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КУДИЯРБЕКОВА Г. К.

магистр, ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Сегодня перед школой поставлены задачи формирования нового человека, повышения его творческой активности. Современная средняя общеобразовательная школа наряду с обеспечением прочных знаний способствует развитию у школьников функциональной технологической грамотности, общетрудовых политехнических знаний и умений, необходимых во всех сферах профессиональной деятельности, формирует такие важные качества личности, как трудолюбие, уважительное отношение к труду, бережливость, упорство в достижении поставленной цели, предприимчивость, творческий подход к принятию решений. «Технология» в школе – интегративная образовательная область, синтезирующая научные знания из курсов математики, физики, биологии и показывающая их использование в, промышленности, энергетике, связи, сельском хозяйстве и других направлениях деятельности человека. Занятия по технологии, как и по любому другому предмету, представляют собой законченный, целостный, ограниченный временными рамками отрезок учебно-воспитательного процесса, логическую единицу темы, раздела, курса, но сфера их воздействия видится гораздо шире, чем техническое и естественно-научное просвещение. Изучение процесса становления творческой личности имеет научную и практическую актуальность в силу того, что творческая индивидуальность каждого человека, реализуемая им в личной, профессиональной и общественной сферах, является основным ресурсом развития открытого общества. Решение задачи становления творческой личности во многом зависит от школы, от того, насколько организация образовательного процесса способствует творческому развитию учащихся [1, с. 75].

Проблема творчества имеет долгую и спорную историю. Во все времена она являлась объектом пристального внимания мыслителей и ученых (философов, психологов, педагогов). Понятие «творчество» восходит к трудам Платона и Аристотеля. В философской литературе употребление понятия «творчество» многопланово. Оно рассматривается как «активность», «процесс»,

«вид деятельности», «форма деятельности» и т.д. Психологи (Д. Е. Богоявленская, А. Н. Леонтьев, Я. А. Пономарев и др.) рассматривают творчество как продукт мыслительной деятельности, что имеет принципиальное значение для нашего исследования, как один из важнейших механизмов развития личности.

По мнению Л. Н. Корнеевой самооценка профессионала определяет степень расхождения между уровнем его притязаний и реальным уровнем деятельности, точность постановки целей, адекватную эмоциональную реакцию на различные результаты деятельности. Завышенная самооценка способствует постановке целей, не соответствующих возможностям специалиста: ориентируясь на успех, он пренебрегает необходимой информацией, не прилагая необходимых усилий для достижения цели. Заниженная

самооценка приучает ставить легко достижимые цели, формирует внутреннюю неуверенность, приводя к пассивности и боязни личной ответственности. Таким образом, неадекватная самооценка не позволяет в будущем полностью реализовать свои возможности в профессиональной деятельности [3, с. 91].

Третьим рассматриваемым направлением организации самостоятельной работы служит развитие внеаудиторных видов деятельности: участие в научно-исследовательских кружках, тематических «круглых столах», научно-практических конференциях, олимпиадах и пр. Например, участие в кружках позволяет овладеть навыками поисковой и исследовательской работы, научно-практические конференции предоставляют студенту возможность создать свой собственный проект, представить свою собственную работу по той или иной теме, проявить свой творческий потенциал и в то же время расширить свой кругозор; олимпиада является превосходным средством контроля знаний, умений и навыков студентов, а также своеобразным стимулом для повышения их учебной активности.

Таким образом, дана краткая характеристика направлений изменения системы и методического обеспечения самостоятельной работы студентов, которые, на наш взгляд, являются наиболее существенными, чтобы она стала основой учебно-производственной деятельности студентов с целью формирования у них необходимых компетенций, значимых для специалиста в выбранной им отрасли народного хозяйства. Темп жизни настолько высок, что получаемые знания устаревают практически с завершением обучения, вынуждая переучиваться постоянно; отсюда, одна из черт нового образования, присущая современной эпохе – непрерывность. Иными словами, студенты должны научиться самостоятельно учиться и переучиваться.

ЛИТЕРАТУРА

1 Профессиональная педагогика: Учебник для студентов, обучающихся по педагогическим специальностям и направлениям. Под ред. С.Я. Батышева, А.М. Новикова. Изд. 3-е, перераб. М.: Изд-во ЭГВЕС, 2009.

2 О формировании конкурентной среды процесса обучения. Исмагилов Р.М. Конкурентоспособность региональной экономики / Вестник фил. ГОУ ВПО ВЗФЭИ, 8-2007. С. 325-328

3 Самооценка как механизм саморегуляции профессиональной деятельности. Корнеева Л.Н.: Вестн. ЛГУ. 1989. Вып.4.

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕСІ

ҚАБЫЛБЕК А. Е.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ДУНЕНКУЛОВА Р. Г.
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Оқу-тәрбие үрдісінде жаттығу маңызды рөл атқарады. Істің мәні бойынша, оқытушы қолданатын барлық әдіс-тәсілдер, ақыр соңында жаттығуларға негізделген. Қандай сабақ түрі болмасын, қандай да бір сөйлеу дағдысына үйрету болмасын, әрбір сабақ құрылымының басты құрамдас бөлігі – жаттығу болып табылады. Алайда, үлкен көлемдегі жаттығулар саны мен жаттығулардың шамадан тыс көп болуы шетел тілі сабақтарын жоғары дәрежеде тиімсіз етумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Керісінше, әртүрлі белсенді жаттығулардың оқу үрдісінде басым болуы, оқушылардың шетел тілі сабақтарында үздіксіз тәжірибе жасауына барлық қажет жағдай жасайды. Айтылған мәліметтер бойынша, жаттығулар оқу үрдісінің негізгі әдісі ретінде, мектепте шетел тілін оқытудың барлық сатыларын қамтуы тиіс.

Жаттығулардың құрылымын сипаттамас бұрын, алдымен, «жаттығу» терминіне анықтама берген жөн.

Педагогикалық әдебиеттерде жаттығу «жоспарлы түрде ұйымдастырылған, меңгеру немесе сапасын арттыру мақсатында қайталанып орындалатын әрекеттер ретінде қарастырылады (ақыл-ой немесе практикалық)» [1, 56 б.]. Жаттығу оқыту үрдісінде маңызды орын алады, себебі, қандай да бір іс-әрекетті меңгеру, кез-келген дағдылар мен біліктіліктерді дамытуда жаттығулардың маңызы зор. Жаттығулардың тиімді орындалуының маңызды талабы – жаттығуды орындаушының іскерлік қабілеттіліктерінің сапасын арттыруға саналы түрде бағытталуы болып табылады. Сондықтан, жаттығуларды орындау барысында, олардың ережелеріне сәйкес орындалуын, іс-әрекеттерді саналы түрде есепке алу шарттарын, қол жеткізілген нәтижелер мен жіберілген қателіктердің себептерін түсіну мен оларды жеңу жолдарына назар аудару қажет.

Шатилов С. Ф. жаттығуға «арнайы оқу үрдісінде қолдануға ұйымдастырылған бір немесе бірнеше рет орындалатын жеке немесе бірнеше операциялардың және сөйлеу әрекеттері сипатындағы жүйелер жиынтығы» – деген анықтама берді [2, 95 б.].

«Әдістемелік терминдер сөздігінде» Шукин А. Н. және Азимова Э. Г. жаттығулардың келесі анықтамасын береді: «Жаттығу – оқу үрдісіндегі әдістемелік материалдарды ұйымдастыруда және тікелей оқу процесінде пәндік-әрекеттердің осы материалмен қамтылуын, және олардың негізінде ақыл-ой іс-қимыл әрекеттерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін құрылымдық бірлік». Жаттығулар оқытуда маңызды орын алады, өйткені олардың негізінде қандай да бір әрекеттерді меңгеру жатыр. Жаттығулардың тиімділігі оларды ұйымдастыру және жүргізу әдістеріне тәуелді [3, 43 б.].

Алайда, әдістемелік әдебиеттерде шетел тіліндегі жаттығулардың мақсаттарын, міндеттерін, рөлін анықтауда әр түрлі көзқарастардың болуымен қатар, оларды жіктеу мен типологизациялау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, жаттығулардың нақты бір типологиясы және түрлері жоқ.

Әдістемелік әдебиеттерде жаттығулардың құрылымын зерттеуге әлі күнге дейін аз көңіл бөлінді. Бұл, әрине, әдіскерлер мен мұғалімдерің «құрылымсыз» жаттығуларды пайдаланады дегенін білдірмейді. Жаттығулар құрылымының сипаттамасы бойынша жаттығулар фрагменттік сипатта және барлық тіл мен сөйлеу әрекетінің түрлерінің аспектілерін қамтымайды.

Жаттығулар құрылымы жалпы оқу қызметінің негізінде тілдерді оқытудың жалпы әдісі бойынша бейнеленеді. Осындай тәсілдерде құбылыстардың сәйкестік мәні басты дәлел ретінде қарастырылады. Жаттығу іс-әрекеттердің тек жеке түрі болып табылады.

Педагогикалық ғылымдар негізінде жаттығулар жүйесі шетел тілін өз ана тіліндей меңгеруді қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. «...Жаттығулардың жүйелілігі – бірінші және басты негізгі жетістігі, ал осы жүйеліктің жетіспеушілігі шамадан тыс көп және ұзақ уақытты талап ететін орфографиялық жаттығулардың төмен нәтиже беретінінің басты себебі», – деп К. Д. Ушинский жазды [4, 52 б.].

Грузинская И. А. оқушылардың шетел тіліндегі жеткіліксіз білімдері мен дағдыларын жаттығулар жүйесінің жетіспеушілігімен сәйкестіндірді. Шет тілінде сөйлеуді оқытудың ғылыми негізделген және тиімді жүйесінің жоқтығы әдіскерлердің пікірі бойынша, мектептің және жоғары оқу орындары әдістемесінің өзекті және күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Өкінішке орай, шетел тіліне оқытудың жаңа әдістемелері ондай жүйемен әлі де қамтылмаған. Сонымен қатар, кейбір әдіскерлер оқыту үрдісінде,

оқу құралдарында немесе жалпы сөйлеу әрекеттерінде нақты бір жаттығулар жүйесін құрастыру мүмкіндігіне күмәнмен қарайды. Сондықтан қазіргі таңда, шетел тілінде жаттығулар жүйесін құрастыру мәселесі ең өзекті және өте күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Оның өзекті мәселе екендігі шетел тілдерін оқытудың практикалық әдістемесінде әзірше жеткілікті дәрежеде тиімді, тұтас және толық жүйемен қамтылған жаттығулардың жоқтығымен аңқалады. Алайда, дара немесе көп түрлі жаттығулар қанша жерден тиімді болса да, тілді оқытудың сәттілігін олар анықтай алмайды. Себебі, табысты оқу үрдісіне тек ұтымды жаттығулар жүйесі ғана кепілдік бере алады.

Жаттығулар жүйесінің астарлы негізінде қажетті жаттығулар жиынтығы, түрлері және жаттығулардың көптүрлілігі, олардың бірізді орындалу кезектілігі мен сөйлеу біліктіліктерін және дағдыларын қалыптастыру заңдылықтарын ескере отырып, берілген шарт бойынша шет тілін жоғары деңгейде меңгерілуін барынша қамтамасыз ету жатыр.

В. А. Бухбиндер жаттығулардың үш негізгі түрін айқындайды: ақпараттық, операциялық және мотивациялық. Ақпараттық жаттығулар тілдік материалды түсінуді және меңгеруді қамтамасыз етеді, яғни ол туралы қажетті ақпаратты бекіту.

Операциялық жаттығулар ақпараттық жаттығулардың жалғасы бола отырып, сонымен қатар сөйлеу бағыттылығы басым жаттығулармен тығыз байланыстылығы айқын бейнеленген: операцияларға сүйене отырып, олар оқушыларды сөйлеу қызметіне дайындайды.

Мотивациялық жаттығулар сөйлеу әрекетінің дағдыларын шынайылыққа жақын шарт бойынша дамыту мен жетілдіру жолдарын жүзеге асыратын жаттығулар.

Миролубова А. А. бойынша жаттығулар жүйесі оқу үрдісіне негізделген материалды меңгерудің мақсатын және оларды меңгеру амалдарын ескеру қажет. Жаттығуларды таңдау барысында олардың тілдік материалдарын игеру кезінде пайда болатын ойлау және мнемикалық міндеттерін, сонымен қатар оны меңгеру кезінде қатысатын анализаторларды ескеру қажет.

Миролубова А. А. жаттығуларды меңгеру тәсіліне қарай келесі түрлерге бөледі: біртүрлі және екітүрлі, жазбаша және ауызша, вербальдық және техникалық тағы басқа көрнекі құралдарды

қолданумен орындалатын, өздік (үй жұмысы) және мұғалімнің бақылауымен орындалатын (сыныптық) жаттығулар.

Біртүрлі жаттығулар жүйесі – оқушылардың өз ана тілдерін қолдануға жүгінбейтін жаттығу түрі. Олар тілдік атмосфера құруға жәрдемдесе отырып, оқушыларда шынайы және жылдам сөйлеу дағдыларын дамытады.

Екітүрлі жаттығулар жүйесі – ана тілін қолдануға сүйенетін (аудармасы) жаттығулар түрі. Олар екі тілді салыстыруға бағытталған, саналы түрде материалды меңгеруге негізделген жаттығулар.

Жазбаша жаттығулар – шетел тілдерінде жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар. Бұндай жаттығулардың негізгі міндеттері қозғалыс анализаторы басым (қолдың қозғалуы, көп жағдайда ішкі артикуляцияға негізделген) жазу фиксациясын және бақылау үшін көру, кей жағдайда есту анализаторларын қосу болып табылады.

Ауызша жаттығулар – сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі. Ауызша жаттығуларды орындау барысында тілдік материалды есте сақтауға жеңілдік беретін моторлық және есту анализаторлары басым рөл атқарады.

Вербальдық және техникалық тағы басқа көрнекі құралдарды қолданумен орындалатын жаттығулар – әр түрлі көрнекі құралдарды қолдануға негізделген (кесте, схема, кино, сурет) жаттығу түрлері. Көрнекі құралдарды қолдану материалды қосымша қауымдастықтарға байланыстыра отырып, оларды есте сақтауды жеңілдететін жаттығулар жүйесі.

Өздік жаттығулар (үй жұмысы) – оқу үрдісінде өткен фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материалдарды жетік түрде меңгеру үшін бағытталған оқушылардың өздік орындауға арналған жаттығулар жүйесі. Кең тараған өздік жаттығулар түрлеріне жазу және оқу жаттығулары жатады.

Сыныпта орындалатын жаттығулар – мұғалімнің бақылауымен жүзеге асатын, көбінесе жаңа грамматикалық, лексикалық және фонетикалық тақырыптармен танысуға, сонымен қатар тілді дамытуға және оқушылардың қабілеттіктерін бақылауға бағытталған жаттығулар.

Сонымен қатар жаттығулардың тілдік, тілдік емес, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, лексика-фонетикалық және тағы басқа түрлерін кездестіреміз. Яғни, шетел тілдерін оқытуға негізделген нақты бір жаттығулар жүйесі жоқ.

Қортындылай келе, бұл тақырып көпқырлы және көп көңіл бөлуді талап етеді. Жаттығу оқыту әдісі ретінде жетекші рөл атқарады. Ол тілдік материалды игеруге негізделген, және шетел тілдері жүйесінің аспектілері негізінде сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін, яғни тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу, қалыптастыруда үлкен көлемде қолданылатын диапазонға ие болуы мүмкін. Сол себепті, жаттығулардың мақсаттарын, міндеттерін, рөлін анықтаудың түрлі жолдары бар.

Жаттығулар оқытушы мен оқушыны арасындағы іс-әрекетті, оқушыларды бір-бірімен байланыстыратын немесе оқушының өздік жұмыс атқаруына негіз болатын маңызды әдіс болып табылады. Сондықтан жаттығулардың мәртебесін, құрылымын және олардың типологиясының функциясын анықтау – әдістемедегі бірден-бір маңызды мәселелердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бим И.Л. Подход к проблеме упражнений с позиций иерархий целей и задач. Иностранные языки в школе. М., – 1985. – № 5. – 56 с.
- 2 Бухбиндер В.А. О системе упражнений. В книге Обучение иностранному языку как речевой деятельности в средней школе под ред. А.А.Миролубова. М: НИИ содержания и методов обучения АПН СССР, – 1977. – 95 с.
- 3 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. М., – 2006. – 43 с.
- 4 Гез Н.И., Ляховицкий М.В., Миролубов А.А., Фоломкина С.К., Шатилов С.Ф. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М., – 1982. – 52 с.
- 5 Демьяненко М.Я., Лазаренко К.А., Мельник С.В. Основы общей методики обучения иностранным языкам. Теоретический курс под ред. Демьяненко М.Я. Киев., – 1984.
- 6 Иванов Е.В. Материал для тренировки аудирования при подготовке к экзаменам. Иностранные языки в школе, М., – 2005. – № 6. – 69 с.
- 7 Комков И.Ф. Методика преподавания иностранных языков. Минск., – 1979.
- 8 Куприянов Г.В. Групповая и самостоятельная работа учащихся при освоении грамматики. Иностранные языки в школе, М., – 2001. – № 6. – 102 с.
- 9 Маслыко Е.А., Бабинская П.К., Будько А.Ф., Петрова С.И. Настольная книга преподавателя иностранного языка. Минск., – 2003.

10 Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. М., – 1977.

CLIL ӘДІСТЕМЕСІН МЕКТЕП КУРСЫНДА «ОПТИКА» ТАРАУЫНА ҚОЛДАНУ

МАМБЕТОВА А. А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
КИСАБЕКОВА А. А.
ф.ғ.м., аға оқытушы, ПМПИ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда адамның ойлау жасампаздығын арттыратын, ең басты қасиеттерінің бірі, оның интеллектуалдық деңгейін анықтау болып табылады, ал бүгінгі қоғамда мәдениаралық және ұлтаралық кеністікте заманауи тұлғаны әлеуметтендіру негізгі сұрақтардың бірі болып барды. Бұл өз алдына бірнеше тілді білуді, сол арқылы өзінің кәсіби білімдері мен мүмкіншіліктерін дамыту құралдарының бірі ретінде қолдану болып табылады.

Бірнеше тілді меңгеру заман талабы, оның мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлемдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру, тәрбиелеу. Осыған орай қазіргі кезде Қазақстанның білім жүйесі реформацияға ұшыруда. Осы себепті болашақ ұрпақтың функционалды сауаттылығын, өз бетімен білім алу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған сәйкес біздің алдымызда, басты мемлекеттік және шет тілдерді меңгерген, сын тұрғысынан ойлай алатын, шынайы проблеманы көре алатын және оны шешу жолдарын таба алатын, бәсекеге қабілетті түлектерді тәрбиелеу [1, 34 б.].

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту идеясының принципі, шет тілін меңгеру дәрежесінің жоғары болу талабы мен оған берілген уақыттың аз болуының нәтижесінде пайда болған. Бұл проблемамен іс жүзінде әлемдегі барлық мұғалімдер кездеседі.

Бұл тәсіл екі пәнді бір мезгілде оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, дегенмен негізгі назар я тілге, я тілдік емес сабаққа бағытталуы мүмкін.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру тек бір мұғалімнің емес, толық ұжымның күш салуын талап етеді. Бірақ, шет тілдерді білмей, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті тұлға болу өте қиын. Сол себепті, мектептерде, сабақтарда, оқушылардың

сын тұрғысынан ойлауын, білім алу дербестігін, ынталылығын, коммуникативті дағдыларын игеруге көмектесетін жағдай жасалуы тиіс. Оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігі көбінесе педагогтар кадрларының белсенділігі мен шығармашылық көзқарасына тәуелді. Оқушыға бағытталған жаңа оқу формалары мен әдістерді іздестіру, пән облысындағы білімдерді жан-жақты меңгеруіне, дамуына әкеледі.

Еуропада политилдік білім беруді дамыту үшін, Еуропалық комиссиясымен ұсынылған әдістердің бірі болып пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесі (Content And Language Integrated Learning) табылады [2, 7 б.].

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) мектеп тұлғалары үшін пән облыстарын шет тілінде білу, бәсекеге қабілеттіліктің жаһандану дәуірінде, қарқынды өзгеріп келе жатқан әлемнің талаптарына сай қасиеттерінің бірі.

Осыған сәйкес, пән мен тілді кіріктіру әдістемесін қолдана отырып, оқушыларда қазіргі замандағы қоғамның талаптарына сәйкес болатын дағдыларды дамытатын мұғалімдерді дайындау қажеттілігі туындайды.

CLIL – дың негіздемелерін оқу жоспарын енгізу кезінде алдымен оның нақты төрт бағыттарына қатысты артықшылықтарды, мұғалімдер мен білім алушылар үшін қарастырған жөн:

Бұл төрт өлшем (4Cs) мазмұн, таным, байланыс және мәдениеті біріктіретін, тұжырымдамалық шектерді қалыптастырады. Терең зерделуге кілт ұсына отырып және әлеуметтік тұтастыққа жәрдем беретін, мәдениет және мәдениаралық түсінік, тұжырымдамалық шектердің негізінде жатыр.

Мазмұн (Content): жоғарғы сапалы тілдің өзара әрекеттесуі негізінде оқу жоспары арқылы мазмұнның біріктіру.

Таным (Cognition): білімдерді өңдеу және таным тапсырысын арттырудың арқасында, білім алушыларды назарларын аударту.

Байланыс (Communication): тілді қолдана отырып, құндылықтар мен ойларды, идеялардың туындауына қолдау ету.

Мәдениет (Culture): тіл мен мазмұнды түсіндіру және түсіну маңызы, олардың тұлғаға және азаматтыққа үлес қосу [3, 105 б.].

Физика – бұл үнемі дамып, жаңа теориялармен толықтырылып отыратын ғылым. Адамның ойлауна эффективті түрде әсер етіп, өмірлік құндылықтар шкаласында әлдеқайда оңайырақ бейімделуіне, соңында дүниетаным туралы көзқарастың дұрыс дамуына көмектеседі.

Физика мектеп курсына ерекше орын алады. Оқу пәні ретінде ол оқушыларда әлем туралы ғылыми бейнесінің қалыптасуына бағытталған. Физика оқушыларда шығармашылық қабілеттерін, олардың дүниетанымы мен пікірлерін қалыптастырады және тұлғаның аса өнегелігінің қалыптасуына көмектеседі. Осы негізгі мақсатқа тек оқыту процесінде білімге деген қызығушылық қалыптасқан кезде ғана жетуге болады. «Тек танушылық қызығушылықтардың болуы оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігін, өмірлік активті позицияның, оқудың оң жақтарының қалыптасуы – оқу процесінің эффективтігіне әсер етеді», – деп Ланина И. Я. жазған болатын [4, 3 б.]. Физика курсының оқыту барысында, әр физикалық құбылыстың немесе заңның практикада қалай қолданылатынын мүмкіндігінше практикада көрсету ғана емес, өз білімдерін шет тілде қолдана алатынына сендіру қажет.

Оқу үрдісін жандандыратын (CLIL), тапсырмаларды құрастыру мысалы

Бөлім: Геометриялық оптика

Тақырып: Линзалар. Линзаның оптикалық күші.

Мақсаттар:

Линза арқылы өткен жарықтың дисперсиясын сипаттау;

Линза арқылы өткен жарықтың таралуын көрсету;

Линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау.

Терминдер/кілт сөздер

Геометриялық оптика: линза, фокустық қашықтық, кескін..

Кілт сөздер: шашырағыш, жинағыш, төңкерілген, жалған, шын..

Нұсқау:

Жаңа тақырыпты түсіндіріп, ағылшын тілінде видео көрсету;

Негізгі анықтамалар мен терминдердің аудармаларын беру;

Сыныпты екі не одан көп топқа біріктіруге болады;

Әр топқа тақырып бойынша мәтін беру. Мәтін ағылшын тілінде болуы керек. Оқушыларға түсінікті болуы үшін әр сөйлемнің астында оның аудармасы болуы керек.

Топтарға линзалардың түрлерін бөліп, оларға берілген линзаның түрі туралы мәлімет іздету/жазғызу.

Демонстрацияны жасап көрсету немесе видеоға түсірілген демонстрацияны көрсету;

Жарықтың линзалардан өткеннен кейін қалай таралатынын бейнелеуге тапсырма беру және неге олай таралатынын түсіндірту.




Рисунок 1

Қорытынды:

Көрсетілген үлгілер бойынша, оқушылар өз беттерімен (топпен) болашақта физикалық құбылыстар мен процестерді қолдана және сипаттай алатын болады.

Қорытындылай келгенде, білімдерді интеграциялау бұл мобильдеу мен нұсқалық жолдарының бірі. Біріктірілген оқытуды жоспарлау кезінде, жас ерекшеліктерді ескере отырып, басқа білімдерді тартып, білім алушыларда шығармашылық ойлау қабілетін тудыратын, әлемнің сан алуандығын көрсетуге мүмкіндік аламыз.

Пән мен тіл кіріктірілген сабақ барысында, кез келген сабақтағыдай оқыту әдістемесінің маңызды зор. Бүгінгі күні CLIL әдістемесі бойынша пән мен тілді кіріктіріп оқыту, ең табысты әдістерінің бірі болып саналады. Бұл әдіс екі пәнді, олардың біреуі шет тілі, бір мезгілде оқуға мүмкіндік береді. Спецификалық терминдер мен белгілі сөйлем құрылымдары оқытылады, ал бұл өз алдына білім алушының сөздік қорының пәндік терминологиямен байытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймақтық ғылыми - тәжірибелік конференция материалдарының жинағы «Үштілді білім беру: Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе». Өскемен - Усть-Каменогорск, 2016. - 34 б.

2 Bentley, K. (2010) «The TKT course CLIL Module». Cambridge University Press.

3 CLIL Activities. A resource for subject and language teachers. Cambridge handbooks for language teachers. Series Editor. Scott Thornbury.

4 Ланина И. Я. Формирование познавательных интересов учащихся на уроках физики. - М.: Просвещение, 1985. - 3 с.

БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

МУҚАТ Г. Н.

студент, Инновациялық көп профилді колледжі, Павлодар қ.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – өте кең ұғым. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық жауап беруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жетелеп апаруға тиіс. Эстетикалық даму – баланың эстетикалық нәр алуға мүмкіндік тудыратын сезім мүшелері мен шығармашылық қабілетін ұштау, өмірдегі, көркемөнердегі әсемдікті түсінуіне, оны қабылдауына педагогикалық жағынан ықпал ету арқылы баланың эстетикалық сезімін дамыту.

Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркемөнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рақаттану. Ол – адам табиғатына ғана тән жоғары сезім. Мектепке дейінгі балалардың қолынан көркемөнердің барлық түрі: әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, ән айту, сурет салу, жапсыру сияқты іс-әрекеттің бәрі келеді. Олардың орасан мол өзіндік ерекшелігі бар, ол ерекшелік балалардың шындықты соншалықты пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін нәрсенің шындығына сенетіндігінде, көрушілер мен тыңдаушылар жөнінде қам жемейтіндігінде. Осы кезеңнің өзінде балалардың, көркем-шығармашылық қабілеттері дами бастайды, бұл ойдың тууынан, оның іске айналуынан, өзінің білімі мен әсерін ұштастыра білуінен, сезімі мен ойын білдірген кездегі ғаламат шынайылығынан көрінеді. Бұл балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етеді. Эстетикалық талғам кең ұғым, ол өнердің терең мағыналы, тамаша шығармаларын түсінуді, содан ләззат алуды ғана емес, табиғаттың, еңбектің, тұрмыстың, киімнің сұлулығын түсінуді де қамтиды. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда оқыту үлкен рөл атқарады. Мектепке дейінгі жаста балалар оқу үстінде балалар әдебиетінің, музыканың, сурет өнерінің

жасына лайық шынайы өнер шығармаларын тани білуді, сүюді үйренеді. Балалардың көркемдік қабілеттерін, олардың эстетикалық сезімдері мен ұғымдарын, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып, педагог кейінірек адамның рухани байлығы қалыптасатын негіздерді қалай береді [1, 104].

Егер адам сана және өзіндік санаға не болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам тұлға деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. «Адам» ұғымынан өзгеше «тұлға» түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретіндегі әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмірі мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты тұрмыстық қызметте аша білуі шарт [2, 134].

Адам дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты үдеріс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе балалық және жасөспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл үдерістің өзіне тән ерекшелігі – сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқарымға келмейтін өзінше жүрісі бар, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді дейді. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму – бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында көне жойылып, жаңа туындап барады. Өмірге енжар икемдесуші жануарлардан адам өз дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ерекшеленеді дейді.

Дамудағы қозғаушы күш – қарама-қайшылық тайталасы. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. Қарама-қарсылықтар бұл өзара

екі шекті күштердің бір-біріне сиымсыздығынан туындайтын диалектикалық үдеріс. Адамға қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектЕвразийский национальный университетдің қажеті жоқ, олар қадам сайын өмірлік қажеттіліктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы. Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы ішкі және сыртқы, жалпы (әмбебап), сонымен бірге қарапайым материалдық және ең жоғары рухани қажеттерінің және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтар әр адамның өз болмысына қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке-дара ниеттерде көрінеді. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі – жаңадан пайда болған қажеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы алшақтықтар. Мысалы, жасөспірімдердің өз психикасы мен ақыл-ес, әлеуметтік деңгейінің жетімсіздігіне қарамай, мүмкіндіктері толысқан ересектермен бірге іс алып баруға ұмтылуы. «Қалаймын» – қолымнан келмейді», «білемін» – «білмеймін», «мүмкін» – «болмайды», «бар» – «жоқ» – мәңгі қарама-қайшылықтарды белгілейтін қосарлы ұғымдар. Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері бір жағынан және оларға ықпал жасаушы себептер – екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашты.

Сонымен, адамның дамуы – сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Дамудың қозғаушы күші – қарама-қарсылықтар күресі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады [2, 36].

Балаға өмір сұлулығын сезінуді және түсінуді үйрету – ересектердің ұзақ жұмысын керек ететін күрделі де қиын міндет.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

- баланың эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту;
- балалардың эстетикалық түсінігі мен құштарлығын, сезімталдық қабілетін дамыту;
- балалардың көркемдік талғамын тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбиенің құралдары: қоршаған дүние, табиғи орта, күнделікті тұрмыс эстетикасы, табиғаттан, өмірден алған әсері, көркем әдебиет шығармалары, музыкалық туындылар, бейнелеу өнері, мерекелер мен сауықтар. Мереке кездерінде балалар бақшасында өнердің әр түрі балаларға өзінің бар

ерекшелігімен және бірлігімен ықпал жасайды. Мерекелер мектеп жасына дейінгі балаларға қатты әсер етеді, олардың есінде ұзақ сақталады да, эстетикалық тәрбиенің маңызды құралына айналады. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруда балабақшаның алатын орны ерекше. Дегенмен де отбасының рөлі де зор болмақ. Балабақша мен отбасының бірлескен ықпалының бірлігі жағдайында ғана эстетикалық тәрбие міндеттерін толық көлемде жүзеге асыруға болады. Балалардың әрқайсысы музыкант немесе суретші болмауы мүмкін, бірақ әрбір баланың өнерге сүйіспеншілігі мен ықыласын тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, көркемдік талғампаздығын, музыканы түсінуін, сурет салудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруға болады. Ол арқылы эстетикалық тәрбиенің негізгі қаланады.

Эстетикалық тәрбиенің әдістері ретінде: бақылауды ұйымдастыру, әңгімелесу, түсіндіру, өнер туындыларын көру, қызықтыру, серуен, үлгі көрсету, іс-әректі ұйымдастыру, бейнелеу өнеріндегі әрекет үшін мадақтау және жетістіктерін бағалау.

Балалардың эстетикалық тәрбиесі тұрмыс эстетикасымен, еңбектегі, табиғаттағы, қоғамдық құбылыстардағы әсемдікпен таныстыру жолымен және өнер құралдары арқылы жүзеге асырылады. Балабақшадағы тұрмыс эстетикасы көркем қарапайымдылықтан, күнделікті тұтынылатын заттардың ақылымен таңдалып алынуынан, әр заттың өз орнында жарасып тұруынан, басы артық еш нәрсе болмауынан көрінеді. Қабырғаладың бояу жайдары, ашық болуы тиіс. Балабақшаны безендіруге қойылатын талап балалардың өмірі мен денсаулығы қорғау міндеттерімен, олармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұнымен анықталады. Олардың ішіндегі ең бастылары [2, 105-106].

Үй жиһаздарының пайдалылығы, жабдықтардың тәжірбиелік тұрғыдан қажеттілігі.

Тазалық, қарапайымдылық, әдемілік.

Әрбір заттың көзге сүйкімді, анық көрінуін қамтамасыз ететіндей түс пен жарықтық дұрыс ұштасуы.

Безендірудің барлық компоненттері біртұтас ансамбль құрайтын тиіс.

Эстетикалық (әсем) істер – арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, мақсаты – өмір шуағы, әсемдігін сезе білуге баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген ізгілікті қатынас түзуге үйрету. Бұл тәрбиенің басты міндеті – эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау

қабілеттерін дамыту. Эстетикалық тәрбие тұлғада әсемдік сезімін оятады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, ән-күй, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді. Ал, дене тәрбиесі сұлулықтың көп белгілерін: дене дамуының үйлесімі, жүріс-тұрысы, адам мінезі, ойлау мәнері, т.б. қалыптастырады.

Эстетика категорияларының ең негізгісі – әдемілік, әсемдік. Әсемдік – бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адамқарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі. Тәрбие ісі үдересінде эстетикалық білім дамыту шаралары – бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, т.б. Тәрбиелі Евразийский национальнй университетшілер оларда қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Бұл сабақтар шәкірттерге эстетикалық таным заңдар мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді. Тәрбие ісіне ұйымдастырғанда эстетикалық қабылдаудың психикалық заңдылықтарын ескеру керек. Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы – шындықты бейнелеумен бірге жүретін адамның көңіл шарпулары. Жоғары көркемөнер шығармаларын қабылдай отырып, адам қуаныш пен тебіреніс, қорқу мен үміт сезінеді. Бұл сезімдер балаларды әсемдік заңымен өмір сүруге бағыттайды. Эстетикалық тәрбиенің көптүрлі құралдары көркемдік жұмыстарда көрінеді. Тәрбие ісінің эстетикалық бағыттағы құралдары сан алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т.б., тәрбиелеу көздері – қоршаған орта, таным үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы, т.б. [2, 106].

Қазіргі педагогика тәрбие ісін әртүрлі бағытта ұйымдастыру және өткізуде үлкен тәжірбие жинады. Олардың ішінде: конкурстар, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, ұжымдық жаңа жұмыс формасы, «болашақ жұлдыздар» концерті, қуыршақ театры, әдеби-шығарма конкурсы, ұнамды сабақ эстафетасы, гигиеналық мәдениет. Тазалық пен тәртіпті тек төлім орындарында емес, сол аймақта сақтау қажеттігімен байланыстыру – бұл эстетикалық тәрбие бағытындағы жұмыстар.

Тәрбие ісінің дене шынықтыру бағытындағы мақсаты дене саулығы және тән сұлулығы тәрбиесі міндеттерінен туындайды. Олар:

- 1) Дене шынықтыру, салауаттылыққа дағдыландыру, дұрыс өсуіне көмектесу;
- 2) Спорт – дене тәрбиесі білімдерін меңгерту;
- 3) Қозғалыс дағдылары мен біліктерін дамыту;
- 4) Қозғалыс сапасын дамыту (күш, ептілік, т.б.);
- 5) Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу (ерлік, тұрақтылық, тәртіп, ұжымшылдық);
- 6) Эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру (дене түзулігі, жүріс-тұрыс мәдениеті);
- 7) Дене шынықтыру мен спортпен үнемі айналысуды әдетке айналдыру;
- 8) Гигиеналық дағды мен ептілікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі бағытындағы істер алға қойылған көп тарапты міндеттерді адамгершілік, ой-сана, эстетика, еңбектік тәрбие түрлерімен бірге шешуге көмектеседі. Бұл бағыттағы тәрбие ісінің кең тараған түрі – сабақ алдында мектептегі еңбек күнін бастайтын дене машықтары [2, 106].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Б. Бабаев, Ш. Б. Оразов, Қ. С. Бабаева Жалпы педагогика негіздері және тәрбие теориясы, Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 34-36 бб, 104-106 бб.
- 2 Ф. Жұмабекова Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. 2 басылым. – Астана: Фолиант, 2008-2012 ж. – 127-130 бб.

МЕКТЕПАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ МУЗЫКА САБАҒЫНДАҒЫ ӘН ӨНЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

МҰХАНҚЫЗЫ А.

студент, Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.

МАЙМАКОВА Л. К.

ғ.п.к., доцент, Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.

Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы жағдайында өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін қайта құруды, ұлттық рухани мұраны жаңғырту арқылы оның мазмұнын қайта қарап, жоғары деңгейге көтеруді талап етеді. Білім беру ісін батыл да табанды қайта құру мәселесі

еліміздің барлық салаларында болып жатқан оң өзгерістермен тығыз байланысты.

Мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты салт – дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу жауапты да басты міндеттер ретінде жүзеге асырылуда.

Ұлттық тәлім – тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім – тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік – мәдени дамуының тұжырымдамасында Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік – мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогрессшіл халық дәстүрлері мен әдет – ғұрпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау – деп атап көрсетілген болатын [1, 1 б.].

Қазақ халқының тәлім – тәрбиелік мұрасы – ұлттық музыкалық педагогикалық ой – пікірлерді жинақтап зерттеу, жүйелеу, оның алдыңғы қатарлы үлгілерін бүгінгі бала тәрбиешісі – ұстаздарға ұсыну – қазіргі өмір талабынан туындаған көкейтесті мәселелердің бірі. Мәселен өз тарихымызға үңілсек үйрәнер үлгілері көп.

Аталған мәселелерді жан-жақты ескерсек білім нәрімен ең алғашқы сусындайтын бұл біздің балабақшаладағы тәрбиелЕвразийский национальный университетшілер.

Елімізде мектеп жасына дейінгі тәрбиелЕвразийский национальный университетшілердің саны жылдан жылға көбейіп, балабақшаларға деген халықтың сұранысы арта түсуде. Мектепке дейінгі тәрбие әлемі өзіндік өзгешелігі бар, сыр сипатымен, қиял ғажайып қызықтарымен сәбилердің балдай тәтті қылықтарымен елітетін ерекше сыйқырлы әлем.

Балабақшадағы меңгерушілердің бөбектеріміздің бақытты балалығын алаңсыз өткізуге аялы алақанымен қамқорлық жасап, дамытушы орта арқылы жағдай туғызып, өмірлерінің мәні мен сән салтанатын келтіретін болса, әдіскерлер, музыка жетекшілері, психолог мамандар және бала жанының бағбаны тәрбиешілер көздерінің нұры, көңілдерінің гүліндей аялап, мейіріммен,

әдептілікке, сұлулық пен сезімге, ақыл-ойын ұштап, санасына сәуле беріп, қарапайым білім нәрімен сусындатады.

Қоғам дамуындағы, заман ағымындағы болып жатқан соңғы өзгерістер мен білім беру саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеу мен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр.

Алайда әлі де болса көптеген мұғалімдер ғылыми негізделген, халықтық музыкалық педагогика мазмұндағы әдістемелік-оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілмей отыр. Сонымен қатар, мұндай әдістемелік құжаттардың қажеттілігі барлық салада да байқалуда. Атап айтар болсақ, қоғамдық тәрбие орындарынан бастап, әсіресе орта арнулы және жоғары оқу орындарында бұл қажеттілік күн өткен сайын артып келеді. Аталған мәселенің дұрыс жолға қойылмауы салдарынан қазақтың музыкалық педагогикасы материалдарын меңгеруде мектепалды жасындағы балалардың білім деңгейі төмен болып отыр. Мектепалды көлемінде оқушылар мен оқытушылардың «музыкалық педагогика» ұғымын әлі де дұрыс түсінбеуі халықтық тәлім-тәрбие тәжірибелерінің қолданылу аясының тарлығы музыкалық педагогиканың кейбір орталықтарда ән-күй пәнінде ғана ескерілуі көңіл қынжылтарлық жай болып отыр. Сайып келгенде, мұның бәрі бүгінгі таңда ұлт балабақшамыз үшін мұғалімдер даярлау ісінің ақсап жатқанын көрсетеді.

Қазақтың музыкалық педагогикасы материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдерін даярлау процесінде пайдалануда жүйелі ғылыми-теориялық білім негіздерімен қаруландыратын еңбектердің жоқтығы қазақтың музыкалық педагогикасы жан-жақты қарастырылып оның педагогикалық мазмұнын, тәрбиелік мүмкіндіктерін нақтылы анықтау қажеттігін көрсетеді.

Мемлекет тарапынан халыққа білім беру ісін жаңғырту мақсатында білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұндағы заң жобалары мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, ұлттық тіл мен тарихтың, дін мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылуда.

Қоғам талабына сай білім мен тәрбие беру деңгейін көтеру, жеке тұлғаны тәрбиелеу, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда ұлттық музыкалық педагогика мұраларын пайдалану

мәселелері мемлекеттік құжаттарда арнайы бірнеше рет қаралып, жан-жақты сөз болды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, даму және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау қажеттілігі айтылды [2, 92 б.].

Осыған орай аталған мәселерге байланысты мектепке дейінгі балалардың ән шығармашылық іс-әрекетінде қазақ ән өнерінің шығармашылығының жетіспейтіндігі байқалады. Балалардың дамуына музыканың әсері өте жоғары. Музыка басқа өнер түрлеріне қарағанда баланың эмоционалдық сезімін ерте тудырады. Музыкалық тәрбие – тілдің, эмоция мен қозғалыстындамуына әсер етеді, балаларға қуаныш сыйлайды, белсенділігін арттырады, айқын көркем әсерлермен толықтырады. Сондықтан да балалар неғұрлым ұлттық өнерімізге жақын болашақ ұрпақтың келешегі жарқын, әрі айқын болады.

Мектеп жасына дейінгі балалық шақ-баланы әсем әлемге тартудың ең маңызды уақыты. Сол себепті музыка жетекшісінің тұлғалық қасиеті үлкен маңызға ие болады. Оның адамгершілік қасиетіне, білім деңгейіне, кәсіптік шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі нәтижесі болады.

Қазіргі күні қазақ халқы өзінің жаңа дамуын басынан кешіп, тәуелсіздік алып, өз туын қабылдап, тілін, дінін тереңірек игеруге бет алып отырған жағдайда қазақ ән өнерінің түпкі тарихы әр жүректі дүрсілдетіп, елін, жерін, Отаным деген әр баланың ой-санасын болашаққа зор үмітпен қаратып соған үлес қосып жатқанын айтуға болады. Дәстүрлі халық әндері өмірлік мәні бар дидактикалық маңыздылығы мен бала тәрбиесіне қолдануға өте қолайлы болып келеді. Оның поэтикалық тексті сезімді билеп қана қоймайды, ақыл-қиялын шарықтатып, түрлі ой салады, терең толғанысқа түсіреді.

Ал біздер сөз еткелі отырған мектепалды жасындағы балаларды қазақ ән өнерінің түпкі тарихына баулып жетілдіру үшін ән тәрбиелік мүмкіндіктерін нәтижелі пайдалану қазақ әндерінің өзіндік бітім – тұлғасын, мазмұнын түп төркінін, көркемділік мәнгерін жете білмейінше, ойдағыдай жүзеге асырылмайды.

Совет үкіметі кезінде оқу тәрбие ісіндегі мұқтаждықтар балалардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін қажетті деңгейге ұйымдастыруға мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты көптеген ғалымдар қазақ ән өнерінің түпкі тарихын зерттей бастады. Солардың бірі академик В. В. Радлов. Ол қазақ әндерінің тақырыптық жан-жақтылығын зерттеді. Өз әндерінде қырғыз-қазақ әндері, ертегілеріде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болған қорқынышты дүниелерді дәріптемейді, қайта олар өз өмірін, өз сезімдері мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі жүрегінде жүрген идеалдарды әнге қосады, тындаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан ләззат алады деген [3, 8-9 б.].

Ал қазіргі таңдағы зерттеушілердің қатарына Ж. Х. Хусаинова өз диссертациялық жұмысында қазақ ән өнерінің түпкі тарихын жан-жақты зерттеп талдау жасады [4, 3 б.].

Әлбетте, қазақтың халықтық ән өнері үнемі бір келкі, бір деңгейде, бір арнамен дамыды десек, қателескен болар едік. Байтақ еліміз, бай өлке, ұшы – қиырсыз кең алқап, бірін-бірі біліп болмас дала айдынында қаракетшіл қазақ әдемі әннің талай тамаша түрлерін туғызған. Еріккеннің ермегі, торыққанның көңілашары сипатынан бөлек, әр атыраптың болмысына лайық, тіршілігіне тіркесті, сезіміне сай келерлік әуенді ән шетсіз – шексіз шарлаған. Және олар атадан балаға мұра болып ұрпақтан ұрпаққа тараған.

Қазақтың халық музыкасының тиянақты зерттеушісі, халқымыздың екі мыңнан астам әндері мен күйлерін жазып алып, нотаға түсірген А. В. Затаевич еңберіктенен де осының дәйекті дәлелдерін табамыз [5, 136 б.].

Музыкалық фольклор тарихында қазақ халық музыкасының асқан шеберлігінің есімі қалды. Олар – жыршы, жырау, әншілер еді. Көшпенді күнкөрістегі сауаты кем қазақ арасында әнші, жыршылар зор әлеуметтік қызметтерді атқарды. Олар тек үлкендерге ғана емес сондай-ақ балаларға тәләм тірбиесі мол әндерді айтып, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосқан тәрбиешілердің де қатарында болды. Жалпақ жұртшылық ортасында олар өз әлінше ағартушы, тәрбиеші адамдар секілді еді. Тума таланттар әдетте сурыпсалма ақын, сегіз қырлы, бір сырлы тапқыр шешен, әзілқой шебер әртіс, әсерлі әнші боп танылды. Олардың ой – өрісі өзгелерден озық та аңғарымды, алғыр болды. Сондықтан да халық құрметіне бөленді. Ертедегі аңыз, әңгіме, қисса, дастандарды, асқақ әндерді ауыздан – ауызға қағып алып, келер ұрпаққа эстафета есебінде ұсынғанда халық таланттары өздерінше өзгерту, қосымшалар да енгізіп отырды. Бірақ дәстүрлі өнердің әуел бастағы қалпын бұзбай әрлеп, өз үлесін қосты. Мұндай өзіндік стиль, мәнер өзгешіліктері ертедегі

музыкалық мұраны түрлік, мазмұндық жағынан байыта түсті. Ұжымдық шығармашылықтан бертін келе жеке шығармашылыққа көшу процесі осындай.

Халықтың ән өнерінің ІХХ ғасырдағы, ХХ ғасырдың бас кезіндегі аты әйгілі асқан таланттары: Біржан Қожағұлов, Ақансері Қорамсаұлы, Мәди Бәпиев, Мұхит Мералиев, Жаяу Мұса Байжанов, Естай Беркімбаевтар еді. Бұларды әншілік дәстүрін бертін келе Кеңен Әзірбаев, Иса Байзақов, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Ғарифулла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков т.б. әншілер, композиторлар, орындаушылар дамытты.

Дәл осы аталған әнші ағартушы композиторлардың әндері тек сол кездегі өскелең жас ұрпақты тәрбиелеп қана қойған жоқ. Оладың әндері қазіргі таңдағы егеменді еліміздің жас бүлдіршіндерін тәрбиелеудегі маңызы зор ән құралдары болып табылады. Ағартушы әншілерміздің әндері мектепалды жасындағы балалардың сана сезімдерін қалыптастырып, еліне Отанына деген шексіз махаббатты қалыптастыруға бағытталған әдістемелік құралдардың негізі десек қателеспейміз.

Ескі мәдени мұраны бағалау, қажеттісін қабылдау, қастерлеу, дамыту жайындағы қағидалар қазақ музыка мәдениетінің тарихы тұрғысында да адастырмас жолбасшы.

Қазақтың музыкалық мәдениеті тарихындағы сол демократтық бұқарашыл туындыларды халық арасында кеңінен насихаттап, дұрыс түсінік беріп, парасатты пікір айтып, тұжырым жасау зерттеушілердің парызы саналмақ.

Қазақ ән өнері шексіз. Оның бай тарихы тек бізді ғана емес болашақ жас бүлдіршіндерімізді тәрбиелейтін негізгі құралымыз. Өскелең ұрпақты жан-жақты, бәсекеге қабілетті тұлға болсын десек, ең алдымен біз балаларымзға өз тарихын жете меңгертуіміз қажет. Сонда ғана келешегі жарқын, болашаққа нық сеніммен қарайтын өскелең ұрпақ қалыптасады.

ӘДЕБИТТЕР

1 Қазақстан респуликасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы.- Алматы Қазақстан, 1993-92 б.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 2016ж

3 Радлов В.В.Образцы народной литературы северных тюркских племен.- Ч, СПб., 1885.

4 Хусаинова Ж. Х Қазақтың әншілік өнері Майра Уалиқызы. Автореферат диссертации. Астана, 2014

5 Затаевич А. В. 500 казахских песен и кюев. Издательство: Дайк-пресс, 2002.

EXPERIENCE OF INTEGRATION OF A MULTILINGUALISM INTO EDUCATIONAL PROCESS IN THE CONDITIONS OF COMPREHENSIVE SCHOOL

ABISHEVA A.
school № 6, Pavlodar
NURGOZHINA A.
teacher

Modern Kazakhstan, being the multiethnic and polyconfessional state, develops in the conditions of a multilingualism caused by its historical development. It causes studying of languages as one of the main indicators of adaptation to new socio-political and welfare realities. Most clearly the problems and prospects of the language situation in modern Kazakhstan are reflected by the President of the country N. Nazarbayev in the language strategy «Trinity of languages» [1, p. 23]

However still there is no sufficient experience of integration of polylingual training in the conditions of comprehensive school. It is no secret, that at our schools there is a number of problems: this and weak language skills both teachers, and pupils, both lack of sufficient methodological base, and elementary lack of the necessary equipment [2, p. 98] When I began to work in this direction, I by youth and inexperience didn't pay attention to it, and, perhaps, it with what that has helped me. A trial and error method I have developed a certain algorithm to which I adhere.

First, at the beginning of academic year I distribute instruction sheets in which basic words and terms which we will use within academic year in three languages are designated.

Secondly, I call the main condition – to try to speak the Kazakh and English languages, without hesitating.

In the third, being engaged in pourochny planning, I include linguistic tasks

Many teachers will tell that it is impossible to include lingvo-tasks in usual classes. I can object as I work also in correctional classes, and these children are also interested in studying of languages though they are given training more difficult.

If to pay more attention to practice, then I bring to your attention elements of lessons. Integration of Kazakh was already enough represented by teachers of schools in last therefore I will put emphasis on English.

Exit to a topic of the lesson:

Guess the country according to hints (3 attempts):

1) The European part of France, called metropolitan France, extends from the Mediterranean Sea to the English Channel and the North Sea, and from the Rhine to the Atlantic Ocean.

2) During the Iron Age, what is now Metropolitan France was inhabited by the Gauls, a Celtic people.

3) It is a unitary semi-presidential republic with the capital in Paris, the country's largest city and main cultural and commercial centre.

Updating of knowledge (game Yes or No)

1 According to Regulation 1861 were declared personally free peasants -Yes or No

2 The historical significance of the reform in 1861 is that it has deprived the land of the landlords - Yes or No

3 The workers' movement in Russia was unorganized and spontaneous -Yes or No

4 «Northern Union of Russian Workers» held in St. Petersburg in 1878 as a mechanic Obnorsky and carpenter Khalturin. -Yes or No

I offer pupils additional material about the ciphered historic figures in English, children with pleasure read, try to reveal sense, to guess the person.

Also pupils of our school annually participate in linguistic festivals prize-winning places (dramatize fairy tales in the English, German and Kazakh languages, sing foreign songs). Within school of the teacher show open lessons with application of three languages, and also out-of-class actions in the form of KVN, quizzes, various games, etc.

Graduates of school often choose English as a subject of the choice at delivery of ENT, and show good results of the knowledge.

Thus in the Republic of Kazakhstan polylingual education is one of the important directions of educational system development. The knowledge of foreign languages allows to be integrated into world educational process and is one of important characteristics of the competitive specialists in the conditions of globalization. President N. Nazarbayev emphasized in his Address «Strategy Kazakhstan-2050»: new political course of the established state», that Kazakhstan citizens of 2050 would represent a society of educated, free people speaking in

three languages. Kazakhstan must become a competitive country among the other countries in the world [3, p. 56].

The main goal facing teachers and pupils of school is a development of the polycultural personality capable of social and professional self-determination knowing history and traditions of the people, knowing several languages capable to carry out communicative and activity operations in three languages in all situations, seeking for self-development and self-improvement [4, p. 18].

REFERENCES

- 1 Teaching and Learning: Towards the Learning Society // European Commission's White Paper, 1995 Brussels: The European Union, 1995.
- 2 State program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. – Astana.
3. Teaching and Learning: Education and Society // European Commission's White Paper, 2016 Brussels: The European Union, 2016
4. Some facts about Kazakhstan (Kosovish P V, Astana-St. Peperburg, 2002).

12-ЛЕТНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ШКОЛЕ: ПОИСК НОВЫХ ДИДАКТИЧЕСКИХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

НУРТАЕВА Н.

Блог может служить своеобразной «записной книжкой» для журналиста - там можно размещать мысли, наброски статей, заинтересовавшие факты. Исходя из обсуждения, можно уже и написать полноценную статью или цикл статей. Кроме того, для начинающих журналистов будет полезным отработать приемы написания и получить оценку читателей [3, с. 105].

Развитие журналистики происходит в зависимости от подробностей человечества, с каждым разом приобретая новые грани возможностей. Если же раньше СМИ нужны были только для передачи данных, освящения тех или иных событий, то в настоящее время, особенно с появлением интернета, журналистика может быть, как самостоятельный бизнес по разным направлениям.

Сейчас всемирную сеть, а в частности и блоги, активно используют в качестве рекламы, зачастую даже бесплатной. Каждый пользователь может размещать на своей страничке в социальных сетях или блогах информацию о пресектах, ценовых предложениях продукции.

Так как блогосфера является одним из наиболее динамичных секторов интернета, внимание рекламодателей обращено и на

неё. Также в блогах может использоваться и скрытая реклама (проплаченные посты) и вирусная реклама. В этом случае выгоду получает как сам рекламодатель, так и блоггер. Но получать нормальные деньги за рекламу могут только очень популярные авторы.

PR-услуги в Казахстане

PR (Public relations, PR) – разновидность маркетинга, заключающаяся в стимулировании спроса на товар определенной фирмы путем формирования благоприятного общественного мнения об организации и её продукции в целом.

Целью любого вида деятельности является результат, который должен быть получен в процессе данной деятельности. Достижение цели происходит путём решения поставленных задач и выполнения определенных функций.

Основополагающей целью PR является формирование ситуации успеха организации (или объекта PR) в обществе, формирование эффективной системы коммуникаций социального объекта с его общественностью, которая обеспечивает оптимизацию социальных взаимодействий с важными для него сегментами общества.

Агентство Grey Cardinals опубликовало результаты исследования по рынку PR-услуг в Казахстане по итогам 11 месяцев 2016.

По итогам исследования можно сказать, что, несмотря на тяжёлую экономическую ситуацию, как в стране, так и в мире, спрос на PR-услуги в Казахстане есть, и компании прибегают к работе с агентствами.

Как отметили управляющие партнёры агентства Александр Керимов и Ольга Каленичук, история отечественного PR недолгая, но динамично развивающаяся. О масштабности перемен, произошедших на рынке PR-услуг, доказывает хотя бы тот факт, что теперь в выборе PR-агентства принимают участие первые руководители компаний и всё меньше приходится объяснять, в чём различие между маркетинговой активностью и действиями, направленными на взаимодействие с общественностью, коротко говоря – PR.

Для более объективной оценки ситуации, сложившейся на рынке PR-услуг, было проведено исследование, в котором приняли участие 75 респондентов, являющихся руководителями пресс-служб, PR – менеджерами и специалистами в области внешних коммуникаций крупных казахстанских компаний. Метод исследования является количественным, так как был проведен анализ данных официальной

статистики и опросных данных. Опрос респондентов был проведен как напрямую по электронной почте, так и конфиденциально на платформе Survey Monkey.

По результатам проведенного исследования, 40 % респондентов против 30 % пользуются услугами PR-агентств на постоянной основе. Еще 20 % прибегают к использованию PR-услуг время от времени, и не оказалось ни одного респондента, который не имел бы представления о деятельности PR-агентств. Здесь, конечно, стоит учесть, что в опросе принимали участие только профессионалы этой сферы.

В век электронных технологий PR-агентства стали включать в свой портфель услуг и digital-инструменты. В первую очередь, это ведение страниц компании в социальных сетях. Эффективность услуг SMM обусловлена своей таргетированностью: медиаканалы всемирной сети зачастую четко подразделяются по интересам, тематике, а порой и по роду деятельности.

Большинство компаний имеют возможность активно обращаться в сети именно к своим покупателям, доносить до них свой месседж, реализовывать медиа- и PR-программы, и, что более важно, получать полноценную обратную связь на каждом этапе. И все прогнозы гласят о росте востребованности данных услуг вместе с ростом нынешних поколений Y и Z и вхождением их в основной пласт потребителей товаров и услуг.

2016 год показал рост спроса на услуги в области SMM, 60 % респондентов используют SMM как канал продвижения своей компании и считают его востребованным. 10 % компаний работают с социальными сетями время от времени. На удивление, 10 % не знакомы с таким инструментом как Social Media Marketing.

Что касается эффективности медиаканалов, то наблюдается интересный тренд. Если ранее, по мнению специалистов отрасли, телевидение было наиболее эффективным каналом коммуникации, то, согласно данным исследования, в этом году 70 % респондентов считают наиболее эффективным интернет.

Из-за экономического спада сеть становится практически идеальным по эффективности инструментом ведения бизнеса и, возможно, именно благодаря этим условиям и получает активное развитие. Ведь сегодня интернет – единственный постоянно растущий медиаканал в Казахстане, охват которого продолжает в разы превышать охват печатной прессы. Тем более, что эффективность

стандартных эфирных СМИ с учетом невысокого процента населения на единицу территории в Казахстане весьма относительно.

Если не учитывать девальвацию национальной валюты, которая снизила показатели по отношению к общемировым PR-бюджетам, то наблюдается рост в «бюджетном» сегменте, где клиенты готовы платить не более 300 тыс. тенге в месяц, и, как и прежде, в более дорогом сегменте – от 500 тыс. до 1 млн тенге. Средний сегмент, скорее, «просел» в пользу бюджетных вариантов, что в целом характерно для рынка, переживающего не лучшие времена.

Нельзя было не затронуть вопрос касательно того, как респонденты оценивают PR-рынок в Казахстане. В целом, на сегодняшний день респонденты оценивают рынок казахстанских PR-услуг как неразвитый. Однако общее сокращение рынка должно неизбежно привести к усилению конкурентной борьбы между игроками индустрии и, соответственно, к повышению качества оказываемых услуг и росту профессиональных качеств отечественных специалистов. На рынке как никогда будут востребованы креативные высококвалифицированные специалисты, что, конечно же, хорошо отразится на отечественной PR-отрасли в перспективе. Поэтому «рефлексию» в отношении собственной деятельности PR-специалистам сегодня следует вывести в число наиболее приоритетных личных навыков.

Подводя итоги краткого анализа PR-рынка Казахстана, можно сказать, что, несмотря на то, что в целом бюджеты на PR сократились в среднем на 20-25 % по отношению к 2015, услуги в данной сфере по-прежнему востребованы. Крупные компании и МСБ понимают, что продажи зависят не только от правильно выстроенных технологий продаж, но и от восприятия имиджа компании.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ворошилов, В. В. Журналистика / В. В. Ворошилов. – М.: Издательство КноРус, 2010. - 1 с. 11-15 с.
- 2 <http://polpoz.ru/umot/istoriya-kazahskoj-jurnalistiki/>
- 3 Практическая журналистика в Казахстане. – Алматы, 2008. – 97-99 с. 105 с.
- 4 <https://forbes.kz/stats/press-reliz>
- 5 <https://postnauka.ru/video/30224#!>

ИНТЕРНЕТТЕГІ БАҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

ЕЛАМАН А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
 МАНАМБАЕВ Ж. И.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қоғамның ақпараттық кеңістігіндегі Интернет журналистиканың орны күннен-күнге маңызды болып келеді. Интернет порталдар мен сайттардың ақпаратты тараудағы мол мүмкіндігі әлеуметтік желілердің ықпалымен де артып отырғаны белгілі. Сондықтан да Интернеттің авторлық құқығы туралы мәселе қоғамдағы өзекті тұс болып саналыры анық.

Интернеттегі авторлық құқық жалпы Негізгі заң Конституциямен бірге «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы Заңымен реттеледі. Заңда интернет шартты түрде ақпарат құралы ретінде қарастырылмайды. Дегенмен талаптары, ортақ міндеттері Интернет ақпараттарын қорғаумен ыңғайласа келетіндігі белгілі. Интернеттегі бұқаралық-ақпарат құралдарына сәйкес келетін Заңның 6 бабының 1-тармағы [1] Бұнда: «Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады» [1].

«Кез келген сайт шығармашылық туындысы болғандықтан, интернеттегі сайттардың барлығына осы заң қолданылады» [1]. Осы баптың 2 тармағында: «Авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған: жазбаша (қолжазба, машинкаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты); бейнелеу (сурет, нобай, көркем сурет, жоспар, сызба, кино, телебейне не фотокадрлар және сол сияқты) көлемді, кеңістікт (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, сол сияқты) түріндегі жарияланған туындыларға да қолданылады» – делінген. 48-бапта «заңда көзделген авторлық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық, қылмыстық және әкімшілік жауаптылық туындайды» [1] – деп көрсетілген.

Бұл кез келген сайттың шығармашылық туындысы екендігін жоққа шығармайды. Сондықтан да интернеттегі сайттардың барлығына осы заң қолданылады. Бірақ бүгінгі күні Интернетке қатысты заңдарды әлі де жетілдіру қажеттігін байқатады. Интернет басылымдары, Интернет жарнама, Интернет дизайнерлері, шығармашылық ұжымына қатысты жеке реттелетін тұстардың қажеттілігі байқалады.

Бүгінгі әлем жаһандық өзгерістерімен өзгеше. Әлемде ақпарат тарату, хабарласу мақсаттарында құрылған баспасөз бүгінде өзінің барлық сыртқы формасын толығымен өзгертті. Баспасөздің міндеті тек хабар беру, насихат тарату емес, ендігі кезеңде әлемді, жаһанды біріктіру мақсатын орындап отыр.

Интернеттің пайда болуымен бірге ақпараттық салада журналистиканың жаңа түрі пайда болды. Бұл азаматтық журналистика деген атпен белгілі.

Интернет журналистика – қоғамның барлық саласын қамти алатын, әлеуметтік саланы тұтасымен біріктіретін журналистика саласы ретінде әйгілі болып отыр. Сондықтан да бүгінгі күні бұл салаға мол екіпін қойылып отырғаны мәлім. Интернет журналистиканың негізгі қызмет түрлері:

- 1 Ақпарат жинау.
- 2 Қоғам құбылыстары, түрлі іс-әрекеттерге есеп беру.
- 3 Әлеуметтік топтар мен қоғам мүшелері талаптарына қарай, сұраныстарына қарай сараптама жасау.
- 4 Жаңалықтар тарату қызметтерін атқарады.

Бүгінгі қоғамда азаматтық журналистиканың қызметі мен әректі барынша жанданып келеді. Бұған себеп – қоғамдағы әлеуметтің белсенділігінің күшейіп келе жатқандығында. Қоғам мүшелері ақпаратты, хабарды тек тыңдаушы, қабылдаушылар емес, соны өңдеушілер мен талдау жасаушылар, сараптама жасап, өз материалдарымен толықтырушылар. Алғаш Интернетті бақылау, шектеу жүйесі 1999 жылы «Евразия» сайтына 6 қатысты іске тіркеліпті. Осы жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 25 қарашасындағы қаулысымен қазақстандық сайттарды тіркеу қатаң тексеруден кейін жүзеге асатын болды.

АҚШ-тың арнайы ақпаратты инфрақұрылымды дамытудың ұлттық бағдарламасы қабылданды. Мемлекеттің соңғы жылдардағы ең ұтымды және сәтті шешімдерінің бірі деп саналады. Бұл бағдарлама Еуропада қолдау тауып, сол негізде еуропалық комиссияның ақпараттық-қауымдастық тұжырымдамасы жасалды. Интернетті АҚШ тұрғындарының 90 пайызы қолданады. Жүйе арқылы үкіметінің немен айналысып отырғаны және қандай қаржыны қандай мақсатқа жұмсалғаны туралы мәліметтер еркін таратылады. Бұл автокөліктерді тіркеу, салық та жүйе арқылы төлене алады.

Дәстүрлі журналистикадағы жанр түрлерін кең қалыпта дамытуға, оның жаңа түрлерінің пайда болуына азаматтық

журналистика ықпал етті. Оларды жіктеу түрінің көптігіне қарамастан, журналистер мен зерттеушілер жанрларды қарастырудың дәстүрлі тәсілін қолдануды қалайды:

1 Ақпараттық: хроника, ақпарат, кеңейтілген ақпарат, мақала, сұхбат, есеп, репортаж, арнайы репортаж, баспасөз сауалы және т.б.;

2 Сараптамалық: корреспонденция, түсініктеме, мақала, хат, рецензия, әңгіме, тәжірибе, рейтинг, шолу, мемуарлар және т.б.;

3 Көркем-публицистикалық: суреттеме, эссе, очерк, пасквиль, фельетон, памфлет, тарих, некролог және т.б.;

4 Шоу-жанр: ойындар, байқаулар, реали-шоу, ток-шоу және т.б.

Уақыттың өту кезеңдеріне қарай кейбір жанрлар басқа жанрларға үстемдігін жүргізуі мүмкін. Мәселен, Интернет-журналистиканың дамуына байланысты бірінші орынға ақпараттық жазбалар шықты. Көркем-публицистикалық жанрлардың басым көпшілігі тарихта қалды.

Ресейде жағдай 1999 жылы қолға алынды. Ресейде Интернет БАҚ құқығын Ресей президенті әкімшілігі жанындағы ақпараттық технологиялар жөніндегі тұрақты кеңес мамандары жүргізеді.

Интернеттегі сайттардың барлығын БАҚ деп қарауға болмайтыны анық. БАҚ болудың басты белгілері – мерзімділігі мен жаңартылып отыратын жиілігі және сайтқа келушілерді тіркеп отыратын ақпараты. 2005 жылы мамыр айында Еуропа кеңесі «Интернет арқылы ақпарат алмасу еркіндігін» жариялаған болатын. Онда дәстүрлі ақпарат құралдарына қойылатын талаптарды интернетке қатысты қолдануға және интернет провайдерлерін әр түрлі арналар арқылы өтетін ақпараты үшін жауапқа тартуға, сайттарды блокировка жасауға болмайтындығы айтылған».

Қазіргі таңда интернет журналистиканың жаңа бағыты – блогинг дамуы да авторлық құқықты реттеуді талап етеді. Бұл әрбір адам блог ашып, жеке күнделік жүргізуде оның мүмкіндігі мен заңдық сипаты қандай болуы керек деген сұраққа жауап беруді қажет етеді. Интернет кеңістігінде орындалатын заңдық нормалар, құқықтық аспектілерді толығымен орындалатын бірыңғай жүйенің қажеттігі сезіледі. Бұған жасалып жатқан алғашқы қадамдар да бар [2].

Қазіргі таңда біршама ресейлік, «Петербург Линк», «СовНет» сияқты провайдерлік компаниялар өз тұтынушыларына өздерінің веб-беттерінде материалдың қайдан алынғаны туралы сілтемелер, анықтамалар көрсетіп отыруларын айтады. Бұл Интернетте өз материалдары қолданылатын жеке меншік емес авторлардың құқығын қорғау үшін де жасалған шара.

Бүгінде жаһанды ақпарат нарығы билеп отыр. «Кім ақпараттан құлағдар, сол әлемнің қожасы» деген сөздің түп-төркінінің қайдан шыққаны белгілі. Қоғамды жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының жүйелі түрде күнделікті қалың қауыммен қауышуы, оны жеке тұлғаны әлеуметтендіруші алғашқы институттар - отбасы, дін, мәдениет ошақтарымен қатар бір орынға қойды. БАҚ арқылы қоғам әлеуметтік, әрі әлемдік үрдістердің бір бөлшегі ретінде көрінеді. Интернет БАҚ әрбір адамның қоғамға, мемлекетке, саясат әлеміне қатысы бар екендігін көрсетеді [3]. Авторлық бағдарламалардың жасалу технологиясының қорғалуында Интернеттің таратылым сипаты бөлек. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдарының арасында қоғамның ерекше назарындағы ақпарат саласы. Қазіргі кезде аудитория сұранысының өсуі, Интернет сайт, порталдар, әлеуметтік желілер мен блогтардың санының артуы, техниканың жаңашылдығы жоғарылаған сайын ақпарат пен бағдарламалардың да жасалу технологиясы мен берілу формасы да өзгеріп, даму үстінде

Журналистика дегенде біз журналистер мен оқырман, тыңдарман, көрермен көмегімен пайда болған туынды немесе журналистердің оқырманмен санасып, оларды толғандыратын мәселелердің мәнісін ашу деп түсінеміз [4, 66-67 с.].

Авторлық құқық бүгінгі журналистикада кез-келген адам дәстүрлі БАҚ-тан тәуелсіз өз үлесін қоса алады, әрі журналист үшін альтернативті ақпарат көзіне айналып, жаңа медиа механизмінің элементі, қажетті бөлшегі ретінде қызмет атқара алатынын көріп отырмыз. Бұған біріншіден үздіксіз ақпарат толқыны мен жаңа технологиялардың дамуы себепкер болды. Алғаш жазу-сызу пайда болған кезден бұрын, тіпті адамзат баласы жаралған тұстан, оның санасының жетілу деңгейіне сай азаматтық журналистика көріністері туындады десек артық айтпаған болар едік [5, 402 с.].

Бүгінгі Интернет журналистика қоғамдағы орнын анықтауда заңды тұрғыдан бірнеше тұстарын белгіледі тура келеді.

1 Классикалық журналистикаға бәсеке немесе оны толықтырушы журналистиканы – Интернет журналистика деп атап, оның дамуына қоғамның барлық сала мамандары қатысып келеді. Ендеше бұның қандай ерекшеліктері бар екендігін заңды тұрғыдан айқындаудың мәні зор.

2 Интернет журналистика немесе блогтардың тақырыбы – қоғамдағы әлеуметті біріктіретін тақырыптар. Осы тақырыптарды ашу арқылы қоғамның ақпараттық, сана, талап қалпы айқындалады.

Блоггерлер осы мәселені шеше алама деген сұраққа жауап іздеудің де қажеттілігі бар екені белгілі. Сайттар мен порталдар, блогтар мен жеке парақшалар, әлеуметтік желілердегі көзқарас, пікірлердің қорғалуын бақылауды да заңды түрде реттеудің уақыты келді.

3 Әлем ақпараттың мол кеңістікті алып жаһандық тұтасуларды жасап өйткені блоггерліктің қазақ журналистикасындағы дамуы қандай деген сұраққа жауап беру үшін оның қоғамда заңды қорғалуын да назарға алған тұста сол жаһандық ортаға өнеміз.

4 Бүгінгі блоггерлердің қажеттілігі неде, кемшілігі қай тұста деген мәселені айқындауда біз заңбен реттегенде жете аларымыз анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006>

2 Еркімбаев А. Жаңа медиа: монологтан диалогқа – Алматы: ПСТК, 2012, - 205 б.

3 Ефимов Е. Г. Небыков И. А. Блоги как вид социальных сетей (гендерные аспекты) // Известия Волгоградского государственного технического университета. Т.3. № 10. 2012

4 Максим Капинус Открываем блог: секреты и советы // Домашний ПК : журнал - 2011. - № 6 (150). - С. 66-67.

5 Волохонский В. Л. Психологические механизмы и основания классификации блогов // Личность и межличностное взаимодействие в сети Интернет: Блоги: Новая реальность. /Под. Ред. Волохонского В.Л., Зайцевой Ю.Е., Соколова М.М.. СПб.: Издательство: СПбГУ, 2006 – 402 С.

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ СЦЕНАРИЙ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕН ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

ЖУМАБЕКОВА Д. А.

студент, «Журналистика» мамандығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕЛІҚПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сценарий сөз өнері жанры ретінде 20-шы ғасырда дамыды. Ол кино және теледидар сценарийі болып екіге бөлінеді. Киносценарий 20-шы ғасырдың 20-шы жылдарында қалыптаса бастады. Алғаш ол

мылқау фильмдердегі оқиғалар желісін тізбелеу қызметін атқарған. Кейін кинодраматургияның эстетикалық шығармалар принциптері түзіліп, әдеби драмалық тұрпаты анықтала түсті. Киносценарий орындалу техникасына, жүзеге асырылу кезеңдеріне, құрылымына байланысты синтетикалық және ұжымдық шығарма болып табылады. Мұнда сөз, музыка, бейнелеу өнерлерінің жанрлық элементтері біріккен. Киносценарийдің 4 негізгі элементі: 1) баяндау бөлімі немесе сценарлық проза (ремарка); 2) диалог; 3) кадр сыртындағы дауыс; 4) титрлар. Сценарий жүзеге асу барысында оператор, режиссер, актерлер қатынасады да, сюжеттің бастапқы драматургиялық сипаты күрделілене түседі. Сценарийде автор сөзінің (кадр сыртындағы сөз), төл сөздің (диалог, монолог), ремарканың (суреттеу, тәптіштеу), әр алуан түсініктемелердің тұтастығы қатан ескеріледі. 80-беттік сценарий – бұл шамамен 2600 метр киноплёнка, яғни бір сериялы фильм, онда 4-5 мыңдай диалог кездеседі. 120 бет – 4000 метр, бұл шамамен екі сериялы фильмге сай келеді. Кинематографияның бейнелі қалпында жүзеге асуы мен мәтіннің жанрлық табиғатын ұйымдастыру төрт құрылымдық компонентке негізделеді. Фильмнің жанрына байланысты (детективті, деректі, тарихи, фантастикалық, т.б) төрт құрылымдық компоненттің бірі алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, деректі фильмде комментатор дауысы немесе түсіндірме жазбалар маңызды роль атқарады. Ойындық фильмдерде бейнелілігі мен айқындығы тұрғысынан алғашқы қатарға кейіпкер әрекеті, монолог, диалог және ремарка шығады. Сценарийлердің көп бөлігі (триллер, модернистік, мистикалық фильмдер сценарийлері) арнайы эффектілерден, яғни бейнелілікті толықтырушы (компьютерлік) қалыптардан тұрады. Кинодағы сценарийдің түрлері: киносценарий, режиссерлік сценарий, экспликация, режиссерлік экспликация [1, 121 б.]. Теледидарлық сценарийлер де кеңінен дамып, ішінара жанрлық өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, шоу, полемика, КВН, теледраматургия, публицистикалық, саяси, тарихи, деректі бағдарламалар. Теледраматургия айқындық, ақпараттық және бейнелердің түсініктілігі, қысқалық секілді талаптарды қажет етеді. Теледидарлық сценарийде публицистикаға, айқындыққа, технологияға бет бұру, театрланған бағыттар байқалады. Опералық, балеттік, пантомималық сценарийлер либретто деп аталады. Либретто – ірі вокалдық (тек вокалдық қана емес) шығарманың әдеби негізі (оратория, мюзикл, балет, опера, кантата, оперетта). Олар өлең түрінде жазылады, көбінесе ұйқасқа негізделген. Либреттоның сюжеті – музыкалық-сахналық талаптарға сай өзгертілген әдеби шығармалар [2, 166 б.].

Теледидардағы көрініс пен сөздің бірлігінде «телесценарий» маңыздылығы ерекше. Сценарий ұғымы алдымен театр койнауында пісіп-жетіліп, содан киноға ауысты. Теледидардың алғашқы қалыптасу шағында іс-әрекеттің шағын сценарийлік жобасы жазылып, ол өтетін оқиғадан көрерменді хабардар етті. Кейін болашақ хабардың оқиғасы, кейіпкерлер әрекеті, оқиға өтетін орта, айналадағы және табиғат көріністері, ондағы нысандар мен сөйленетін сөздер нақтыланып, әдеби сценарийге айналды. Осы әдеби сценарий негізінде режиссерлік сценарий немесе режиссерлік экспликация түзіліп, онда режиссер болашақ хабарды секунд, минутына дейін жүйелеп, бөліп, студия мен студиядан тыс жердегі оператор камерасының қай планы қай кезде алатын мерзіміне дейін алдын-ала ойша құрастырып шығарады. Кадрлардың мазмұны, ұзақтығы, іс-әрекеттің, өзара тілдесулердің, фильмді әрлеу үшін қолданылатын дыбыстар мен музыканың сипаты, мизансцена және декорациялар, әрбір бөлшекті түсіруге қолданылатын техникалық әдістер мен фильмнің монтаждық құрылымы тәптіштеп дәлме-дәл анықталады. Телесценарий экрандағы болашақ туындының идеялық-көркемдік негізі ретінде, автордың сценарий жолдарын теледидар тілімен, бейнелі, көркем, әсерлі жеткізуін қалайды. Автордың қоюға жарайтындай сценарий жазу үшін көрерменді экран арқылы қандай әдіс-тәсілдер көмегімен тебірентуге болатынын жақсы білуі қажет. Демек, сценарий авторы кейіпкерінің жан әлемін, сезім дүниесін, ішкі арпалысы мен оның бет-жүзін, психологиялық сәттегі құбылысты да бақылап - байқауы шарт екен. Сценарийдегі жолдар – көрерменді тебірентетін экрандағы әдіс-тәсіл, айтылған сөз. Көпшілікке кадрдегі сөз белгілі бір көрініс арқылы жетеді. Режиссерлік сценарийде кадрден тыс оқылатын мәтін, кадрдегі жүргізуші сөзі, музыкамен сүйемелдеу, көрініске орай әр түрлі дыбыстар, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мизансценалар, оқиға өтетін орта (студия не табиғат, әлде өндіріс не егін алқабы т.б) бәрі-бәрі әрбір бөлшегіне дейін түгелдей ескерілуі қажет [3, 352 б.].

Сценарий жазу публицистикалық шығарманы тудырудағы шығармашылық үрдістің бір кезеңі. Сценарий – экранға шығатын хабардың әдеби және дыбыстық көркем жазбасы. Сценарий бір-бірімен байланысты екі сәт: журналистің қандай да бір өмір шындығын зерттеп, экран туындысы ретінде ойлап шығарудағы автордың күрделі де, қиын ізденісінің нәтижесі.

Сценарий деген түсінік ежелден келе жатқан ұғым. Алғашында оны «план», «драмалық шығарманың конспектісі»

деп атады. «Сценарий» сөзі театрдағы «scenarius» терминінен келген – «әртістердің сахнаға ретімен шығуларын реттеуші» дегенді білдіреді. Дамудың нәтижесінде «сценарий» термині театрдан кинематографияға келді. Ал 20-шы ғасырдың басынан сценарийге «кадрлардың ретімен орналасуы» деген көзқарас қалыптасты.

Сценарийді ең алдымен теледидар радио тұрғысынан алып қарайық. Радио шығармаларындағы сценариймен жұмыс істеу барысында Н. Омашевтың айтуынша, радиохабарлар есту арқылы берілетін болғандықтан мәтіннің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйлейтін сөзге айтылу үлгісіне айналуына аса зор мән берілуі керек. Сондай-ақ ғалым радиохабарды дайындауды күрделі үрдіс деп қарайды. Күрделі үрдіс болғандықтан ол бірнеше шығармашылық кезеңдерден тұрады. Осыдан барып сол жұмыстардың реттілігін, қатысу заңдарын белгілеу қажеттілігі шығады. Бұл қажеттілікті сценарий жүзеге асырады. Одан әрі қарай ғалым радионың бейнелеу құралдарын екіге бөледі. Біріншісі, құбылыстың акустикалық көшірмесі сөз, шу, музыка. Екіншісі, техникалық бейнелеу құралдары – түрлі монтаж, жаңғырық, сөзді жылдамдату немесе баяулату. Осыларды орынымен реттейтін – сценарий.

Электронды ақпарат құралдарының екінші өкілі – теледидар. Оның көркемдік фильм жасау тәжірибесінен сценарий дамыған. Мұндағы мәселе ықпал жасау мынандай сұрақтарға жауап беруі тиіс: сценарийді дайындап, оны өндіріске енгізуде қандай қандай нәтижеге жетті, қандай ізденістермен келді? Бұл мәселе екі бағытта зерттеледі. Біріншісі, ой-толғау, пікір-талас нәтижесінде фильмнің қағаз күйінде танымдық талдаудан кейін сценарийге келу, оны жазу шарттары. Екіншісі, сценарийден бейне көріністік жолға көшу. Яғни, жазба нұсқасын экран тіліне айналдыру. Ол келесідей жоспарда іске асырылады:

1 Фильмге ұсыныс пікірмен сценарийдің жазылу жолдары, баяндау тәсілдері нақты талдаулар арқылы көрсетіледі.

2 Сценарийге қойылатын талаптардың мәні түсіндіріледі. Оларды орындау жолында ізденістер ұсынылады. Қағаз жүзіндегі кино фазаларындағы кезеңдерінің жетекші рөлі сарапталады.

3 Жазба сценарийден көркемді ақпаратты кадрлар түсіру сырлары ашылады.

4 Телефильмнің зерттеу нысанын талдай келе ондағы озық тәсілдері телепублистикаға жиі ықпалы анықталады.

Сценарий теледидарда: а) әдеби сценарий – онда әрекеттегі тұлғаның диалогы мен монологы, сюжеттің өрбуі, ой жүйесі камтылады. Әдеби сценарийде автордың ойы түрлі әдіс-тәсілдердің

көмегімен өрбіп, көрініс табады. Теледидар құралдарының көмегімен хабарда көркемдік драматургияның қабысуы әдеби сценарийдің негізін құрайды; ә) режиссерлік сценарий – хабардың режиссері әдеби сценарий негізінде суретші, телеоператор, редактор және автормен бірлікте әрі бейнеинженердің қатысуымен жазудың алдында даярланады. Онда қосымша мәліметтер: көрініс ауқымы, камера, характер қозғалысы, жазу кезіндегі монтаж, алдын-ала даярланған материалдар жүйелілігі, дыбыс және эффектілер жиынтығы, музыка, шу және дыбыстың өрбу жүйесі қамтылады. Режиссерлік сценарий студияда немесе хабарға даярлық кезінде нақтыланады. Режиссура негізінде режиссерлік ой, талғаммен таңдалған фактілер, айқындалған принцип және шабыт жатады [4, 252 б.].

Жазба шығарманың пайда болу тарихында кино түсіру жұмысы кино аппарат жасаудан басталған болатын. Алғашқы кинолар сценарийсіз түсірілді Ресейлік А. Дранков пен А. Кожанковтың бастамасымен кино жасау үрдісін арнайы жазба шығармалардан бастау керектігі алға қойылды. Сөйтіп, XX ғасырдың 10-жылдығында сценарий жазу ісі қолға алына бастады.

Ал кино өнері өз тарихының үшінші 10-жылдығында көрерменге идеялық, эстетикалық ықпал жасайтындай етіп кино жасай бастады. Киноны өнер дәрежесіне дейін көтеру жолына түсті. Осылайша, киносценарийді жетілдіру шараларына ие болды. Фильм жасаудың объектісі мәселесін шешу үшін шығармашылық шындалу үрдісі қажет болды. Оның бәрі сценарийге келіп, тоғысты. Ол мәселе тұрғысынан жетілдіруді 2-ге бөледі.

Көрерменнің талап талғамына байланысты фильмнің көркемдік-идеялық дәрежесін арттыру үшін жұмысты жан-жақты ойластырған сценарийден бастау керек. Киноға сұраныстың көбейуіне орай шығармашылық артады. Ал ол кино жасаудың санын көбейтеді. Фильм сценарий жазудан басталатындықтан бұл беки түсті. Сценарий – болашақ фильмнің әдеби жазба нұсқасы. Ғылымның тілі бойынша: «Болашақ экрандық берілімді бейне көрініс пен жазба арқылы көркем тілмен суреттеу. Суреттеуде көріністер тізбегі оқырманның көз алдына елестеп отыруы шарт [5, 12 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы; 2007. – Т. 8. – 121б.

2 Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва; 2001. – 166 б.

3 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыпташу, даму проблемалары / Қ. Тұрсын. – Алматы: Білім, 2006. – 352б.

4 Тұрсын Қ. Тележурналист шеберлігі / Қ. Тұрсын. – Қазақстан Жоғары мектебі, 2003. – № 3. – 252 б.

5 Сиранов У. Кино, жылдар / У. Сиранов. – Алматы: Өнер, 1981. – 12б.

Ж. АЙМАУЫТОВ «МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ»

ИСЛАМ А.

студент, «Журналистика» мамандығы,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ж. Аймауытовтың «Әдебиет мәселесі» мақаласы 1925 жылы «Ақ жол» газетіне басылған. Мақалада сол кезде жүріп жатқан пікірталасқа үн қосып, «әлеуметтің зор құралы, тап тартысының құралы – әдебиеттің» сауалдарына жауап берушілік бар.

«Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт теңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қала берсе орыс атаулыға ереуіл жасау еді. Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жақтан уайым-қайғы, торығу кіргізді. Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек».

Ж. Аймауытов – сан қырлы талант иесі. Жазушы, драматург, аудармашылығымен қоса 1926 жылы жазған «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» зерттеуі – қазақ ғылымында маңызын жоймайтын туындылар. Көптеген сын мақалалары бар («Абайдан соңғы ақындар» (1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923). Жазушы шығармашылығының келесі бір тобы – аудармалар. Н. Гогольдің «Ревизорын» («Бақылаушы»), А. Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А. Дюманың «Дәмелі», Дж. Лондоннан «Телегей теңіз» т.б. аудармалары қазақ әдебиетіндегі көлемді прозалық шығармаларды аударудың алғашқылары болуымен де мәнді.

Ж. Аймауытовтың сан салалы шығармашылық қызметі заман талабынан туды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, руханиятына

кажет деген тұстардың барлығын дерлік қаламгер өз туындыларында қамти алды. Бұл сол кезеңдегі қазақ зиялыларының барлығына дерлік ортақ сипат болатын. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде қоғам қажетін өтейтін тұстар назардан тыс қалған жоқ. Сондықтан да, жазушы, ақын, драматург, аудармашы, сыншы, ғалым да болды. Бұндай кең ауқымды шығармашылық әлем талатнт пен дарынды, еңбек пен білімді қажет етері сөзсіз.

Ж. Аймауытов та – сол кезеңдегі қазақ зиялыларынан шыққан таланты мен дарынын, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі.

1917 жылғы Қазан төңкеріснен кейін қазақ даласында тапқа бөлу, ұлтты өз ішінен бөлшектеу саясаты қолға алынды. Осы тұста оқыған, білімді, талантты адамдарды түрлі белгілермен, ғасырлар жасалған ұлттық танымымнан ажыратып бөлу мақсаты қойылды.

«Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы 1926 жылы жазылған. Жүсіпбек Аймауытов ақын Мағжанның ақындығы туралы баяндаманы Ташкенттегі қазақ студенттерін баяндама ретінде дайындайды. Ж.Аймауытовтың ақын жырлары туралы жастар алдына шығып, сөз сөйлеп, кең көлемде баяндама жасауының бірнеше себептері болды.

1 Жаңа қоғам қазақ танымына, сол танымды ұлттық өрнек, халықтық түсінік табиғатымен келесі ұрпаққа аманаттауды мақсат еткен ақынға да оңай болмағаны анық. Халық басындағы мұң мен арманды, ел болашағына қажет мүддені көтерген Мағжан жырлары туралы даулар да аз болмады.

2 Ақын жырлары ұлтының құндылығы, халқы түсінгенде маңызды екендігін жеткізу.

3 М. Жұмабаев шығармашылығын алдыңғы, сол, кейінгі заманы көзқарастарымен таразылау.

4 Мағжан арқылы жалпы қазақ өнерінің, мәдениеті мен құндылықтарының бағасын беру.

5 Болашақ ел назарында қандай құндылықтарды ұстаудың қажеттігін ескеру.

Ақынның шығармаларын толық тануға уақыт керектігін, заман өткен сайын мән мазмұны тереңдей түсетіндігін жазды. Мағжан ақынды қорғаған Жүсіпбек оның ақындық талантын анық ашып көрсетті. Ақын өлеңдерінің сыршылдығы және суреткерлік шеберлігін жеріне жеткізіп, терең талдады. Елін, жерін еміреңе сүйіп, емешегі үзіліп тұратын ақынның ұлтшылдық қасиетіне ерекше тоқталды. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңдердің Мағжан поэзиясында кездеспейтінін дәлелдеді. Суреткерлік

шеберлігі жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге болатынын батыл жазды. Бұл туынды – қазақ әдебиетінде сынның алғашқылары әрі дәл, уақытында айтылған классикалық үлгісі.

Ж. Аймауытов 20-ғасыр бас кезінде әдебиет кімге қызмет етуі тиіс. Ел әдебиеті қандай болуы керек, суреткерлік шеберлік деген кімге қызмет етді деген мәселелерді анықтайды.

1 Әдебиетті қоғам жасайды.

2 Қоғам әдебиетті жасайды.

3 Әдебиет қоғамға қатыссыз дамуы тиіс. Осы үш сұрақты қоғамның алдына қояды. Қазақ қоғамы танымы мен талғамыны, руханияты мен барша құндылықтарын таңдап жатқан тұста ел деп жырлаған, қадлың жұрттың тең көрген Мағжан ақынды кім, қандай екен деген сұрақтармен алға шығарады.

«...Ақын қандай әлеумет ортасында туып, қандай ортада жүріп, тәрбие алды? Қандай тұқымнан, қандай таптан жаралды? Оның пікірі де сол әлеуметтің құрылысына байланысты. Әлеумет құрылысының негізі не? Негізі – адамның тіршілік ететін кәсібі, шаруа түрі. Шаруа түрі деген сөзді түсінікті қылып айтсақ, бір әлеумет аңшылықпен, екіншілер бақташылықпен, үшіншілер диқаншылықпен, төртіншілер фабрика, завод кәсібімен күнелтеді – міне, шаруа түрі деп осыны айтамыз. Әрине, бұл жұрттың шаруа түрі түгелімен бір-ақ түрде бола бермейді, кейде мал бағумен егін салу аралас, кейде егіншілікпен өндіру кәсібі аралас болатын жұрттар бар. Бірақ әлеуметтік шаруа түрі дегенде, көпшіліктің кәсібін еске алу керек. Мәселен, Ресейді диқаншы мемлекет десе, қазақты мал бағушы халық деп атаймыз.

Адамның пікірі қай уақытта өзгереді? Әлеумет құрылысы, әлеумет ортасы өзгерсе. Сонда әлеумет ортасы қашан өзгереді? Әлеуметтік шаруа түрі, күнелту кәсібі жаңа қалыпқа түскенде өзгереді. Мәселен, қазақтың шаруа түрі мал бағудан шығып, диқаншылыққа, не кен қарау, фабрика, завод кәсібіне айналса, қазақтың бүгінгі әдет-ғұрпы, салт-санасы мүлде өзгеріп кетеді» [1, 408].

Ж. Аймауытовтың сан салалы шығармашылық қызметі заман талабынан туды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, руханиятына қажет деген тұстардың барлығын дерлік қаламгер өз туындыларында қамти алды. Бұл сол кезеңдегі қазақ зиялыларының барлығына дерлік ортақ сипат болатын. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде қоғам қажетін өтейтін тұстар назардан тыс қалған жоқ. Сондықтан да, жазушы, ақын, драматург, аудармашы, сыншы, ғалым да болды. Бұндай кең ауқымды шығармашылық әлем талатнт пен дарынды, еңбек пен білімді қажет етері сөзсіз.

Ж. Аймауытов та – сол кезеңдегі қазақ зиялыларынан шыққан таланты мен дарынын, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі.

«...Бәрімізге белгілі Мағжанның туып-өскен, тәрбие алған әлеуметі – қазақ. Мағжан тұсындағы қазақтың әлеумет құрылысы қандай еді? Ата-анаға, ру-руға бөлініп, руды ақсақал, би, болыс, тілмаш билеген, орысша айтсақ, «патриархат» құрылыс еді. Арғы заманда қазақ еркін жүріп, ен жайлап, өзінен шыққан хандары, батырлары, билері, шешендері болып, онда да бір кісінің аузына қарауды әдет қылды. Жан-жағынан жау қысып, өз ішінен ала ауыздық шығып, қазақ берекеден айырылып, орысқа қарады. Орысқа бағынғанмен де қазақтың бұрынғы әлеуметтік қалпы өзгере қойған жоқ, әлі де хандардың, билердің, аталы ауылдың тұқымы билейтін болды. Солар – дуан бас, солар – советник, солар – қазы, солар – болыс, би болды. Кәсібі мал баққан, әлеуметі ру басыға бағынған жұртта тап жігі, байлар, кедейлер табы деген нәрсе анық болмайды» [1, 408].

Жүсіпбек алдыңғы қоғамды даттамайды, келешек қоғамға сәуегейлік жасамайды. Ақын танымына қалдырады. Жазушы Мағжан ақынның тілі, жыры арқылы оның шеберлігін көтерді, ақынның қалың қазақтың жырының маржаны екендігін дәлелдеді. Сонымен бірге Мағжан жыры арқылы жалпы қазақ құндылықтарын көрсетті. Халықтың бөлінбеуін, бір ортаға ұласуын қалады. Бір мақаласы, баяндамасы арқылы талай ұлы құндылықтарды біріктіріп кетті.

Мәдениеттің, руханияттың ұлттар үшін жақсылыққа бастар ортақ арнасын көрсетеді. Сондықтан да Мағжан үшін жалпы адамзат мұраттарын айтқан ақын-жазушының жаттығы жоқ. Жүсіпбек адамзатты ұлтқа бөлуді емес, жалпы адамгершілік, ұлтжандылық белгілермен, қасиеттермен анықтайды.

«...Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, Максим Горький, Александр Блок сынды жеке адамды дәріптегіш, дарашыл ақындарға мұрит болған, солардан тәлім алып, соларға еліктеген. Ол ақындардың бәрі идеализм жолын тұтынған болатын. Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе,

бесіншісі – батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпау мүмкін емес»

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 512 б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 483 б.

20-ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ А. БАЙТҰРСЫНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

МУСИНА А.

студент, «Журналистика» мамандығы,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

20-ғасыр басындағы қаламгерлер – әдебиет өкілдері ғана емес, ұлтты жеке ел болуға бастаған Алаш зиялылары. Ұлттың болашағын әдебиетпен байланыстырған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев шығармалары ел тарихының бір кезеңін суреттеп қана қойған туындылар емес. Олар өз шығармалары арқылы ұлттың өркендеуі мен болашағы үшін қажет тақырыптық-идеялық тұстарды көтерді. Алаш зиялылары көтерген ұлтжандылық, елшілдік, халық жақсылығы үшін күрескерлік идеялары тек 20-ғасыр үшін ғана емес, бүгінгі әлем жаһандық тұтасуға бет алған шақта да өзекті болып қала береді.

А. Байтұрсынұлов – ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануынан тұңғыш еңбек жазып, осы саланың ғылыми негіздерін алғаш жасаушы.

Қазақ тарихындағы алғашқы журналист еңбектерінің ең бастысы – «Қазақ» газетінде жарияланды мақалалары. Бұл мақалаларда ұлт қайраткерінің ел мен жерге, ұлттық саяси, әлеуметтік, рухани-мәдени тұстарға, ең өзекті деген мәселелерге қатысты мақалалары жарияланды. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ,

ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанынан мөз болып, мал өлімінде өлмейік» [1, 560 б.].

1913 жылы Орынбор қаласында А. Байтұрсынов пен М. Дулатов ұлттық-демократиялық бағыттағы «Қазақ» газетін шығара бастады.

А. Байтұрсыновтың публицистикасының басы «Қазақ» газетіндегі мақалаларын бірнеше тақырыптарға бөлуге болады.

1 Саяси-әлеуметтік тақырып.

2 Оқу-ағарту мәселелері.

3 Рухани-мәдени тақырыптар.

4 Ел ішіндегі оқиғаларға қатысты қаламгер талдаулары мен пікірлері.

5 20-ғасыр басындағы оқиғалар және қазақ өмірі.

6 Терең талдамалы ғылыми мақалалары.

А. Байтұрсыновтың журналист, қоғам қайраткері ретіндегі еңбегі – өз кезіндегі оқиғалар мен әр іс жайына көзқарас, баға беруде ұлт мүддесі тұрғысынан шешілуін алдыңғы орынға шығаруында.

1913 жылы «Жауап хат. Құрметті Жанша Жаһанша мырза!» деп басталатын мақаласын: «Сіздің де, біздің де ойлағанымыз қазақтың азып-тозбасы ғой. Сіздің де, біздің де ниетіміз – қазақ азып-тозбасына қызмет ету. Тілегіміз қазақ халқы басқа халықтармен қатар жұрт қалыбында ғұмыр шегуге басқаларға теңелсек екен деген. Сол үшін әркім білгенін, қолынан келгенін істеп жатыр», – деп жалпы жұртты өзімісіну мен бауырға басқан А. Байтұрсынов мақалаларының басты сипаты баршы қазақты тапқа да, топқа да бөлмей – тең көру.

А. Байтұрсынов еңбектерінің ішінде халыққа жолдаған ашық хаттар көп. Қаламгер халықтың бірігуін, ортақ пікір, көзқарас пен ойларға мүдделі болуын қалайды.

«Петроград хаты» бірнеше хаттардан тұрады. Бұл хаттардың соңына Ә. Бөкейханов, М. Дулатов пен А. Байтұрсынов аттары жазылған. Қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолында бірігіп іс қылған, тізе қосып күрескен Алаш қайраткерлерінің біріге жазған ойларының өзі ұлттың біріге алуын, ортақ мақсатқа ортақтаса алуының үлгісі болды.

«Қазақтан әскер алу жұмысы соғыстан кейінге қалғанмен заңоны қазір шығып қалуы ықтимал екені өткен хатта айтылды. Түбінде алуынан қазірге шығатын заңның шығып қалуында мән көп. Қазақтан қандай әскер істеу үкімі қазір жасалып, пішіліп-кесіліп қалмақшы. Осы шығатын заңда қалай пішіліп-кесілсе, түбінде қазақты сол түрінде әскерге алмақшы. Әскерліктің түрі бірдей емес.

Жаяу әскерлік бар, атты әскерлік бар» [2, 368 б.], – деп қазақтан әскер алу турасында талдау жасап береді. Бұл мақалада халыққа қажет бірнеше маңызды мәселелер қамтылған.

1 Қазақтан патшаның әскер алмай қоймайтындығы.

2 Әскердің қандай түрлері бар екендігі.

3 Атты әскердің екі түрі: кавалерист пен «казак».

4 Жаяу әскер жайы.

5 Қазақтан әскер алуда патшаның ұтары.

6 Қазақтардың атты әскерге жарамдығы.

7 Халықтың өзге ауаға бейімделуінің жайы.

Осындай тұстарға жан-жақты талдау жасай келе, автор мақаласында қазақ үшін ең қолайлысы «казак» болу екендігін айтады. Бұның халыққа да мектеп боларына анық сенеді.

Мақаладағы тағы да бір өзгеше халық тілегін қалаған, болашағы үшін қажет іс-метірге түзудің айтылуы. Бұл халықтың бірлесе, қоғамдаса қимылдауына ыңғай беретін іс болатын Метірге түзуді қолға алса, қазақ арасындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске себеп болған билігі барлардың қоныштарынан басып, өзінің жасын өсіріп не кемітіп, өзгенің жасын әскерге жарамды етіп жалған жазған ақпараттар болмас еді.

Қаламгер мақаласында «Бұл барша қазақтың басындағы іс. Мұнда партиялық алалығы жоғаларға керек. Және де бүгін болмаса ертең істерміз деп, кейінге қалдырылып, кешіктіретін сітің түрі де бұл емес. Осыны ұғып, осы сөз жеткен жерлер, осы бастан істі қолға алуы тиіс» [3, 352], – деп үлкен істі шешерде халық бірлігі мен бүтіндігі, ой ортақтығы қажеттігін айтады.

Мақала қазақтан солдат алады екен деген сөз шыға сала жазылған. Қаламгердің тек журналист ретіндегі көзқарасы ғана емес, ұлтжанды азамат ретіндегі, қоғам қайраткері, саяси басшы ретіндегі пікірі анық байқалады.

Осы хаттың жалғасы келесі санында жарияланған. Бұнда «Россияда 20 миллион мұсылман бармыз дегенде, яки 6 миллион қазақпыз деп аузымызды толтырып сөйлегенде топ-толық сияқты көрінеміз. Іске келгенде пыштай болып сеніп, ол толықтығымыз жоғалады. 5 миллион еврей түгіл, 1 миллион армяндардың істеп отырған ісін істей алмаймыз» – деп нақты деректермен береді. А. Байтұрсыновтың публицистикасының басты ерекшелігі мәселені терең талдауда халықтық тіл стильдерін, ауызекі тіл стильдерін ұтымды қолдануын айтуға болады.

«Тентекті тентек десе, бөркі қара қазандай болады» деген бар. Біз қараңғымыз, біз саңылауымыз деп қараңғылыққа сүйене берсек, сол қараңғылықпен қалыптасып қатып қаламыз. Қараңғылық құдайдың мойнымызға байлап, арқамызға таңып қойған нәрсесі емес қой. Баяғыдан бері қараңғылық, қараңғылық деп келдік, енді жарыққа жармассақ, қараңғылық өкпелей қоймас».

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» – деп деген ұлы Абай дәстүрін үлгі етіп шыққан А. Байтұрсыновтың публицистикасында қазақтың елге қызмет еткен бар тұлғаларын өзінің жақын тартқан дарқан пейілі де көрінеді. Соның бірі – Қарқаралыдан Ержан Аманұғлының дүниеден өткені туралы алған хабарға толықтырулар жазғанын алуға болады. Е. Аманұғлының қазақтан шыққан аз ғана мұғалімдердің бірі екендігін, ұлтын надандықтан шығарып, жарық сәуле берем деген жолда тапқан көкірек аурунан қайтыс болғандығын жазады.

«Қарқаралы ауасы анау-мынау көкірек ауруды жазарлық жайы бар ауа. Құрғақ ауа һәм қарағай ағаш көкірек аурулы адамдарға іздегенде таптырмайтын жер. Ержан сол ауада тұрды, қысы-жазы қымыз ішті. Сонда да болмай ауруының күшейгені істеген қызметінен. Бала оқитын үй нағыз денсаулыққа жағымсыз үйдің бірі болды. Әуелі, үйі жайлы школ орыстың Қарқаралы сияқты шет қалаларында аз болады. Екінші, школ үйінде адам көп. Үшінші, школдағы балалар ойнаған-жүгірген аяғынан тозаң болмай тұрмайды. Осындай кемшіліктің үстіне Қарқаралы школында тағы бір кемшілік болды. Школ жалдаған үйлерде болды. Ол үйлер әуелінде көп адамға арнап салған болмаған соң әрине жайсыз болмақ» [4, 235 б.], – деп әлеуметтік тақырыптың ең бір түйткіл тұмсын назарға салады.

«Тағы да народный сот турасында» деп аталатын мақаласы «Айқап» журналында басылады. Бұл мақалада журналист, қайраткер қазақтың басындағы ең бір үлкен түйткіл мәселе – теңдік, тәуелсіздік пен қазақ қатынасын, ұлт мінезін сараптайды. Сайлаудың сол кездегі сипаты мен мәнін түсіндіреді. Халықтың сол сайлауды қалыткенде өзінің пайдасына шеше аларын талдайды.

«Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, яғни мынау халыққа тынышты, пайдалы залалсыз адам, анау бұзақы, залалды, зорлықшыл, қиянатшыл адам деп тексеріп, таңдап сайласа сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны. Халықтың пайдасы, залалаы қаралмай, мынау менің туған-туысқаным, я құда-құрмаласым деп, яки мынау анадан пәлендей сомын артық беріп тұр ғой деп сайланса, ол

сайлау емес, құр ерегес, құр талас, я сауда. Талас болған соң таласқан ит бірін-бірі аяй ма? Сол сықылды жеңген ит жеңілген итті қандай талайды, талас біткеннен соңғы қазақтың істейтін істері де сондай болады» – деуі, сол кезеннің шындығы ғана емес, ауруы да болатын. «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар, бұйрықтар» деген мақаласының мақсаты – отаршыл патша үкіметінің қазақ даласына қатысты заңдарын түсіндіру.

«Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам, бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі: 1909 жылы 9 июньде, министрлердің Советі ұнатып шығарған насихат – бұйрық. Бұл бұйрық қазақ жерінің артық қарастырып шығаратұғын мекемелерге көрсететін көшесі, жолы.

Бұл бойынша істеген істер жолды, мұнан тысқары істелген істер жолсыз болсын деп 9 июньнің бұйрығы 22 пунктқа бөлінеді. Қай пунктте қалай етпек жол айтқанын төменгі жазылғандардан қараңдар. Түсініксіз жері болса, «Айқап» арқылы әркім сұрасын. Ауған мұжықтарды қондыру үшін һәм мемлекеттің басқа керегіне қажет орында олар үшін Ақмола, Семей, Торғай, һәм Орал облыстарындағы жерлердің шамасын білмекке жасалып, 1909-ыншы жылы 9 июньде, министрлер Советі ұнатып шығарған инструкция, яғни насихат бұйрығы:

1) Пункт: қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұжықтарға я патшалық керегіне шығару жолы Тоблск, Томск, Енесейск, һәм Иркутск губерналарда жер кесуге шығарған низамның 124, 1276 129, 130, 134, 154-інші статьяларының жөнімен болып, осы насихат бұйрықтың 2 пунктінен бастап, 19 пунктіне шейін айтылған жолдардан тысқары кетпеске». Ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ерлігі мен еңбегі басқа «форматта», бірақ ұлт мүддесі үшін қайта жанданды. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералиндер басылымдардың ұйымдастырушысы да, редакторы да, авторы ретінде ауқымды жұмыстар атқарды. Алғашқы қазақ басылымдарының хал-ахуалы, бағыт-бағдары, көтерген мәселесі, халық арасына таралымы туралы А. Байтұрсынов бірнеше мәрте қайыра жазды [5, 815 б.].

А. Байтұрсынов – қазақ тарихындағы тұңғыш тіл ғалымы, тұңғыш әдебиет зерттеушісі, тұңғыш ұлт мүддесін көтерген кәсіби газетті ұйымдастырушы және сол газеттің халық мақсат-мұраттарына жұмыс істеуіне, жұрт тілегіне бар ғұмырын арнаған адам.

Қазақ даласын отарлауды толығымен аяқтаған Ресей патшасының саясатының түпкі құйтырқы қалпы да – халықты өз

ішінен іріртп, біріне-бірін қарсы салып, бөлшектеп билеу мұраты болды. Сол құйтырқы саясаттың құрбаны болып отырған қазақтың жайын талдап береді. Қайраткер қазақ даласына тәуелсіздіктің алғашқы үлгілерін ұсынды. Бұл тәуелсіздік басыт мақсаты – ел бүтіндігі мен халықтың барлық қабаттарының бірлігі деген идеяны мүдде етіп көтерген А. Байтұрсынов осы жолда адал, тура, шын ниетті істі қолдайды, сол жолды насихаттайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 -560 б.

2 «Айқап» журналы // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995 - 368 б.

3 Қазақ журналистикасы. 3 томдық. – 1-т. Қазақ баспасөзі. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 352 б.

4 Смагулова С.О. «20-ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы». Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. – Алматы, 2010 – 235 б.

5 «Дала уәлаятының газеті» // Құрастырушы: Субханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1994 – 815 б.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЗЕРТТЕУІНДЕ

ОСПАНОВА Н.

студент, «Журналистика» мамандығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ радиосы – бұқаралық-ақпарат құралдарының ішінде ерекше өз орны бар сала. Қазақ радиосының ғасырға жуық тарихында қоғамның бар сыр-сипатын ашып, әлеуметке ақпарат таратып қоймай, мәдени-рухани құндылықтарды тартып, экономикалық-шаруашылық негіздерін қалыптастыруға, әр кезеңдердегі қоғам өзгерісіне бейімделуіне зор ықпал еткен орта ретінде де қымбат.

Қазіргі қазақ журналистикасындағы зерттеулер БАҚ тарихын жеке терн зерделеген ғалымдардан бастып, әр саласын талдап,

тарамдап қараған зерттеушілерге де жіктеледі. Қазақ телевидениесі деген тұста еске ғалым М. Барманқұлов түссе, радиожурналистика дегенде ғалым Намазалы Омашев аты аталады.

Радиожурналистика тарихы қазақ журналистикасының тарихымен бірге алынары сөзсіз.

Қазақ журналистикасының тарихына қатысты зерттеулердің өзін бірнеше салаға бөлуге болады. Қазақ журналистикасы тарихының әр саласын жеке-жеке іргелі зерттеулерге айналдырған ғалымдар Б. Кенжебаев [1], Қ. Бекхожин [2], Т. Амандосов [3], Т. Қожакеев [4], Қ. Алдабергенов [5], [6], [7] еңбектерінде де қазақ радиожурналистикасына қатысты мағлұматтар бар. Жалпы қазақ журналистикасы және оның әр салаларын байланыстырушы құрал ретінде де радиожурналистикаға соқпай кетпейді.

Радиожурналистиканы жалпы журналистикадан бөліп алуға болмайтындықтан, бұқаралық-ақпарат құралдарына қатысты деректер мен зертеулерді Р. Сағымбеков, М. Барманқұлов, С. Қозыбаев еңбектерінде жанрлық салыстыру, тарихи сипаттама беру үшін де радиожурналистиканың мәселелері мен түрлеріне оралып отыратын жерлер мол.

Радиожурналистикадағы алғашқы зерттеу – 1979 жылы шыққан Р. Сағымбековтің «Алматыдан сөйлеп тұрмыз...» [8, 476 б.] еңбегі. Бұл еңбегінде ғалым қазақ радиосы 1912 жылдан басталды деген пікірді айтады.

М. Барманқұлов қазіргі кең тараған жанрлардың бірі – интервьюге қатысты тұста телевизиялық жанрлық сипаттарды газетпен, радиомен салыстыра алады. Интервью жанрының қалыптасуына радиобағдарлардың ықпалы ерекше болғаны белгілі.

Радиобағдарларда басталған интервью кейіннен дыбыстық өңдеуден кейін жаңа серпіліске ие болды. Бұл газет интервьюлеріне жақын, бірақ радио арқылы тарайтын интервью өз кезінде бұқаралық-ақпарат құралдары үшін жаңалық болды. Газет интервьюлеріне ұқсас болып келетін радиодағы интервьюдің өзіндік ереушеліктері радио бағдарламаларының, хабар, ақпараттарының сипаттарынан шығады.

Радионың газеттегі интервьюден айырмашылығы сияқты телевизиядағы интервью келесі өзгешеліктерімен анықталады:

1 Терен монтаждауды қажет етеді.

2 Түсірілімдегі артық жауаптар алынып, қысқартылады.

3 Сұраққа жауаптың ең бір анық, жарқын тұстарына екпін түсіріле қайта өңделеді.

Осындай сипаттарына қарай ғалым М. Барманкүлов интервьюдің алғашқы басталған кезінен бергі даму, әдіс-тәсілдерінің жаңару сипаттары мен жанр туралы айтылған түрлі пікір мен ой-тұжырымдарды толық талдау жасайды.

«Парижская газета завела у себя новую рубрику: радио-интервью с лицами, слова и деяния которых на очереди дня, – писал Е. Дмитриев в статье «Радио-интервью и радио-мечта» в «Журналисте» за 1927 год – Эта, рубрика, кажется, первая в своем роде: во всяком случае, это нововедение во французской прессе» [9, 131].

Қазақ бұқаралық-баспасөз тарихында алғашқы радио тарихын Р. Сағымбеков зерттесе, кейіннен радиожурналистика тарихын тереңдеп қарастырған – ғалым Намазалы Омашев.

Ғалым Намазалы Омашев қазақ журналистикасын зерттеген саласы – радиожурналистика. Осы салаға қатысты теориялық, тәжірибелік мәселелр мен бірге қазақ радиосы тарихына қатысты да бірнеше деректер келтіреді. Бұл деректер кейінгі зерттеулерге негіз болып, қазақ ғылымынадағы келесі зерттеулердің айналымға түсуіне ықпал етті.

Ғалымның алғашқы «Радиожурналистика жанрлары мен формалары» атты 1978 жылы шыққан еңбегінен бастап, кейінгі «Қазақ радиожурналистикасы» атты монографиясына дейінгі аралықта елімізде радиохабар тарату ісінің қалыптасуы мен дамуын тарихи деректер негізінде жүйелеп, кезендерін айқындап, жанрлар мен пішіндер эволюциясын көрсетіп береді. Ғалым зерттеулерінде радиожурналистика іргелі ғылым саласы ретінде өзіндік тұжырымдары бар, БАҚ құрылымы болып, тиісті бағасын алды. Соңғы жылдары ол жаңа деректер негізінде Қазақ радиохабарын бұрынғыша 1931 жылдан емес, 1921 жылы хабар тарата бастаған Орынбордағы өлкелік радиостанциядан бастау алатындығын дәлелдеп шықты.

1928 жылдың шілде айында Еңбек және қорғаныс кеңесі «Радиохабар таратуды қайта ұйымдастыру туралы» деген құжатты қабылдады. Осыдан кейін алдыңғы құрылған акционерлік қоғам 1931 жылы таратылды. Орнына Бүкілодақтық радиокомитет болып қайта құрылды. Жаңа құрылған Кеңес өкіметінің саяси бағыттарына сәйкес Қазақстанда да одақтық радиокомитет ашылды. Тұңғыш төрағасына Айтбай Хангелдин тағайындалды. Кейіннен Б. Кенжебаев, Е. Арысұлы, Қ. Орманов, М. Сағатов сынды радиожурналистер ұлттық радионың дамуы үшін қызмет етті. Жоғарыдағы ғалымдар, журналистер болып қана тарихта қалған

жоқ. Олардың есімдері қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани, оқу-ағарту, ғылыми, экономикалық салаға үлес қосқан, пікір, ой айтқан қайраткерлер ретінде де ел есінде қалды.

1931 жылдан бастап алғашқы радиоүндесулер өткізілді. Радиоочерктер жазыла бастады. Қоғамдағы радионың маңызы күннен күнге арта түсті. 1930-1940 жылдар радиосының ерекшелігі – ақпараттық хабарлар, газет мақалалары баспа мәтіндерін дайындау дағдыларын игеруі. Радиожурналистика жанрының негізгі өзегі – радиодерек.

1930 жылы ДнепроГЭС құрылысы туралы радиодеректен репортаж жасалды. ДнепроГЭС құрылысы үшін 6 микрофон, 11 дыбыс күшейткіш қойылды. Хабар үзіліссіз, екі сағат тікелей эфирден берілді. Тікелей эфир арқылы өткен өзекті хабарлардың бастысы болды. Жалпы 1930-жылдардағы радиожурналистикадағы басты қол жеткен жеміс – радиодеректер. Осы алғашқы радиодеректен бастап Қазақ радиосының «Алтын қоры» басталады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі радио негізгі насихат орыны болды. Ұлы Отан соғысының алғаш басталған күнінен бастап хабар таратушы радио-станцияларды батыстан шығысқа көшіру бірінші кезектегі міндетке кірді. Елдің соғысқа қатысу жағдай әскери кезең екендігі ескеріліп, радиостанциялар қысқа толқынға және үш арнадан бір арналы жұмыс істеу кестесіне көшті.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі берілген басты хабар – «Соңғы хабар» деп аталды. «Соңғы хабардың» ең алғашқысы Германияның КСРО-ға басып кіргені туралы үкіметтің арнайы хабарламасынан кейін 45 минуттан кейін эфирге шықты. Жедел ақпарат тарата алған Ресей радиостанциялары 1943 жылы 1941 жылға, соғысқа дейінгі деңгейінен ақпарат, хабар тарату жағынан арта түсті. Бірінші берген ақпараттан бастап соғыстың соңына дейінгі «Кеңестік ақпарат бюросының» («Совинформбюроның») 7000 корреспонденциясы беріліпті. Бүкілодақтық радионың шығысқа көшірілуі Қазақстандағы радио қызметінің кең қанат жаюына жағдай жасады. Қазақ жеріндегі халықтың майдан хабарларын көруі жиіледі. Жиі жүргізілген хабар, ақпарат олардың сапасына да әсер етті. Хабар, ақпарат тарату мәдениеті көтерілді. Журналистік шеберлік арта түсті. Қазақ радиожурналистикасының барлық салаларын терең зерттеген ғалым еңбектерінің осы саладағы зерттеулерінің өзін бірнеше ерекшеліктерімен атаған дұрыс. Намазалы Омашевтің зерттеулерінде радиожурналистиканың бірнеше сипаттары назарға алынады.

1 Радиожурналистиканы зерттеу тек қана бұқаралық-ақпарат құралдарының бір саласын зерттеу ғана емес, жалпы журналистикаға қатысты тұстарды толық қамтуды да қажет етеді.

2 Радиожурналистика – бұқаралық ақпарат құралдарының басты түрі. Оның өзіндік ерекшелігі мен табиғаты, әдіс-тәсілдері мен қырлары қоғам өзгерген сайын зерттеуді, қайта қарастыруды талап етеді.

3 Радиожурналистика бүгінде салааралық ғылым қатарында да қарастырылады. Тіл білімі мен сөйлеу мәдениетін, психология мен әлеуметтану, тарихи деректер мен философияны және коммуникастиканы бір арнаға жинайды.

4 Радиожурналистиканың қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші, ортақ мұраттарды насихаттаушы, сананы ортақтаушы ретінде өзіндік негіздері, бірыңғай заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтар жеткілікті жүйеге түскен.

Қазақ радиосынан саясат, экономика, ауыл шаруашылығы, ұлтаралық келісім, мәдениет, білім тақырыптарына топтастырылған «Қоғам және таным», «Экономика және әлеумет», «Руханият», «Заман біздікі», «Балауса», «Түнгі толқын», «Өнер адамы», «Алтын дауыс», «Күй-шежіре» т.б. сияқты бағдарламаларды тыңдауға болады. Сала-саланың өзекті мәселелері журналистік зерттеулер арқылы жан-жақты талданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. – Алматы:,1956, –156 б.

2 «Айқап» газеті // Құрастырушылар Сухбанбердина Ү., Дәуітов С – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995 – 366 б.

3 Амандосов Т. Жанры казахской советской печати: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1968.– 243 с.

4 Қожақеев Т. Шығармалары. 2-том, - Алматы: Айғаным, 2014. – 283 б.

5 Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз. Қазақ журналистикасының тарихы. Екінші кітап, - Павлодар, 2012 <http://library.psu.kz/fullt 2.76 Mb>.

6 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995) – Алматы: Рауан, 1996, – 217 б.

7 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштын ардақтылары. 1-кітап. – А., 19

8 Сағымбеков. Р. Алматыдан сөйлеп тұрмыз [мәтін]: монография.- Алматы: Қазақстан, 1979. – 476 б.

9 Барманкулов М.К. Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радио. – Алматы: 1990. – 131б.

ҚАЗІРГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

СОЛТАНОВА З.

студент, «Журналистика» мамандығы,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

ЕЛІҚПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

Өркениет пен жаңа технологиялардың дамуындағы дағдарыс үдерістері мен құбылыстары өрши түсуде. Қазіргі еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларының өзгерістеріне ұшырауы заңды құбылыс ретінде бағаланады. Бұл тұста әлемдік руханияттың және қоғамдық қозғалыстың бөлігі болып саналатын журналистиканың қоғам үшін орны ерекше екені анықталып отыр.

Бүгінгі әлемдік журналистика – шығармашылық пен саясаттың да феномені. Қазіргі өркениеттің маңызды тұстарын қосып қамтитын жүйе. Осы тұста журналистиканың әлеуметті тұтас қамтып, бүгінгі күндегі өзекті мәселелер қатарын оқиғалар, бағалау және түсініктемелер арқылы жеткізеді. Бұл жеткізуде басты мақсат – әлеуметтік топтар дүниетанымына ықпал жасау. Олардың қызу пікірталасын тудырып, өз ойларын ортаға салуға ықпал жасау, өздерін қатыстыру.

Гуманитарлық ғылымдар саласындағы журналистиканың маңыздылығы ерекшелігі осындай сипатымен айқындалып келеді.

Қазақ журналистикасының ғылым ретінде қалыптасуы 20-ғасырдың алғашқы ширегінен басталды. Алғашқы кезеңде журналистиканың теориясы мен тәжірибесі, тарихы, қазіргі қоғамдағы орнын анықтауға бағытталған еңбектер маңызды болды. Бүгінгі қазақ журналистикасында бұқаралық-ақпараттық құралдарының ұлттық терминологиялық аппаратына қатысты тұстары әлі де бар. Әлемдік журналистикада саясаттану, әлеуметтану, психология тіпті жаратылған секілді басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылатын құндылықтар жиі пайдаланылады.

Төртінші билік саналатын журналистиканың тарихы тереңде жатыр. Ұғымның негізі ақпарат, сондықтан да ал мақсаты –

ақпаратты көпшілікке жеткізу. Қазақ қоғамында да басқа үлгідегілер сияқты алғашқы түрлері ауызша таратылды.

Қоғамның әлеуметтік сипаты, саяси құрылымы, рухани қалпы ақпаратты жеткізудегі негізгі тәсілдерді, мазмұн мен форманы белгілейді. Жарлық пен жаңалықтарды жеткізу Еуропада глашатайлардың [1] міндеті болды. Қазақ қоғамындағы хабар жеткізуді жаушыны атқаратын. Жаушының өзі таңдалып алынып, оның ақпарат, хабар жеткізуі үшін жеке қасиеттері мен мүмкіндігі, мінезі мен әлеуметтік тегі ескерілетін.

Бүгінгі журналистикадағы құндылықтар туралы насихаттайтын мамандардың да мінез, білім, адамшылық қалыптары т.б. сипаттары ескерілуі тиіс. Себебі ғасырдан ғасыр өте журналистиканың маңыздылығы жоғарылап келеді.

1 Қоғаммен жұмыс істейтін, әлеумен тікелей араласатын азаматтық журналистика әлеуметті идеологиялық күшке айналып келеді.

2 Журналистика қоғамдағы бедел мен жоғары қалып, мінез сипаттарын жасаушы (брендтер қалыптастырушы) қызметін де атқарып келеді [2].

Журналистика қоғамдық ойдың эволюциясына, экономикалық дамуына ықпал жасайды. Мәдениеттің ерекше бөлігі саналатын журналистика рухани және материалдық мәдениеттің дамуына әсер етеді.

3 БАҚ-тағы құндылықтар ұғымы ғылым мен технологиялар процесінде өңделген нәтижелер көрінісін білдіреді.

Журналистиканың басты мазмұнын, құрамдас материалдары әлеуметтік желілер пікірлері немесе блогқа арналған мақалалардан ғана тұрмайды. Оның негізгі белгілері тіпті журналдардағы мақалалар мен конференциялар баяндамаларды таңдап, талған қоя білуімен де айқындалады.

4 Бүгінгі құндылықтар жүйелік талдауға байланысты қоғамның басты нысаны ретінде қарастыруға мүмкіндік бертеін өз жүйесі мен өзге жүйелермен байланыс қызметі бар. Оның әлеуметтік институт, мамандық жиынтығы; материалдар жүйесі, мәтіндер құру, бұқаралық коммуникациялар жүйесімен байланысы, т.б. белгілері медиа индустриясының бөлігі ретінде тануды талап етеді.

5 Құндылықтар тақырып бойынша өзекті саналатын мәселелері қатарында төмендегі түсініктер көбірек назарға алынады.

Ұлттық құндылық – ұлттың құрамындағы халықтардың шаруашылығы, тұрмысына қарай өздеріне тән халықтық рухани-

мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз ететін, сол мақсатты көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаттары. Сондықтан да ұлттық құндылық қоғамның бар саласында бірінші кезекте тұруға тиіс. Саясатта да, экономикада да, мәдениетте де, таным-талғамда да, яғни қоғамның бар жасалынатын іс-әрекеттерінің бәрінде де мәселе ұлттық талабы тұрғысынан шешілсе, халықтың болашағының бар екендігі.

Ұлттық құндылығы – елдің тұрақты өркендеуінің, мемлекеттігінің нығаюының басты кепілі болып табылады. Қоғам мүшелерінің ұлттық мүддені қорғауы бүгінгі күні бірдей ортақ қажеттілікке айналады. Ұлттық құндылықты қоғам, әлем талабына қарай ыңғайлау, белгілі бір мақсаттарға бағыттап отыратын пәрменді тетік мемлекеттік институттар екені сөзсіз. Бірақ бүгінгі қазақ қоғамы мемлекет тарапынан әлеуметті әрекетті көре алмай отыр. Мемлекет тарапынан ұлттық құндылықтарды сақтап, халықтық мүддені қорғай ұстанымы пәрменді жүргізілмейтіндігі азаматтық журналистиканы көп жазылады.

Бүгінгі азаматтық журналистика қоғамды бар мәселені ұлттық құндылық тұрғысынан шешіп, халықтық таным тұсынан тосу керектігін айтады. Осы мақсатта халықты топтастыра алып отыр.

Бүгінгі билік басындағылардың да, тәуелсіздігі қолына тиіп, ертеңінен үлкен үміт күтіп отырған жалпы қазақ жұртының да ұлттық құндылықтарды ұмытып, уақытша табыстың қызығына берілуінің соңы өкінішке ұрындырары анық екендігін айтады.

Бүгінгі қоғамдық құндылықтар көпқабатты, көпқырлы өзгеріске түсуі мүмкін үрдіс. Бірақ ұлттық мүдде өзінің тірек негізін ұлт үшін қызмет, ұлт үшін мұратты істер, ұлт құндылықтарын сақтауға бағытталады. Ол өзіне дейінгі болып өткен қоғамдық мүдделер негізінде қалыптасады. Бүгінгі қоғамдық мүдде ұлттың өткенінен туып, келешекке ұласатын қозғалыстағы объективті мүддесі болуымен тұрақты. Яғни бір кезендік емес, ұлттың өз болмысын, табиғатын кеше сақтаған, бүгін сақтап отырған және ертең сақтайтын мүддесі болуымен құнды.

Ұлттың құндылығы қазіргі қоғамдық болмыс шындығының құрамдас бөлшегі, сегменті.

Ұлттың құндылығы мен қоғамдық пікірдегі блоггерлік тақырыптардың бірі – экономикалық тәуелсізді, ұлттық экономиканың дамуы.

Бүгінгі қазақ тілді журналистердің ұлттық құндылық пен қоғамдық пікір тудырудағы жекелік сипат арқылы көптің тілегін

білдіру мақсатын орынды жүргізе алып отырғандығын айтуға болады.

Бүгінгі қазақ қоғамының санасы елдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да ұлтқы қажет тұстарда белсенді. Осы белсенділікті жинақтау, топтау, ортақ пікірмен түйіндеу мәселелерінде қазақ журналистерінің түрлі жанрды қажетіне қарай пайдалана алатындығын байқауға болады.

Сонымен қатар, өзінің негізгі әлеуметтік бағытына қарай құндылықтардың көтерілу саласын келесі топтарға бөлуге болады.

- 1 Саяси;
- 2 Халықаралық;
- 3 Искерлік журналистика.
- 4 Салалық.
- 5 Тақырыптық.
- 6 Музыкалық.
- 7 Спорттық.
- 8 Ғылыми-танымдық.
- 9 Экономикалық.
- 10 Діни т.б.

Қорыта айтқанда, ұлттың құндылықтары заманауи қоғамда көркем-әдеби, саясаттанулық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтанулық ғылымдарды толық қамтитын және қоғамдық үрдістердің өзгерістеріне ықпал ететін жүйе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иватова Л.М., Насимова Г.Ө., Насимов М.Ө. Саяси жарнама: теория және тәжірибе. – Алматы, 2008. – 37 б.

2 Nassimov M.O., Paridinova B.Zh. International image and national brands of the Republic of Kazakhstan // The Strategies of Modern Science Development: International scientific-practical conference. Science Book Publishing House, Yelm, WA, USA, 29-30 March 2013. P. 199-204.

«АҚЖОЛ» БАСЫЛЫМЫ: БАҒЫТЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ХАМЗИН А.
студент, «Журналистика» мамандығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕЛІҚПАЕВ С. Т.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін жаңа өкімет өз саясатын жүргізе бастады. Кеңес өкіметінің саясатын қолдайтын, жаңа өмірді дәріптейтін басылымдар шығаруды қолға алды. Бұл үгіт-насихат жұмыстары деп, БАҚ арқылы жүргізілді.

1920 жылы сәуір айында Ташкентте «Қырғыз-қазақша» аптасына екі рет шығатын, саяси және шаруашылық бағыттағы «Жаңа Өріс» газеті жарыққа келді. Газет Ресейлік еншілестер табының кеңесімен Түркістандық кіндік Атқару Кеңесі мен Түркістан соғыс майдандарының саяси бөлімі атынан шығады деп жарияланды.

«Жаңа Өріс» алғаш тегін таратылды. Оның шет елдерде, Кеңестер ішінде, аймақ хабарлары деген бөлімдері болды. Өз оқушыларын ішкі, сыртқы жаңалықтармен таныстырып отырды. 1920 жылғы 27 шілдеге дейін «Жаңа Өрістің» 14 нөмері жарық көрді. Ал 1920 жылдың желтоқсанынан бастап «Жаңа Өріс» негізінде Түркістан орталық партия комитетінің тілі «Ақ жол» газеті шығарылды.

Түркістан Компартиясының Орталық Комитетінің Атқару бюросының № 20-шы 1920 жылғы 19 қазандағы хаттамасының көшірмесінде төмендегідей мәліметер беріледі.

«Слушали: О киргизской газете. Постановили:

1 Газету издавать под названием «Ақ-жол» (Светлый путь) как орган ЦК КПТ и ТуркЦИКа.

2 Газета выходит не менее 2-х раз в неделю в размере пол печатного листа.

3 Тираж 18 000 экз.

4 Ответственным редактором назначить тов. Султанбека Ходжанова, ответственным секретарем Мир-Якуб Дулатова.

5 Штат: Редактор, секретарь, Заведующий редакцией, делопроизводитель, Архивариус, конторщик, бухгалтер, казначей, экспедитор, рассыльный, кучер, сторож, уборщица.

6 Все служащие редакции должны пользоваться пайком и обмундированием наравне с работниками ударно-производительных предприятий.

7 По представлении сметы открыть кредит при народном банке.

8 На средства редакции определить открытые курсы для подготовки наборщиков 10 из киргиз.

Отв. Секретарь ЦК Компартии Туркестана. Подпись Н. Тюрякулов» [1].

Алғашқы редакторы болып С.Қожанов сайланды. Газеттің негізі бағыттары:

- 1 Ішкі және сыртқы хабарлар;
- 2 Сауатсыздықты жою;
- 3 Оқу-білім, әдебиет, мәдениет мәселелері;
- 4 Әйел теңдігі;
- 5 Бұйрық-жарлықтар, партия талаптары;
- 6 Шаруашылық жағдайынан мәліметтер.

Мысалы, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты «Қазақстанда әдебиет оқу кітаптарын шығару туралы» («Ақ жол» (Ташкент), 1921, 17 февраль Келден. Қазақ-қырғыз білім комиссиясы – «Ақ жол» 1921, № 122, 123 декабрь; 1922, № 126, 128, 129 январь. Сондай-ақ Оспанов С. «Әубәкір Ахметжан ұлы Диваевтың 40-жылдық юбилейі» «Ақ жол» (Ташкент), 1923, № 288, 29 март. Ташкентте «Талап» төңірегінде», «Б. Алтынсарин һәм Абай туралы», «Ақ жол» Ташкент, 1923, № 288. 29-март. Саади. А. (Абдурахман). Абай «Ақ жол» 1923 № 355, 356, 359, 363, 369, 372. Сәрсенби Ж. (Жакен), «Театр керек», «Ақ жол» Ташкент 1923, № 377, 378. «Білім комиссиясының бір мүшесі қисынсыз жала», «Сәкен жолдасқа жауап», «Ақ жол» (Ташкент). 1924 № 417, 22 март. Темірбай. «Қазақ әдебиеті тарихынан әңгіме» «Ақ жол» Ташкент 1924 № 412, 5 март. Тоқпақ (С. Ходжанов). «Жақындық па, жалақорлық па?» («Еңбек» қазақтың № 128, 19 февральда шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген мақалға сын). «Ақ жол» (Ташкент). 1924, 421. б. 3-4. деген мақалалар «Ақ жол» газеті бетінен жарық көрген. Түркістан өлкесінде шығып отырған мерзімдік басылымдарға мынандай анкеталар да толтырып отырған [2].

«Мерзімдік басылымдар анкетасы: «Ақ-жол» газеті – қазақ тілінде.

Адресі: Ташкент қаласы. К. Маркс көшесі 41.

1920 жылдың 7 желтоқсанан бастап, үзілістер 8 тамыз 1923 жылдан 28-не дейін себебі: қаржының жетіспеуінен.

Бағдарламасы-партиялық-саяси, экономикалық және ғылыми әдебиеттер.

Мерзімділік уақыты – аптасына 3 рет Тираж – 1800 дана.

Қызметкерелері:

- 1 Тохтыбаев Иса Тоқтыбаевич-жауапты редактор
- 2 Алиев Хасан Шаяхметович
- 3 Байтасов Абдулла Баитасович
- 4 Ходжиков Кангиркожа Ходжикович
- 5 Илаев Хади Илаевич
- 6 Алпаров Гибат

Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылады, осыдан кейін Ақ жол газеті 1925-1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес мекемелерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды.

«Ақжолдың» әдеби тілді қалыптастыруға қосқан игі қадамының бірі-саяси-әлеуметтік маңызды терминдерді дәуір талабына сай бір жүйеге түсіріп, қолдану жөнінде пікір қозғауы болды. Сәкен Сейфуллин өзінің «затқа іздеу, ұғынысқа сөз іздеу»? деген мақаласында әңгіме етеді. Мұнда ол аударуға келмейтін терминдерді сол қалыпында алуды қолдап, одан тілдің бай түспесе, зиян шекпейтінін айтады. Ол «басқа көп халықтарға аты да, заты да бірдей сөздерді қазақшаға аудармай-ақ алу керек» деген ұсыныс жасайды.

Сауатсыздықты тез арада жоюдың озық әдістері баспасөз беттерінде кең таралды. Сауат ашуда өте ұғымталдылық көрсеткендер жұртшылыққа жария етілді. «Ақ жол» газеті сауат ашу ісі жөніндегі осындай игі шараларды көтеріп, бұл науқанның сәтті жүргізілуіне үлесін қосады. Қазақ, қырғыз сияқты көшпелі мал шаруашылығымен айналған ел жағдайында сауат ашудың тиімді жолы хат танытын адамнан үзбей оқу екенін, курсты осылай ұйымдастырғанда мұғалім іздеу мен класс дайындау сияқты қиындықтан құтылуға болатынын жазады газет. Сауатсыздықты жою курстары жер-жерде құрылғанын, олардың өз бағдарламасы көлеміндегі оқуын бітіріп еңбекшілердің сауатын ашып жатқанын «Ақжол» қысқа хабар, кейде тәжірибе түрінде дәйекті жариялап отырды. «Ақ жол» 1924 жылы 9 қазан нөмірінде Жетісу облысында 3520, Сырдария облысында 970 адамның сауатсыздықты жою мектептерінде оқып жатқанын хабарлайды. Мұнымен қатар «Қосшы» одақтарының жанынан ашылған курстардың жемісті жұмысы жайлы да мәлімет беріп отырған.

«Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 22 ақпанындағы нөмірінде «Шолпан» журналы деген хабар шықты. Октябрьден бастап Ташкентте қырғыз-қазақ тілінде «Шолпан» атты жаңадан айлық журнал шыға бастады. Журналда саясат, әдебиет, білім һәм шаруашылық жайынан сөздер жазылып тұратын көрінеді. Бас шығарушылар: Рысқұлов, Қожанов, Төреқұлов, Тоқтыбаев, Досмұхаммедов, Ә. Диваев, Жандосов, Бөриев һәм басқалар [3].

«Шолпан» журналы Түркістан Орталық партия комитетінің органы болып Ташкентте шығарылды, қазақ тілінде айын бір рет шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы деп аталды. Ол 1922 жылдың қазанынан 1923 жылдың мамыр айына дейін шығарылып тұрды. Журнал 58 беттік болып, 25 беті қазақ-қырғыз, 24 беті өзбек, 8 беті түркімен тілінде болмақ.

Сталиннің 1925 жылғы маусымдағы «Ақжол» газетіне байланысты жорлдаған хатындағы партияда жоқ интеллигенцияға байланысты айтылған пікірлерді өзінше түсініп, басшылыққа алған Ф. И. Голощекин қоғамдық-саяси өмірден қол үзбеген ұлттық интеллигенцияның алғашқы буын өкілерін «буржуазияшыл-ұлтшыл», «алаштық интеллигенция» деп жариялап, соңына түсіп, саяси қудалау және репрессиялық шараларды іске асырды [4].

А. Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінің бірінші нөміріндегі оқырмандарға арнау сөзінде басапәсөздің қажеттілігі туралы былай айтып өткен болатын: Әуелі, газета- халықтың көзі, құлағы, һәм тілі... Екінші, газет-жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп басшылық етіп тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы... Төртінші, газет-халықтың дауысы» [5].

Қазақ зиялылары мерзімді басылымның халықтың санасына әсер ете білетін қуатты күшін сезіне алды. Қазақ оқығандары бұл саясатты Кеңес өкіметі кезінде де жүргізді. Кеңес белсенділерінің қарсы тұруы оларға кедергі бола алмады. Тарихшы М. Қойгелдиев бұл кезенді былай көрсетті: – Голощекин мен оның төңірегіндегілер алаштық интеллигенцияға қырғи қабақ танытқанымен, С. Садуақасов, жаңа жағдайға бейімделіп, олардың халықтың рухани өмірінде алатын табиғи орнына дақ түсірерлік жарты сөз айтқан емес. Керісінше, ол ескі интеллигенция өкілдеріне шамасы келгенше көмегін берді, өзі редакторлық жасайтын басылым арқылы алаштық интеллигенцияға да пікір білдіруге жағдай жасады. Бұл хат дәл сол уақытта іс жүзінде жүзеге асты деп айта алмаймыз. Себебі

баспасөзді идеологияландыратын зиялы қауым әлі қалыптаспаған еді. Ал баспасөз редакторлары, ұйымдастырушылары көрнекті қазақ зиялылары еді. Сондықтан 1925 жылға дейінгі аралықта коммунистік, партияның бұл саладағы қызметі толық жүзеге асқан жоқ. Тек алашордашыларды ашық қудалау ғана цензураны орнатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ААП РУз, ф.60, оп.1, д.421, л.194, 194 об
- 2 ӘРОМА Ф.И-34-қор.1-іс.2641-тізе. 58-59-п.
- 3 Қожакеев Т. Жыл құстары – Алматы. 1991- 57 б.
- 4 Нүрпейісов К. Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-өміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (20-30 жылдар мысалында) // Столичное обозрение - 1998. - № 7.
- 5 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 -560 б.

1.1.4 Павлодар облысы белгілі тумаларының мәдени және рухани мұрасы

1.1.4 Культурное и духовное наследие знаменательных выходцев Павлодарской области

ЖАЙЯУ МҰСАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫНАН ҮЗІНДІ

БЕГЕЖАНОВ С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МЕРГАЛИЕВ Д. М.

о.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Алғаш келгенде көзіне оттай басылып дүниедегіен үлкен қала көрінген Қызылжар, енді үйреншікті болып, жиі кездесіп тұратын жаңалығы жоқ қала, Мұса үшін де өмір ырғағы біркелкі, мәдени оқиғалары сирек, ауылға қарағанда ғана шулы болып көрініп, бара-бара мұндағы тіршіліктің тым қызықсыз екені біліне береді. Жаны бай Мұса әлде не іздейді. Қаланың бар мәдениет мүмкіншілігі оны қанағаттандырмайды. Бұлай, кеше ғана сырттан келген жалаңаяқтың рухани тілегінің оның сырт түріне лайық келмеуіне себеп – Мұсаның газет-журналдар оқу арқылы Омбы қаланың өмірімен танысуы болды. Тынымсыз жан Қызылжардың оқуын тауысқандай, енді

Омбыға баруды аңсайды. Бір ғана Мұса Байжанов емес, қазақ балаларының орысша сауатын ашып, мәдениетке талпынуында Қызылжар қаласының рөлі зор болғаны кейбір деректерде кездеседі. Осы бір уездік қалада тіпті XVIII ғасырдың екінші жартысында балаларға арналған орыс мектебі, кейінірек бірлі-жарым орыс-қазақ мектептері де болады. Қалада қазақ балаларына арналған интернаттар, ал жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде бастауыш мектептер мен реальдық училищелер ашылады [1].

«Ауылға барсам жібермей қояр» деген оймен Мұса Қызылжарда қысы-жазы шықпастан үш, төрт жыл болады. Бұл уақыт ішінде орыс тілін жақсы меңгеріп, белгілі қала адамы болып кетеді. Өмір тауқыметін тарту, оқу-білім алу өзінің «ет тірлігінің» арқасында үсті-басып да жөндеп алу, домбыра, сырнай, скрипка тартуда қала жастарының алдыңғы қатарында болып кету – Мұсаның беделін күннен-күнге асыра түседі. Мұса енді сауық кештердің «жаны», бастаушылардың бірі болып кетеді. Қысқасы – Мұса алған білімімен қатар музыкалық қабілет, орындаушылық жетістік жақтарынан да көзге түседі. Ол біртіндеген сықақ өлеңдер де шығарып қояды. Мұсаның, осылай ауылда болса «бұғып жата беретін» қасиеттері ашыла бастайды.

Енді 1855-1856 жылдар шамасында Мұса Омбы қаласына келеді. Көптеген қиыншылықтардан кейін ол орыс мектебіне түсіп оқиды. Кейбір әңгімелер бойынша, Мұса Омбыда Шоқан Уалиханов, Сұлтанғазы Аблайхановпен танысып (біреулер тіпті Сұлтанғазының үйінде жатып оқыған дейді), солардың көмегімен екі кластық орыс мектебінде екі-үш жыл оқыған. Жоғарыда баяндалғандай, Мұсаның жазу сауатына қарағанда бұл рас болуы мүмкін. Күн көріс табу мұнда Қызылжарға қарағанда қиынға соғады. Белгілі кәсіпшілік мамандығы жоқ адамға үлкен қалада бірыңғай жұмыс болмай, кездейсоқ табыс қууға тура келеді. Мұсаның халі қиындайды. Сонда да жасынан «тесік өкпе» болып қалған шыныққан дене, алған бағытынан қайтпайтын жалынды жүрек, бәріне де төзіп оқу білім жұмысын үздірмейді. Жас талапкер күн санап орысша жазу-сызуға төселе түседі. Әрине, Омбының мектебі де, оқушылары да «мінез-құлықтары» жағынан өзгеше болады.

Оқу жағы үлкен қиындықпен болса да оңға басумен қатар, Мұсаның өнерге деген талабы да жана бастайды. Генерал-губернатордың тұрағы болған Омбы мәдени-тұрмыс жағынан Қызылжарға қарағанда жоғарырақ болады. Белгілі әскери бөлімдер, қала гарнизонының болуымен байланысты, мұнда үрлеп ойнайтын

аспаптар оркестрлері, оқу орындары жанында хор, драма, музыка үйірмелері болады. Қалалық бақта ашық концерттер, өнерпаздар спектакльдері болып тұрады [2].

Омбыға жиі-жиі гастрольдер келеді. Олардың ішінде профессионалдар да кездеседі. Әншілер, скрипка, фортепьяно және басқа жеке аспаптарда шебер орындаушылар кештері болып тұрады. Мұнымен қатар анса-санда болса да симфониялық концерттер көрсетіледі. Мұса Омбының кітапханаларында болып, Петербург, Москва, Орынбор, Ақмола, тағы басқа қалаларда шығып тұратын газет, журнал, кітаптар мен ведомостар оқиды. Соның арқасында, Мұса, патшашылдықты мадақтайтын бірыңғай ресми мақалалармен қатар, бұқара тұрмысын шындық тұрғысынан қарайтын, демократиялық түйінде жазылған мақалалар да кездестіреді. Өзі араласып, әңгімелесіп жүрген үлкен, кішінің арқасында социалистік көзқарастары үшін Омбыға айдалып келген адамдар жәйінде әңгімелер естиді. Осылай Мұсаның дүние тануында жаңа қоғам лебімен танысуы басталады. Оның үстіне Омбыда оқып жүргенінде жаз айларында жиған-терген қаржысымен елге барып-қайтып жүргенінде, ауылдағы болып жататын түрлі оқиғалармен танысады. Байлардың, әкімдердің еңбексіз тұратынын, кедей, жалшылардың халдері нашар екенін көреді. Осының бәрі Мұсаға ой салады. Бұл әділетсіздік жөнінде өзінің қолынан келетін шарасын қолдануға бел байлайды. Мұсаның топшылауынша ауылда болып жатқан әділетсіздікті жоғарғы әкімшілік орындары білмейді, алдымен соларға жеткізу керек, – деп ойлайды. Болып жатқан жайларды баяндап, ұлыққа арыз жазу керек деген шешімге келеді. Сондықтан, ол елге барып қайтқан сайын дәлелге керекті деген материалдар жинап жүреді.

Омбы дәуірінде Мұса өлең жазумен қатар ән шығаруға да талаптанады. Баста мектеп жанындағы өнерпаздар үйірмесінің бір кешінде Мұса домбырада, гармоньда, скрипкада қазақ, татар, орыс әндерін кезек тартып, оны сахнадан жібермей қойғансын, өз жанынан қыздарға арнап шығарған өлеңін белгілі бір әнге қосып айтып жүреді. Кейін сол өлеңіне өзі ән шығарып, жастарға сынаатады. Ән бірден тыңдаушылардың құлағына жағып, «Қыздар-ай» деген атпен тарап кетеді. Сөйтіп Мұсаның тырнақалды музыкалық туындысы жарыққа шығады.

Бір күні Жаяу Мұса Шормановтар ауылына жақын жерден өтіп бара жатқанда, оны ұстап алып, астындағы атын тартып алып, өзін көкала қойдай етіп сабап жібереді. Мұса оған да қарамайды (әрине,

атын қайтара алмайды, өйткені – Шорман ауылы ешкімге де теңдік бермейді) қала әдетінше киініп, а орнына қолына таяғын алып, жаяу-ақ ел аралай береді. Кәсібін тоқтатпайды. Осы арада келіп «Ақсиса» әні шығады. Шормановтар Мұсаны қаншама қудалағандарымен атын алып, «Жаяу» Мұса атандырғандарымен, өктем әнді тоқтата алмайды. «Ақсиса» радио толқынындай қапелімде айналаға жайылып, еңбек жеуші тапқа айтқан лағнет гимніндей болып кетеді [1].

«Ақсиса» композитордың күрделі шығармаларының бірі. Бұл әлеуметтік теңсіздікті, зорлықшыл, қиянатшыл үстем таптардың іс-әрекеттеріне деген наразылық пен жан ашуының уытты күшін көрсететін ән.

Жаяу Мұса мына зорлықты тек әнге қосып қоймай, бұрынғы жинап жүрген деректерімен қоса Омбының генерал-губернаторына Шормановтардың үстінен арыз жазады. Ол әділдік жолын осылай іздеп отырғанымен оның қозғаушы күшінің неде екеніне әлі көзі жетпейді. Бұл әділетсіздіктің түбі сол генерал-губернаторда, арғы жағы патшаның өзінде екенін білмейді. Шормановтар да қарап жатпайды. Олар да Жаяу Мұсаның үстінен приговор жасау үшін материал дайындайды, бір шегін генерал-губернаторға да білдіреді. Жан-жақты адамдар, Жаяу Мұса сияқты арызды почтамен жіберіп отырмайды, Омбыға кісі шаптырады, пара береді, жоғарғы әкімдердің аузын алады. Соның нәтижесінде Мұса Байжановтың арызы аяқсыз қалып, Шормановтар, оның ішінде, әсіресе, Мұстапа басымдығын көрсетіп, «патша үкіметіне қарсы шықты, қазақтар арасында патша санатына наразылық күшейту үшін үгіт жұмысын жүргізіп жүр» деген приговор жасатып, Жаяу Мұсаны бірнеше жылға Тобылға (Тобольск) жер аудартады. Бұл – 1860-1861 жылдар шамасы болады. «Қазан дәптеріндегі», «Мекен-жай оның жүрген Омбы болды, Тобылды тауық жылы барып көрді» деген жолдары осы мезгілге келеді.

Осы айтылғандармен бірге Мұса Байжановтың жер аударылуындағы тағы бір себеп мынадай жағдай болыпты: «Жаяу Мұса бір күні Құдайбергенов деген көңіл жақын адамның ауылында қонақ болып отырып, Александр П-нің портретін көреді. Патша десе төбе шашы тік тұратын Жаяу Мұса сол жерде портретті алып жырттып тастайды. Мұндай сәтті кезенді пайдаланып, бай, болыстың өкілдері болған іс туралы дереу Дала генерал-губернаторына жеткізеді. «Мұса Байжановпасыздық іс жасады, патшаның арын аяғына басты», – дейді. Мұндай хабарды естіген князь жарылып

кете жаздайды. Князь өзінің ел тонаушы жеңдеттеріне Байжановты Баянауылдан Омбыға дейін тез жеткізулерін және қалай болмасын жаяу түрде әкелілерін бұйырады. Патша жеңдеттері жолда әбден сілесі қатып шаршаған Жаяу Мұсаны генерал-губернатордың алдына алып келеді. Омбының облыстық администрациясы Мұса Байжановтың наразылық шағымымен есептеспей құдіретті патшаның қадірін кетіргені үшін Жаяу Мұсаны он жыл қаторғаға жіберуге үкім шығарады» [3].

Сөйтіп, Жаяу Мұса екі жылдай Тобыл түрмесінде жатады. Даланың еркін ұшқан құсы, еріксіздік қапаста қиындыққа ұшырайды. Бірақ, өмірдің не бір тауқыметін жастайынан тартып, шыңдалып қалған адам, мойын қоймайды. Сол қаторғадағы істің мән-жайын түсінетін адамдармен ақылдасып, сөйлесіп бостандыққа шығуға талаптанады. Айдауда жүрген орыстың көзі ашық адамдарының ақылы бойынша «Мені әскер қатарына алсаңыз екен» деп ұлықтарға арыз жазады (біреулер генерал-губернаторға дейді, екіншілер – тура патшаның өзіне дейді, анығы белгісіз) қалай дегенмен Жаяу Мұсаның өтініші қабылданып, ол сапар шегуге шығады. Сол арадағы бір әскер бөліміне қосылып, Жаяу Мұса Польша, Литва елдеріндегі халық көтерілісін басуға қатысады. Осы Тобылда болған жылдарында композитордың «Сүйіндік» әні шығады.

Жаяу Мұса әскерге аланып Тобылдан шыққан жорығында Орынбор арқылы Қазанға келеді. Өзінің «Дәптеріндегі» жазуы бойынша ол Қазанда бір ай болады.

Әрине Жаяу Мұса сияқты адам осы уақыт ішінде Қазан өмірімен танысқан болу керек. Композитордың «Қазан қыздары» әні осы сапарының жемісі болса керек. Әнінде автор татарлардың өнер-білімге ерте жетіп, халқының мәдениетті екенін үлгі етеді. Деректерге қарағанда ән 1880 жылдары туған.

Жаяу Мұсаның көп жылдар бойы елінен тыс жерде жүріс-тұрыстарда болуымен, қолының қысқалығы – кедейлігіне байланысты жайлармен кешігінкіреп барып үйленеді. Сондықтан да Жаяу Мұсаның үйлЕвразийский национальный университеті композитор өміріндегі мәні бар кезең екенін айтпасқа болмайды. 1875 жылдары Жаяу Мұса Ақмола уезіне қарасты, Есіл бойын мекендейтін Құлбай деген байдың немере қызы Сапармен танысады [2].

Азамат ақын, дарынды композитор Жаяу Мұса Байжанов 1929 жылы 31 июнь күні 94 жасында дүниеден қайтты. Сүйегі өзі айтқан Ақшоқы тауының бауырына жерленді. Композиторды

ақырғы сапарға шығарып салғанда оның қабірінің басында тұрып, замандасы Тыныштығұл деген акын мынадай өлеңін Жаяу Мұсаға арнапты.

Сен едің асқар тауы Сүйіндіктің,
 Әніңмен бай, болыстың үйін жықтың,
 Жасыңнан зөбірлінің қамын ойлап,
 Өткіздің көп өмірді қиындықпен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Молдайып С. Ұлы тойдан ұлағат із қалады: [Қасиетті Баян жері өзінің тағы бір талантты ұлының - атақты Жаяу Мұса Байжанұлының 170 жылдығын атап өтті] // Сарыарқа самалы.- 2005. - 22 қыркүйек. - 1, 16 б.

2 Мұзапарұлы Қ. Баянның асқақ шынары (Жаяу Мұса Байжанұлының туғанына 170 жыл толуына орай) // Сарыарқа самалы.- 2005. - 8 қыркүйек. – 16 б.

3 Сагитова А. Жаяу Мұса - певец степей: [композитор, певец, поэт Жаяу Мұса Байжанов - 170 лет] // Звезда Прииртышья.- 2005. - 24 сент. - С. 8.

4 Тоқсанбай Қ. Бүгінмен табысу (Жаяу Мұсаға ескерткіш орнатылды): [жақында Елордада Ж.М.Байжанұлына ескерткіш орнатылды] // Егемен Қазақстан. - 2008. - 31 желтоқсан. – 12 б.

ОБРАБОТКА КАЗАХСКИХ КЮЕВ – КАК ЖАНР ИНСТРУМЕНТАЛЬНОЙ МУЗЫКИ

БЕЙСЕНОВ Д.

студент, Казахская национальная консерватория
имени Курмангазы, г. Алматы

СМАКОВА З. Н.

доцент, Казахская национальная консерватория
имени Курмангазы, г. Алматы

Пророческие слова академика А. Жубанова о том, что «Казахская народная музыка со временем превратится в профессиональное большое искусство» находят свое подтверждение в характеристике уровня развития современной музыкальной культуры Казахстана. Развитие и становление казахстанского инструментального исполнительского искусства началось с творчества выдающегося ученого этнографа, собирателя казахского музыкального фольклора

А. В. Затаевича. Бесценные сокровища казахской народной музыки стали плодотворной почвой для развития национального оперного искусства, симфонической и инструментальной музыки, а также концертного и педагогического репертуара для фортепиано, струнных, и духовых инструментов, баяна, аккордеона. Так транскрипции, обработки, авторские сочинения, основанные на фольклорном материале, заняли достойное место в репертуаре казахстанских музыкантов – инструменталистов.

В середине прошлого столетия академик Ахмет Куанович Жубанов написал пророческие слова: «Казахская народная музыка со временем превратится в профессиональное большое искусство, в ней заложена богатая основа, которая ждет только своего дня возрождения и расцвета во всех жанрах». Эти слова находят свое подтверждение в современном уровне развития музыкальной культуры Казахстана. За сравнительно короткий период в республике происходит становление и развитие таких европейских жанров как опера, балет, симфония, кантата и др.

Характеризуя современное состояние казахстанского народного музыкального искусства, следует подчеркнуть, что наряду с традиционными формами бытования появляются новые, это ансамблевое и оркестровое исполнительство. Основу репертуара сольного и коллективного музицирования современных исполнителей на народных инструментах составляют кюи. Являясь древнейшим видом музыкально-импровизационного инструментального творчества, они аккумулируют в себе вековую мудрость народа, представляют большую историческую, художественную и научную ценность. Они выражают философские и эстетические идеи, отображают исторический быт, мировоззрение и чаяния народа.

Делу собирания и изучения казахского народного творчества многие годы посвятил А. В. Затаевич. В собранных им записях мы находим веками хранившиеся в народной памяти кюи и песни на эпические темы, на сюжеты из древней истории. Так, например, песня «Ескендер» относится к периоду Александра Македонского, кюй «Аксак кулан» – ко времени монгольского ига, кюй «Жетым кыз Кунаим» возник в эпоху национально-освободительных войн казахского народа против джунгарских завоевателей и т.д. Отдельные фрагменты из собранного им бесценного материала были использованы в творчестве таких композиторов, как Н. Я. Мясковский, С. С. Прокофьев, М. М. Ипполитов-Иванов, А. Ф. Гедике, Н. П. Иванов-Радкевич и многих других.

Одной из граней творчества А. В. Затаевича было создание фортепианных произведений на основе музыки казахских народных композиторов, казахских кюев, тем самым, он начал процесс создания национального репертуара. Так появились его сборники фортепианных пьес на казахские народные темы, изданные в 1925-1930 г.г. в пяти сериях. В своих транскрипциях он впервые использовал многоголосную фактуру, порой с элементами полифоничности, отличающуюся сложностью гармонического языка и развитостью музыкальной формы. Он часто использует аккордовую технику, сочетание контрастных регистров инструмента, достигая в своих транскрипциях яркой красочности звучания.

Начинания А. В. Затаевича в области фортепианных транскрипций и обработок кюев продолжили композиторы А. К. Жубанов, Б. Г. Ерзакович. В дальнейшем традиционная казахская музыка находит новое преломление в творчестве Г. Жубановой, Е. Рахмадиева, Н. Мендыга лиева, А. Исаковой, Т. Кажгалиева, Ж. Дастенова, А. Серкебаева, С. Еркимбаева, А. Бестыбаева.

Созданные за последние десятилетия произведения для народных инструментов по структуре, методам развертывания формы, музыкальной фактуре и интонационному развитию, главным образом, опираются на кюи.

Таким образом, в репертуаре инструменталистов заняли достойное место обработки, транскрипции произведений казахской народной музыки.

Наряду с композиторским творчеством, плодотворным результатом в этом направлении явилась работа отдельных талантливых исполнителей-инструменталистов. К жанру переложения кюя обращались И. Коган, создавший ряд концертных транскрипций для скрипки с фортепиано, К. Андарбаев и Д. Баспаев – для виолончели, А. Бектаев для ксилофона и др. Аранжировки кюев для ансамблей и оркестров народных инструментов неизменно пользуются успехом у слушателей. Большой вклад в создание оркестровых переложений кюев внесли А. Жубанов, Л. Хамиди, Н. Тлендиев, Ш. Кажгалиев, А. Мурзабеков, М. Аубакиров, А. Жаимов.

Яркими образцами переинтонирования домбровой музыки являются симфонические кюи Е. Рахмадиева «Дайрабай», Г. Жубановой «Праздничный кюй» и симфония «Жигер». Ряд кюев получил новую жизнь, оригинальное звучание в хоровом исполнении («Кобик шашкан», «Кайран шешем» Курмангазы). Наиболее полнокровно звучат

аранжировки кюев в оркестрах народных инструментов, фольклорных ансамблях. Интересным, на наш взгляд, является использование специфики формы и тематизма кюев в джазовых композициях Г. Метаксы, в джаз-рок сочинениях А. Бестыбаева.

Как известно, переложения и транскрипции в репертуаре инструменталистов (скрипачей, пианистов, органистов и др.) занимали определенное место. Так, в репертуаре казахстанских баянистов, где почти отсутствуют оригинальные сочинения на народной основе, жанр аранжировки приобретает особое значение. Баян и аккордеон, как инструменты из семейства гармоник, получившие распространение во многих странах мира, являются инструментами интернациональными по своей сути. Отсюда, очевидно, насколько актуальной является проблема создания репертуара с использованием образцов национальной музыки. В этом контексте, аранжировки и обработки кюев для баяна успешно выполняют эту важнейшую задачу. Включение их в современный педагогический и концертный репертуар представляется необходимым.

За последние десятилетия создан ряд аранжировок кюев для баяна. Достаточно назвать широкий круг авторов, обращающихся к этому жанру: К. Ошлаков, Ф. Легкунец, В. Басаргин, В. Холопайн, Н. Николаиди, А. Илюхин, Д. Гузинцов, М. Коньсбаев, С. Сейтханов, О. Абдуллаев, Д. Туякбаев, А. Гайсин, З. Смакова, В. Демченко и др. На сегодняшний день издательствами страны выпущены переложения и обработки для баяна лучших образцов казахской музыки.

Отмечая большее количество переложений кюев в учебной и концертной практике, следует сказать об их различном качестве. Многие из рассматриваемых здесь аранжировок наиболее исполняемы, но есть и такие, которые, не являясь бесспорно удачным переосмыслением кюя в целом, повлияли на общее развитие баянной музыки в Казахстане.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Антология казахстанской литературы для баяна. 3 часть. Составители З. Смакова, А. Гайсин, Д. Мергалиев. – А., 2016.
- 2 Аравин П. В. Степные созвездия. – А., 1979.
- 3 Виноградов В. С. Музыка советского Востока. От унисона к полифонии. – М., 1968.

- 4 Гайсин Г.А. Гармоника и ее разновидности в музыкальной культуре Казахстана. Автореферат дис. кандидата искусствоведения. – Л., 1986.
- 5 Гайсин А.М. О переложении произведений казахской народной музыки для баяна. – А., 1985.
- 6 Елеманова С.А., Омарова Г.Н., Раимбергенова С.Ш., Шегебаев П.Ш. Казахская музыкальная литература. – А., 1993.
- 7 Жубанов А.К. Ғасырлар пернесі. – А., 1975.
- 8 Жубанов А.К. Соловьи столетий. – А., 1967.
- 9 Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюев. – А., 1931.
- 10 Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. – А., 1960.
- 11 Сарыбаев Б.Ш. Казахские музыкальные инструменты. – А., 1978.
- 12 Смакова З.Н. Некоторые особенности переложения казахских кюев для баяна. Научно-методическая работа. – А., 1988.
- 13 Смакова З.Н., Туякбаев Д.Х. Пособие по аранжировке казахских кюев для баяна. – А., 1999.
- 14 Туякбаев Д.Х. Методические рекомендации по исполнению казахской народной музыки и произведений композиторов Казахстана на баяне. – А., 1986.

ВЕЛИЧАЙШИЙ АКАДЕМИК, ВЫХОДЕЦ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ К. И. САТПАЕВ

ДЮСЕКЕЕВА С. Т.
студент, Медицинский высший колледж, г. Павлодар
АХМЕДЬЯНОВА А. К.
преподаватель, Медицинский высший колледж, г. Павлодар

Известно, что каждая выдающаяся личность оставляет после себя след в истории. Огромен вклад академика Каныша Имантаевича Сатпаева в отечественную науку. Велики его заслуги перед страной. В деятельности К. И. Сатпаева по руководству наукой в военные годы проявился его талант организатора, интуиция ученого, умение видеть перспективу развития республики, ее народного хозяйства и культуры. Можно только удивляться, как в тяжелейшее военное время, в условиях тотального дефицита производственных помещений, жилья, оборудования, приборов и прочего Каныш Имантаевич Сатпаев стал собирателем научных сил в Казахстане, в сжатые сроки создавал новые научные учреждения, укомплектовывал

их кадрами. Открыл крупнейшие месторождения медной руды: Балхаш, Жезказган, Карсакапай и другие месторождения цветных металлов. Под руководством Сатпаева созданы Бухтарминская гидроэлектростанция, канал Моинты-Шу, Капшагайское озеро.

